

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2023 жылғы 24 ақпандағы № 8-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 ақпанда № 31979 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы нормативтік қаулыға қосымшаға сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 19 қаңтардағы № 3-НҚ нормативтік қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16316 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Жоғары аудиторлық палатаның Заң департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулының Жоғары аудиторлық палатаның интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Жоғары аудиторлық палатаның аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы*

Н. Годунова

Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық
палатасының
2023 жылғы 24 ақпандағы
№ 8-НҚ Нормативтік қаулыға
қосымша

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік қаулыларының тізбесі

1. "Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 207-н/қ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8927 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

осы нормативтік қаулыға қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің
2013 жылғы 12 қарашадағы
№ 207-н/қ нормативтік
қаулысына қосымша".

2. "Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы Үлгілік ережені бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 11-НҚ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12514 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 4-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары туралы Үлгілік ережеде:

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тексеру комиссиясының негізгі міндеттері:

1) жергілікті бюджеттердің атқарылуына, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына жергілікті деңгейде сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджет қаражатының, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуы саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері талаптарының сақталуын бақылау;

3) жергілікті бюджеттердің атқарылуын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау және бағалау.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Тексеру комиссиясының құқықтары:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органынан, мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, ведомстволық ақпараттық жүйелер деректерінің құрамы мен форматтары туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және мемлекеттік аудитті жүзеге асыру, бюджеттің атқарылуы туралы есептерді дайындау үшін қажетті құжаттаманы (ақпаратты) сұратады және алады;

2) барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқама шығарады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және өзге де ақпараттық жүйелерге мемлекеттік аудит жүргізу үшін қажетті қолжетімділікті алады;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қаулыда немесе нұсқамада белгіленген мерзімдерде ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалуы туралы растайтын құжаттары қоса берілген ақпаратын алады;

5) сыртқы мемлекеттік аудит жүргізумен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік аудит объектілері лауазымды адамдарының тиісті ақпаратын тыңдайды;

6) мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша лауазымды адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы оларды тағайындаған адамдарға ұсыныстар енгізеді;

7) лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша, сондай-ақ тиімділік аудитінің нәтижелері бойынша тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына (бұдан әрі – мәслихат) ұсыныстар енгізеді;

8) аумағында өздері жұмыс істейтін облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте құрылған аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне қатысты сараптамалық-талдау қызметін жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғайды;

10) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, олар бойынша хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жазалар қолданады;

11) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) және басқа мемлекеттік органдармен келісу бойынша бірлескен немесе қатар тексерулерді жүргізуге қатысады;

12) мемлекеттік аудитті жүргізу үшін мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын (олардың келісімі бойынша), сондай-ақ қажет болған кезде аудиторлық ұйымдарды, сарапшыларды олар көрсететін қызметтеріне тиісті бюджеттен бөлінген қаражат шегінде ақы төлей отырып тартады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Тексеру комиссиясының міндеттері:

1) аудиторлық есептердің және (немесе) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептердің негізінде аудиторлық қорытындыны бекітеді;

2) Тексеру комиссиясының қаулыларын қабылдайды;

3) аудиторлық іс-шара және сараптамалық-талдау іс-шаралары барысында анықталған (анықталатын) бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

4) мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға береді;

6) ішкі аудит қызметтерінің құжаттарын қоспағанда, басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін, егер оларды Қазақстан Республикасының азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес сот заңсыз деп танымаса, оларды таниды;

7) мемлекеттік аудит нәтижелері танылған жағдайларда басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит материалдарын негізге ала отырып, мемлекеттік аудит көлемін қысқартады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда аудиторлық іс-шаралар мен тексерулерді тіркеуді жүзеге асырады;

9) мемлекеттік аудитті және сараптамалық-талдау іс-шараларын жүргізуді тиімді жоспарлау мақсатында, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын, есептілікті Тексеру комиссиясының ведомстволық ақпараттық жүйелері мен Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорға

орналастырады, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелері бекітілгенге дейін олар туралы ақпарат алмасуды келісілген мерзімдерде жүзеге асырады;

10) тексерулердің қайталануын болғызбау мақсатында мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелерін және оларға өзгерістерді келіседі;

11) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына оларда белгіленген мерзімдерде немесе, егер мерзімі көрсетілмеген болса, оларды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарау және орындау үшін қаулылар мен нұсқамалар жібереді.

12) өздері аудиторлық қорытындыда берген ұсынымдардың және міндетті түрде орындалуға бағытталған нұсқамалардың мониторингін жүйелі негізде жүзеге асырады;

13) жүргізілетін аудиторлық іс-шаралардың қорытындыларын жүйелі түрде талдайды, бюджеттің атқарылуы, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдалану процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептері мен салдарларын жинақтап қорытады және зерделейді, сондай-ақ бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды тиісті уәкілетті органдардың қарауына ұсынады;

14) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үйлестіру кеңесінің шешімдерін орындауды және Жоғары аудиторлық палатаға тиісті ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді;

15) Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салулары бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы ақпарат ұсынады;

16) құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметі туралы ақпаратты орналастырады;

17) өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шаралар қолдануды қамтамасыз етеді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Мәслихат Жоғары аудиторлық палатаның ұсынысы және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісу бойынша Тексеру комиссиясының Төрағасын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Тексеру комиссиясының қызметі Тексеру комиссиясының Төрағасы бекітетін мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларына негізделген Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салуларын, тиісті мәслихаттардың шешімдерін және Тексеру комиссиясы Төрағасының бастамасын қоспағанда, Тексеру комиссиясының

мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.";

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Жоғары аудиторлық палата бекітетін Тексеру комиссиясының мәслихаттарға жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында айқындалған нысан мен құрылымға сәйкес, Тексеру комиссиясы жыл сайын есепті қаржы жылы үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасайды және мәслихаттардың қарауына ұсынады

39. Жоғары аудиторлық палата бекітетін Тексеру комиссиясының Жоғары аудиторлық палатаға ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында айқындалатын нысан мен құрылымға сәйкес, Тексеру комиссиясы тоқсан сайын есепті кезең үшін Жоғары аудиторлық палатаға өз жұмысы туралы ақпарат ұсынып отырады."

3. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 12-НҚ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12493 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі туралы ережеде:

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кеңес Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) Төрағасынан және үш мүшесінен, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның екі өкілінен, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) төрағаларынан, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ішкі аудит қызметінің басшысын қоспағанда, ішкі аудит қызметінің екі басшысынан тұрады.

7. Кеңестің құрамы Жоғары аудиторлық палата Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Кеңесті Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы болып табылатын Төраға басқарады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жоғары аудиторлық палатаның аппараты Кеңестің жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс органы) болып табылады. Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы мен үш мүшесін қоспағанда, Кеңес мүшелерінің әрқайсысы:

өзінің тағайындалуы туралы;

Кеңестің алдына қойылған міндеттерді іске асыру бойынша үйлестіруді жүзеге асыратын жауапты орындаушыны белгілеу немесе ауыстыру туралы шешім қабылданғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде Жұмыс органына тиісті ақпарат ұсынады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Жұмыс органы:

1) Кеңес отырысының күн тәртібін қалыптастырады;

2) Кеңес шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;

3) Кеңес мүшелерінің және оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді;

4) Кеңес мүшелері ұсынған ұсыныстар ескеріле отырып қалыптастырылған, Кеңестің бір жылға арналған жұмыс жоспарының жобасын бекіту үшін Кеңес Төрағасына енгізеді.

Кеңестің жұмыс жоспары жыл сайын жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі және Жоғары аудиторлық палатаның интернет-ресурсына орналастыруға, Кеңес мүшелеріне жіберілуге жатады."

4. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 13-НҚ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12476 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 12-бабы 4-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесінде:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде

қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесі (бұдан әрі – Үлгілік жүйе) " Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 4-тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Үлгілік жүйенің негізгі мақсаттары:

1) мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың тәуекелі жоғары объектілері мен нысаналарын анықтау;

2) стратегиялық мақсаттарға және аудит объектілері қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін тәуекелдер деңгейін төмендетуге жәрдемдесу;

3) тәуекел дәрежесіне байланысты тәуекелді барынша азайту шараларын саралап қолдану болып табылады.

3. Үлгілік жүйені пайдалану кезінде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ден қою шаралары – тәуекелдердің алдын алуға, оларды барынша азайтуға және жоюға бағытталған мемлекеттік аудит органдары қабылдайтын іс-шаралар кешені;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нысаналары (бұдан әрі – мемлекеттік аудит нысаналары) – мемлекеттік органдардың қызметі, соның ішінде мемлекеттік қаржыны басқару, бюджеттік бағдарламалар, саланы/аяны дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары;

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілері) – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджет қаражатын алушылар;

4) тәуекел – Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын сақтамаудың, қаржылық бұзушылықтарға, бюджет қаражатының ұрлануына (ысырап болуына), сондай-ақ бағдарламалық құжаттарда және мемлекеттік органдардың даму жоспарларында көзделген нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізбеуге немесе толық көлемде орындамауға әкеп соғып, мемлекеттік аудит объектісі мен нысанына оқиғаның немесе іс-қимылдың тигізетін жағымсыз әсерінің ықтималдығы;

5) тәуекелдердің жиынтық тізілімі – мемлекеттік аудит объектілері мен нысандарын тәуекелдер дәрежесі бойынша ранжирлеуден тұратын және ден қою шаралары бойынша шешімдер қабылдау процесінде пайдаланылатын құжат;

6) тәуекелдер тізілімі – тәуекелдерді сапалық және (немесе) сандық талдау нәтижелерінен тұратын, сондай-ақ тәуекелдердің өлшемшарттары мен себептерін, олардың туындау ықтималдығын, ықпалын (нұқсан), басымдығы мен ден қою шараларын қамтитын тәуекелдердің құрылымдалған тізбесі;

7) тәуекелдерді басқару жүйесі – есептік және басқа да деректер негізінде тәуекелдер мен олардың факторларын анықтауға, сәйкестендіруге, бағалауға және талдауға, ден қою шараларын әзірлеуге және қабылдауға, қабылданған шаралар

нәтижелерінің тиімділігін мониторингілеуге бағытталған, мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру және мемлекеттік аудит органдарының аудиторлық іс-шаралар өткізу кезіндегі іс-шаралар кешені;

8) тәуекелді бағалау – жағымсыз оқиғаның және салдарлардың тигізетін ықпалының туындау ықтималдығының сапалық және (немесе) сандық тәсілдерінің негізіндегі анықтамаларды қамтиды;

9) тәуекелді бағалаудың сандық әдісі – тәуекелдерді деректерді талдаудың статистикалық және математикалық құралдары мен техникаларына және модельдеуге негіздеп бағалау;

10) тәуекелді бағалаудың сапалық әдісі – тәуекелдерді сараптамалық-талдау әдістеріне негіздеп бағалау;

11) тәуекелді сәйкестендіру – тәуекелдердің туындау себептері мен белгілерін анықтау, олардың өлшемшарттарын айқындау мақсатында, барлық тәуекелді мән-жайларды, ықтимал тәуекелді мән-жайларды және жағдайларды талдау;

12) тәуекелді талдау – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің қандай да бір саласына тәуекелдің ең көп туындауының ықтималдығы мен ықпалын анықтау үшін жүргізілетін іс-қимыл;

13) тәуекелдер мониторингі – мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдердің алдын алу, оларды барынша азайту, жою бойынша іс-қимылдардың тиімділігін кейін талдау және бағалау үшін тәуекел серпінінің дәрежесі бойынша мемлекеттік аудит объектілері мен нысанын есепке алу;

14) өлшемшарт – мемлекеттік аудиттің нысаны мен объектісін тәуекелдің белгілі бір дәрежесіне жатқызу туралы шешім қабылдауға негіз болатын көрсеткіштер тізбесі."

;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Үлгілік жүйені бюджеттің барлық деңгейлерінде жүктелген функциялары мен өкілеттіктеріне сәйкес сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың органдары (бұдан әрі – сыртқы мемлекеттік аудит органдары):

республикалық деңгейде – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы;

жергілікті деңгейде – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) пайдаланады.";

6-1-тармақпен толықтырылсын;

"6-1. Тәуекелдерді басқару процесінің барлық кезеңдері жүргізілгеннен кейін жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше ден қою шараларының тиімділігін айқындау және тәуекелдер дәрежесін өзгерту үшін тәуекелдерге мониторинг жүргізеді."

;"

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тәуекелдерге бағалау жүргізу үшін ақпарат жинау мемлекеттік аудит объектілеріне тиісті сұрау салулар жіберу арқылы және (немесе) мемлекеттік аудит органдары мен объектілерінің ақпараттық жүйелерінің интеграциялық өзара іс-қимылы жолымен ақпаратты мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорға орналастыру үшін осы Үлгілік жүйемен айқындалған өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау үшін қажетті қаржылық, бюджеттік және бухгалтерлік есептіліктің негізінде жүзеге асырылады.

8. Сыртқы мемлекеттік аудит органының ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшесі және (немесе) жауапты адамдары тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру үшін ақпаратты жинау, өңдеу және жинақтау процесін автоматтандыруды жүргізеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше:

1) аудит объектілерінен алынған деректерді мемлекеттік аудит органдарының ақпараттық жүйесіне енгізуді;

2) сапалық және сандық әдістерді қоса алғанда, тәуекелдер тізілімін әзірледі, тәуекелдерді сәйкестендіруді және бағалауды қамтамасыз етеді.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Тәуекелдерді бағалау мемлекеттік аудит объектілерінің алдыңғы кезеңдегі есептік деректері негізінде жылына бір рет жүзеге асырылады.";

25, 26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Мемлекеттік аудит объектілері мен нысандарына тиесілілікті ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар бойынша тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдерді бағалаудың жиынтық мәні айқындалады, ол мемлекеттік аудит объектілері мен нысандары бойынша тәуекелдерді бағалау кезінде қосымша бағалау параметрі болып табылады.

26. Бюджеттік бағдарламаларды топтау:

1) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша;

2) бағдарламалық құжаттар (саланы/аяны дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар) бойынша;

3) мемлекеттік органның даму жоспарында және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарында айқындалған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, сондай-ақ мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктерге сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісі шығыстарының бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

27. Бюджеттік бағдарламалар бойынша тәуекелдерді бағалаудың жиынтық мәні (Rbp) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бағдарламалық құжаттар (саланы/аяны

дамыту тұжырымдамалары, ұлттық жобалар, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары) бойынша тәуекелдерді бағалаудың қосымша мәні ретінде қолданылады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Бюджеттік бағдарламаларды мемлекеттік органның даму жоспарында және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарында айқындалған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, сондай-ақ мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктерге сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісі шығыстарының бағыттары бойынша топтауды жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.";

32. Бюджеттің кіріс бөлігі саласындағы тәуекелдерді бағалау:

1) салықтық түсімдер бойынша:

республикалық деңгейде – республикалық бюджетке түсетін түсімдерді және басқа да төлемдерді алуға жауапты уәкілетті органдар және олардың аумақтық (облыстық) бөлімшелері бойынша;

жергілікті деңгейде – жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді және басқа да төлемдерді алуға жауапты уәкілетті органдар және олардың аумақтық (аудандық) бөлімшелері бойынша;

2) салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша түсімдер сыныптамасына сай жүзеге асырылады.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Мемлекеттік аудит объектілері мен нысандарының жергілікті бюджет бойынша топтар тізбесі:

1) бюджеттік бағдарламаларды;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарын;

3) мемлекеттік органдарды, олардың ведомстволық бағынысты мекемелерін (шығыс бөлік);

4) бюджетке түсетін түсімдердің (бюджетке түсетін салықтық және басқа да міндетті төлемдер) толықтығын және уақтылылығын қамтамасыз ету бойынша қызметті жүзеге асыратын органдарды;

5) түсімдердің сыныптамасына сәйкес бюджетке түсетін түсімдерді (салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер);

6) коммуналдық меншіктегі квазимемлекеттік сектор субъектілерін;

7) өңірлерді (аудандар, облыстық маңызы бар қалалар) қамтиды.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік аудиттің объектілері мен нысандары тәуекелдің үш тобының біріне:

1) тәуекелдің жоғары деңгейіне;

2) тәуекелдің орта деңгейіне;

3) тәуекелдің барынша төмен деңгейіне жатқызылады.";

45, 46 және 47-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Топтағы тәуекелдерді бағалаудың орташа мәнінен ауытқу азаю жағына қарай 20%-дан көп болса, тәуекелдің барынша төмен дәрежесіне жатады.

46. Қорытынды кезең тәуекелге ден қою шараларын қамтиды, ол мынадай санаттарға бөлінеді:

1) алдын алу ден қою шаралары:

мемлекеттік аудит объектілерінен не уәкілетті органнан тәуекелдердің туындау себептері туралы ақпарат алу;

тәуекелдердің алдын алу және барынша азайту – орташа дәрежелі тәуекелдері бар мемлекеттік аудит объектілері бойынша аудиторлық іс-шара жүргізбей, мемлекеттік аудит объектісіне жоғары дәрежедегі ықтимал тәуекелдерге әкелетін жағдайлардың туындауы туралы ескертулер (хабарламалар) және оларға жол бермеу бойынша ұсынымдар (ұсыныстар) беруден тұратын іс-шаралар кешені;

жоғары дәрежедегі ықтимал тәуекелдерге әкелетін жағдайлар сақталған жағдайда:

жоғары тұрған әкімшіні және басқа да құзыретті органдарды хабардар ету бойынша шаралар қабылдау;

мемлекеттік аудит объектісі, нысаны бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу туралы мәселені қарау.

2) директивалық ден қою шаралары – мемлекеттік аудит органының аудиторлық іс-шараны жүргізуге шешімі болғанда жоғары және орта дәрежедегі тәуекелдері бар мемлекеттік аудит объектілері және нысандары бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу, сондай-ақ Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21070 болып тіркелген) Сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген жағдайларда тәуекел дәрежесі төмен мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне енгізу.

3) тәуекелдердің жол берілетін дәрежесі – тәуекелдер дәрежесі төмен мемлекеттік аудит объектілері мен нысандары бойынша ден қою шаралары тәуекелдерді мониторингтеумен шектеледі.

Тәуекел өлшемшарттарының өзектілігін айқындау мақсатында жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарға жылына кемінде 1 рет мониторинг жүргізеді.

47. Өлшемшарттар бойынша көрсеткіштерді толық көрсете отырып, мемлекеттік аудит объектілері мен нысандары бөлінісінде тәуекелдерді бағалауды есептеу нәтижелері мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінің жобасын қалыптастыру кезінде қаралуға және есепке алынуға тиіс және жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 25 қыркүйегінен кешіктірілмейтін мерзімде қалыптастырылады.

Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қалыптастыру Заңның 18-бабына сәйкес және Қағидаларда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.";

48-тармақ алынып тасталсын;

3, 4, 6, 9, 11, 14, 18 және 19-қосымшалар осы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің нормативтік қаулыларының тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. "Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 14-НҚ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12499 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын әзірлеу мен бекіту қағидаларында:

6, 7, 8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жоғары аудиторлық палата рәсімдік стандарттарды әзірлеместен бұрын олардың тізбесін, оларды әзірлеу мерзімдерін, жауапты орындаушыларды қалыптастырады. Қажет болған жағдайда, рәсімдік стандарттың тағайындалуына қарай, Жоғары аудиторлық палата оны әзірлеу үшін сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының, мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық аудиторлық және халықаралық ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдерінен тұратын жұмыс тобын құрады.

7. Рәсімдік стандарттардың тізбесін қалыптастыру немесе оған кезекті жоспарланған кезеңге арналған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер;

2) рәсімдік стандарттарды өзекті етудің қажеттілігіне байланысты, оларды іс жүзінде іске асыру кезінде туындайтын мәселелер;

3) халықаралық стандарттарға өзгерістер;

4) Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері мен құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиясы) ұсыныстары ескеріледі.

8. Рәсімдік стандарттардың тізбесі бойынша ұсыныстар жоспарланған кезеңнің алдындағы жылдың 15 қазанынан кешіктірілмей, Жоғары аудиторлық палатаның әдіснамалық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшесіне ұсынылады.

9. Рәсімдік стандарттардың тізбесі Жоғары аудиторлық палатаның Ғылыми-әдіснамалық кеңесінің отырысында қаралуға және мақұлдануға жатады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Регламенттейтін параметрлер рәсімдік стандартты бекітетін Жоғары аудиторлық палатаның нормативтік құқықтық актісінің деректемелерінен, Сыныптамаға сәйкес кодтан және рәсімдік стандарттың атауынан тұрады.

"Жалпы ережелер" деген бөлімде рәсімдік стандарттың мақсаттары мен міндеттері, тағайындалуы, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Стандарттардың, халықаралық стандарттардың, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізуді регламенттейтін құжаттардың тиісті ережелеріне, негізгі терминдерге (ұғымдарға) және оларға анықтамаларға сілтемелер ашып көрсетіледі.

"Тақырыптық және басқа да бөлімдер" деген бөлімде мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың қағидаттары, тәсілдері, әдістері, рәсімдері, тетіктері және олардың нәтижелерін рәсімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметінің бағыттары ашып көрсетіледі.

Әрбір рәсімдік стандарт үшін тақырыптық бөлімдердің атаулары олардың ерекшеліктері ескеріле отырып айқындалады.

"Қосымшалар" деген бөлімде рәсімдік стандартта сілтемесі бар нысандар мен құжаттар (акпарат, кестелер, есептеулер, диаграммалар, материалдар) қамтылады."

6. "Мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 20-НҚ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12492 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдардың тізілімін жүргізу қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдардың тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдардың тізілімі (бұдан әрі – Тізілім) Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғары

аудиторлық палата) ақпараттық жүйесінде олардың есепке алынуын ұйымдастыру мақсатында жасалады.";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тізілімді жүргізуді Жоғары аудиторлық палата қағаз және электрондық жеткізгіштерде жүзеге асырады.

5. Жоғары аудиторлық палата:

1) Тізілімге мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдардың енгізілуін жүзеге асырады;

2) Жоғары аудиторлық палатаның интернет-ресурсында мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдардың тізімін жариялайды;

3) мемлекеттік аудитор сертификаты бар адамдар туралы мәліметтерге тиісті ақпарат келіп түскен күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізеді."

7. "Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

1-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) осы нормативтік қаулыға 9-қосымшаға сәйкес 1000. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты;"

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Тиімділік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Тиімділік аудитінің өлшемшарттарын тиісінше қолдануды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік аудиторлар осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараның жобалық матрицасын құрайды. Аудиторлық іс-шараның жобалық матрицасы міндетті жұмыс файлы болып табылады, ол алдын ала зерделеу кезеңінде қалыптастырылады.";

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Аудиторлық қорытындыда көзделген тиімділік аудитінің қорытындылары:

1) сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының немесе Тексеру комиссиясының аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдардың және міндетті түрде орындау үшін жолданған нұсқамалардың орындалуын бақылауға жауапты мүшесімен бірлесіп, Қағидаларда көзделген іс-шараларды тұрақты және жүйелі негізде жүзеге асыруы;

2) басқа аудиторлық іс-шараның тиімділік аудитінің бағдарламасына мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдарды орындауын тексеру жөніндегі аудиторлық және талдамалық рәсімдерді енгізу;

3) мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдарды тиісінше орындауын растау мақсатында аудиторлық дәлелдемелерді жинау жөніндегі аудиторлық іс-шараны жүргізу арқылы іске асырылады.";

5-қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудитті және сараптамалық-талдау іс-шараларын жүргізуге аудиторлық ұйымдар мен сарапшыларды тарту бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

9, 10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сарапшыларды сыртқы мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуге тартудың қажеттілігі:

1) Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) аудиторлық іс-шара жүргізуге арналған өтінім жасауы;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру;

3) мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу;

4) сараптамалық-талдау іс-шарасына сарапшыларды тарту үшін Жоғары аудиторлық палатаның тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастыру;

5) аудиторлық іс-шараны жүргізу барысы кезінде айқындалады.

10. Тиісті шарттар жасай отырып, сарапшылардың көрсетілетін қызметтерін сатып алу рәсімдерді жүргізу мерзімдері мен осы мақсаттарға бөлінген бюджет қаражаты ескеріле отырып, азаматтық заңнаманың және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Жоғары аудиторлық палатаның хаты негізінде сарапшылар ретінде өтеусіз негізде олардың келісуі бойынша мемлекеттік органдардың мамандары, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаның ведомстволық бағынысты ұйымының қызметкерлері, соның ішінде әдіснамалық құжаттардың жобаларын пилоттық режимде тестілеу үшін тартылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының хаты негізінде сарапшылар ретінде өтеусіз негізде олардың келісуі бойынша мемлекеттік органдардың мамандары тартылады.

11. Сарапшылар мемлекеттік аудит немесе сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуге:

1) сарапшыларды Аудит бағдарламасына сәйкес оларға тапсырма беру үшін жоспарланатын нақты мәселелер қойыла отырып, мемлекеттік аудит тобының немесе сараптамалық-талдау іс-шарасының құрамына қосу;

2) сараптамалық-талдау іс-шарасын өткізу кезінде оның бағдарламасына жекелеген мәселелерді қосу жолымен тартылады.

Сарапшылар мемлекеттік аудит немесе сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуге қашықтықтан қатыса алады.

12. Сарапшылар:

1) мемлекеттік аудит немесе сараптамалық-талдау іс-шарасы тобының құрамында мемлекеттік аудит немесе сараптамалық-талдау іс-шарасы тобының жетекшісіне күн сайын ауызша есеп береді, апта сайын соңғы жұмыс күні қорғалған байланыс арналары арқылы немесе хабарламалы тапсырыс хатпен осы Стандартқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша және (немесе) өзге де келісілген нысан бойынша есепті күнге толтырылып (жасалып), Мемлекеттік аудит немесе сараптамалық талдау іс-шарасының бағдарламасын (тапсырманы) сарапшылардың орындау барысы туралы өздері қол қойған апта сайынғы есепті (бұдан әрі – апта сайынғы есеп) мемлекеттік аудит немесе сараптамалық-талдау іс-шарасы тобының жетекшісіне, мемлекеттік аудитті немесе сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысына және Жоғары аудиторлық палатаның (тексеру комиссиясының) мемлекеттік аудитті немесе сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуге жауапты мүшесіне жібереді;

2) берілген жеке тапсырма бойынша мемлекеттік аудит немесе сараптамалық-талдау іс-шарасы тобының жетекшісіне, мемлекеттік аудитті немесе сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысына және Жоғары аудиторлық палатаның (тексеру комиссиясының) мемлекеттік аудитті немесе сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуге жауапты мүшесіне күн сайын ауызша есеп береді және апта сайын соңғы жұмыс күні қорғалған байланыс арналары арқылы немесе хабарламалы тапсырыс хатпен есепті күнге толтырылып (жасалып), өздері қол қойған апталық есепті жібереді.";

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Қорытындының нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау немесе сараптамалық талдау іс-шарасы объектісінің басшылығы Қорытындыға жазбаша қарсылықтарын қол қойылған Қорытынды мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау немесе сараптамалық талдау іс-шарасы объектісіне

тапсырылған күннен бастап, он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Жоғары аудиторлық палатаға (тексеру комиссиясына) ұсынады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісі ұсынған жазбаша қарсылықтарды Қорытынды тапсырылғаннан кейін сарапшылар дереу Қорытындыға қосады.

22. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау немесе сараптамалық талдау іс-шарасы объектілерінен Қорытындыға қарсылықтар осы Стандарттың 21-тармағында көзделген мерзімде түскен жағдайда, сарапшылар қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, қарсылықтар түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәждеделген жауап дайындайды.

Қорытындыға көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен қарсылықтарға жауап жіберілмейді. Сарапшылар қарсылықтың әр тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, Жоғары аудиторлық палатаның (тексеру комиссиясының) осы аудиторлық іс-шараға жетекшілік ететін мүшесіне уәждеделген жауап дайындайды.";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) мемлекеттік аудит нәтижелерін мемлекеттік аудит стандарттарына сәйкес деп тану рәсімін мынадай жағдайларда:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бақылау шеңберінде жоспарлы тәртіппен;

2) аудиторлық іс-шара шеңберінде:

аудиттің мақсаты, кезеңі, типі және аудиттің бағдарламалық мәселелері Жоғары аудиторлық палатаның аудиторлық іс-шарасымен сәйкес келген жағдайда, Заңға сәйкес қалыптастырылған Жоғары аудиторлық палатаның Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне сәйкес мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу кезінде;

басқа мемлекеттік аудит органының аудиттің мақсаты, кезеңі, типі және аудиторлық іс-шарамен қамтылған бағдарламалық мәселелері бойынша Жоғары аудиторлық палатаның аудиторлық іс-шарасымен сәйкес келетін мемлекеттік аудит жүргізу фактісі анықталған мемлекеттік аудит объектілерінде тиімділік, сәйкестік мемлекеттік аудит жүргізу барысында;

ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган жүргізген республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілігі аудиттерінің

нәтижелеріне қатысты республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу барысында (бұдан әрі - қаржылық есептіліктің мемлекеттік аудиті) жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бақылау шеңберінде мемлекеттік аудит нәтижелерін жоспарлы тәртіппен тануды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларында, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінде Жоғары аудиторлық палатаның сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сапа бақылауын жүзеге асыруы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сапа бақылауын:

1) аудиторлық іс-шараның дайындық кезеңінде - сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше;

2) аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде - мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелер;

3) аудиторлық іс-шараның қорытынды кезеңінде - сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

Сапа бақылауын осы мемлекеттік аудитке және қаржылық бақылауға қатыспаған мемлекеттік аудиторлар жүзеге асырады.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Сапа бақылауын, мемлекеттік аудитті жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскерлері ұсынылған материалдар бойынша мемлекеттік аудит нәтижелерін талдайды және оларға сараптама жүргізеді.

15. Сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сапа бақылауын жүзеге асырады:

1) мемлекеттік аудит объектілерін, Аудит бағдарламасының жобасын алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат;

2) Аудиторлық қорытындының, Қаулы мен Нұсқамалардың, Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелік кемшіліктердің жиынтық кестесінің, Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізілімінің (бұдан әрі – Жиынтық тізілім) жобаларын;

3) мемлекеттік аудит объектілерінің және басқа да мүдделі тұлғалардың сыртқы мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша Аудиторлық қорытындыда және Нұсқамаларда берілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпараты.";

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше:

1) растайтын құжаттары бар Аудиторлық есептердің жобаларына (Аудиторлық есептерге);

2) тартылған сарапшылардың қорытындыларына (материалдарына) сапа бақылауын жүзеге асырады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше МАҚБ қағидаларына, сондай-ақ осы Стандартты қолдану жөніндегі әдіснамалық басшылыққа сәйкес Аудиторлық есептердің (Аудиторлық есептердің), оларға қоса берілген Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тізілімдерінің (бұдан әрі – Тізілім), Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктер кестелерінің (болған жағдайда) (бұдан әрі – Жүйелі кемшіліктер кестесі) жобаларына, Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Жиынтық кестенің, Қаулы мен Нұсқамалардың жобаларына заң сараптамасын жүзеге асырады.";

22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Мемлекеттік аудиторлар қол қойған аудиторлық есептің жобасын, Жүйелі кемшіліктер кестесінің, Тізілімнің жобалары және басқа да қосымшалары (болған жағдайда) мемлекеттік аудит тобы жетекшісі (мемлекеттік аудитор) аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны аяқтағаннан кейін МАҚБ қағидаларында көзделген тәсілдермен сыртқы МАҚБ органына жіберіледі.

Аудиторлық есептердің жобалары (аудиторлық есептер), Тізілімдер және оларға қоса берілген Жүйелік кемшіліктер кестелері бойынша сапа бақылауы рәсімі және заң сараптамасы жүргізіледі.

Заң сараптамасы аудиторлық есептердің жобалары (аудиторлық есептер) және оларға қоса берілген Тізілімдер бойынша МАҚБ қағидаларында айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

23. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сыртқы МАҚБ органының кеңсесінде тіркелген күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде растайтын құжаттары бар Аудиторлық есептің (Аудиторлық есептің) жобасына сапа бақылауы рәсімін жүргізеді.

24. Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше сапа бақылауы бекітілген өлшемшарттары бөлінісінде ережелері бұзылған құжаттарға және нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тармақтарына сілтеме жасай отырып, нақты фактілерді көрсете отырып, бұзушылықтар мен сәйкессіздіктердің анықталған фактілерін көрсетеді.

Аудиторлық есептер бойынша сапа бақылауының нәтижелері мемлекеттік аудиторлар қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу кезінде ескеріледі.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Аудиторлық есептердің және оларға қоса берілген құжаттардың (соның ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың басқа органдарымен бірлескен

тексерулер бойынша аудиторлық есептердің) жобаларына (аудиторлық есептер) сапа бақылауын жүргізу нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды (мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың әрбір органының аудитке ұшыраған мәселелер шеңберінде жеке-жеке бірлескен тексерулер бойынша) қалыптастырылады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылған аудиторлық ұйымдар мен сарапшылар қорытындыларының (материалдарының) сапасын бақылау аудиторлық есептер жобаларының (аудиторлық есептер) сапасын бақылау шеңберінде жүзеге асырылады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Жиынтық кестенің, Қаулының және Нұсқаманың жобалары бойынша заң сараптамасы кейіннен заң сараптамасының қорытындысын сыртқы МАҚБ органының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне сапа бақылауын жүргізуге және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жібере отырып үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше құқықтық сараптама шеңберінде бұзушылықтарды саралау кезінде заңнаманы қолданудың дұрыстығына, соның ішінде біліктілік түрлері бойынша және бұзушылықтарды жиынтық тізілімге енгізудің толықтығына баға береді.

Заң қорытындысында Аудиторлық қорытындының ұсынымдары мен тапсырмалары мазмұнының заңнама талаптарына сәйкестігі туралы, соның ішінде нұсқаманың атаулылығы бойынша мәселелер көрсетіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға беру үшін Аудиторлық қорытындыдағы Жиынтық тізілімде жазылған бұзушылық фактілері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің болуы немесе болмауы туралы қорытынды ұсынылады.";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Парламентіне Жоғары аудиторлық палатаның жұмысы, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмысының көрсеткіштері туралы жедел ақпаратты (бұдан әрі – ақпарат) қалыптастыруына және ұсынуына, сондай-ақ облыстардың, республикалық

маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мәслихатына және әкіміне ұсынылатын ақпаратты қалыптастыруына және ұсынуына қойылатын рәсімдік талаптарды қамтиды.

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ақпаратты дайындау үшін мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Қаржы министрлігі), сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар ұсынатын бюджеттік мониторингтеу нәтижелері бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы тоқсан сайынғы талдамалық есептер;

2) Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерінің деректері;

3) Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

4) Жоғары аудиторлық палатаға тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарына сәйкес тексеру комиссиялары ұсынатын мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

5) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңның 46-бабының 3-тармағына сәйкес Жоғары аудиторлық палата және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган бірлесіп бекіткен Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидаларына және осы Рәсімдік стандарттарға сәйкес, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің, орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының ішкі аудит қызметтерінің жұмыс көрсеткіштері туралы ұсынылатын ақпарат;

6) Жоғары аудиторлық палатаның интеграцияланған ақпараттық жүйесі;

7) тиісті мемлекеттік органдардың, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің электрондық нысандағы, соның ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқор арқылы жедел есептілігі мен ақпараты дереккөздер болып табылады.

5. Жоғары аудиторлық палата аппаратының құрылымдық бөлімшелері есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей талдауға және есептілікке жауапты құрылымдық бөлімшеге (бұдан әрі – Департамент) жұмыстың негізгі қорытындылары және қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпарат ұсынады. Ұсынылатын ақпарат: сандық және сапалық көрсеткіштерді, жетекшілік ететін салалар бойынша проблемалық мәселелерді, Жоғары аудиторлық палатаның қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, алдағы міндеттерді, сондай-ақ өзге де ұсыныстарды қамтиды.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің немесе Жоғары аудиторлық палата Төрағасының тапсырмасы (сұрау салуы) бойынша Департамент ақпарат ұсынудың өзге де мерзімдерін белгілейді.

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Департамент құрылымдық бөлімшелерден және тексеру комиссияларынан алынған ақпарат негізінде есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 2-күнінен кешіктірмей ақпарат жобасын қалыптастырады және келісу үшін Жоғары аудиторлық палатаның құрылымдық бөлімшелеріне, аппарат басшысына, мүшелеріне жібереді.";

9, 10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Департамент ақпарат ұсыну мерзіміне дейін бес жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің атына ілеспе хаттың (бұдан әрі – ілеспе хат) жобасын және ақпараттың жобасын Жоғары аудиторлық палата Төрағасының қарауына енгізеді.

10. Департамент ақпарат ұсыну мерзіміне дейін 2 жұмыс күні бұрын ілеспе хатты және ақпаратты Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына қол қоюға ұсынады.

11. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы қол қойған ілеспе хатты және ақпаратты Ақпарат ұсыну кестелерінде бекітілген мерзімдерде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізеді.

12. Ақпарат тоқсан сайынғы негізде ұсынылады және Жоғары аудиторлық палатаның жұмысын сипаттайтын деректерді, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігінің көрсеткіштерін көрсете отырып, тексеру комиссияларының есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері туралы жинақталған қорытындыларды қамтиды және мынадай бөлімдерден тұрады:

I. Кіріспе;

II. Есепті кезеңдегі республикалық бюджеттің атқарылуын талдау;

III. Есепті кезеңдегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері:

1) Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

2) тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары.

IV. Сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпарат.

V. Қорытынды:

1) тұжырымдар;

2) ұсынымдар.

Қажет болған жағдайда, тоқсан сайынғы ақпаратқа қосымша мәліметтерді енгізуге жол беріледі.";

16, 17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. "Есепті кезеңдегі сыртқы мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері" деген бөлімде мыналар көрсетіледі:

1) Жоғары аудиторлық палата бойынша:

осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда Жоғары аудиторлық палатаның есепті кезеңдегі қызметінің түйінді көрсеткіштері;

мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары, соның ішінде:

есепті кезеңде жүргізілген мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны, тексерілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің саны;

мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі;

республикалық бюджет қаражатының жұмсалуды және республикалық бюджетке түсетін түсімдер кезіндегі бұзушылықтар сомасы;

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары (қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері, тиімсіз жоспарлау);

әрбір іс-шара бөлінісінде есепті кезеңдегі мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі қорытындылары;

орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың (болған жағдайда) іске асырылуын, соның ішінде орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық мақсаттарға, міндеттерге, индикаторларға және көрсеткіштерге қол жеткізу тиімділігін, сондай-ақ бағдарламалық және стратегиялық құжаттарды іске асыру кезінде рәсімдердің сақталуын бағалау нәтижелері;

мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданған шаралар, соның ішінде:

есепті кезеңде қалпына келтіруге жататын және қалпына келтірілген сомалар;

сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша құқық қорғау органдарына жіберілген мемлекеттік аудит материалдарының саны, жауаптылыққа (әкімшілік, тәртіптік, қылмыстық) тартылған лауазымды адамдардың саны туралы ақпаратты көрсете отырып, мемлекеттік аудиттің нәтижелері;

Жоғары аудиторлық палата ұсынымдарының және нұсқамаларының (тапсырмаларының) орындалуы;

2) тексеру комиссиялары бойынша:

тексеру комиссияларының есепті кезеңдегі және алдыңғы жылдың ұқсас кезеңіндегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары мыналар:

мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі;

жүргізілген мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары;

қамтылған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің саны;

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары (қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері, тиімсіз жоспарлау);

есепті кезеңде қалпына келтіруге (өтеуге) жататын және қалпына келтірілген (өтелген) сомалар;

сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша құқық қорғау органдарына жіберілген мемлекеттік аудит материалдарының саны, жауаптылыққа (әкімшілік, тәртіптік, қылмыстық) тартылған лауазымды адамдардың саны туралы ақпаратты көрсете отырып, мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша қабылданған шаралар;

мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдар мен нұсқамалардың (тапсырмалардың) орындалуы;

бір мемлекеттік аудиторға шаққанда тексеру комиссиялары қызметі тиімділігінің көрсеткіштері көрсетіле отырып, осы Стандартқа 6-10-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік аудитпен қамтылған объектілер саны және қаражат көлемі, тексеру комиссиялары анықтаған бұзушылықтар көлемі, аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша қалпына келтірілген және қалпына келтіруге жататын сомалардың көлемі, аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша ұсынымдар (ұсыныстар) мен тапсырмалардың орындалуы туралы ақпаратты қамтиды.

17. Жылдың қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палата өзінің жұмысы туралы ақпаратпен қатар, Президентке мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмысының көрсеткіштері туралы ақпарат ұсынады.

Мемлекеттік аудит органдары жұмысының көрсеткіштері туралы жыл сайынғы ақпарат тексеру комиссияларының мәліметтерінен және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның есебінен, соның ішінде ішкі аудит қызметтерінің жұмысы туралы есептен тұрады.

18. "Сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпарат" деген бөлімде:

әдіснамалық және құқықтық қызметтің (мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласында әзірленген әдіснамалық құжаттар және нормативтік құқықтық актілер бойынша);

халықаралық ынтымақтастық саласындағы қызметтің;

Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының;

Жоғары аудиторлық палатаның, басқа да мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың қорытындылары туралы ақпарат көрсетіледі.

19. "Қорытынды" деген бөлімде есепті кезеңде сыртқы мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелеріне негізделген және республикалық бюджетті атқарудың, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асырудың тиімділігін арттыруға, қаржы тәртібін нығайтуға бағытталған Жоғары аудиторлық палатаның тұжырымдары мен ұсынымдары көрсетіледі.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Ақпаратта тек нәтижелері бойынша Жоғары аудиторлық палатаның қаулылары қабылданған, аяқталған мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы ақпарат ғана көрсетіледі.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Жоғары аудиторлық палата Төрағасының шешімі бойынша ақпараттың құрылымына және мазмұнына өзгерістер енгізілуі мүмкін.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қазақстан Республикасының Парламентіне Жоғары аудиторлық палатаның жұмысы туралы ақпаратты дайындау және ұсыну 1-параграф. Ақпаратты қалыптастыру тәртібі және ұсыну мерзімдері";

28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Жоғары аудиторлық палата мемлекеттік аудитінің және сараптамалық-талдау қызметінің қорытындылары ақпаратты қалыптастыру үшін дереккөздер болып табылады.

29. Департамент Жоғары аудиторлық палата мемлекеттік аудитінің және сараптамалық-талдау қызметі қорытындыларының негізінде есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Парламентіне (бұдан әрі – Парламент) ақпараттың жобасын қалыптастырады және келісу үшін Жоғары аудиторлық палатаның құрылымдық бөлімшелеріне, аппарат басшысына, мүшелеріне жібереді.";

31, 32, 33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Департамент есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 20-күніне дейінгі мерзімде ілеспе хатпен бірге ақпараттың жобасын Жоғары аудиторлық палата Төрағасының қарауына енгізеді.

32. Департамент ілеспе хатты және ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 24-күнінен кешіктірмей Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына қол қоюға ұсынады.

33. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы қол қойған ілеспе хат пен ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірмей Парламент Мәжілісіне және Сенатына енгізеді.

34. Парламентке ақпарат тоқсан сайынғы негізде ұсынылады және нәтижелілік пен тиімділік көрсеткіштері көрсетіле отырып, Жоғары аудиторлық палатаның есепті кезеңдегі жұмысын сипаттайтын деректерді қамтиды және мынадай бөлімдерден тұрады:

I. Кіріспе;

II. Есепті кезеңдегі республикалық бюджеттің атқарылуын талдау;

III. Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері;

IV. Қорытынды.";

35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35. "Кіріспе" деген бөлімде ақпарат ұсынудың негізі мен мақсаты, Жоғары аудиторлық палатаның есепті кезеңдегі қызметінің негізгі бағыттары бойынша қысқаша мазмұны көрсетіледі.

36. "Жоғары аудиторлық палатаның есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит, сараптамалық-талдау іс-шараларының және қызметінің негізгі нәтижелері" деген бөлімде:

1) осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес, алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Жоғары аудиторлық палатаның есепті кезеңдегі қызметінің түйінді көрсеткіштері бойынша;

2) мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындылары бойынша, соның ішінде:

есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны, тексерілген мемлекеттік аудит объектілерінің саны;

мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі;

республикалық бюджет қаражатының жұмсалуды кезіндегі және республикалық бюджетке түсетін түсімдердің атқарылуы кезіндегі бұзушылықтар сомасы;

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары (қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор

субъектілері актілерінің бұзушылықтары, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері, тиімсіз жоспарлау);

мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының бөлінісінде есепті кезеңдегі мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі қорытындылары;

сыртқы мемлекеттік аудит органдарының қызметін жетілдіру бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат;

Жоғары аудиторлық палата ұсынымдарының және нұсқамаларының орындалуы туралы ақпарат көрсетіледі.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. "Қорытынды" деген бөлімде есепті кезеңде мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелеріне негізделген, республикалық бюджетті атқарудың, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асырудың тиімділігін арттыруға, қаржы тәртібін нығайтуға бағытталған Жоғары аудиторлық палатаның тұжырымдары мен ұсынымдары көрсетіледі."

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Ақпаратта тек нәтижелері бойынша Жоғары аудиторлық палатаның қаулылары қабылданған, аяқталған мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы мәлімет ғана көрсетіледі.";

5-қосымша осы тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын кейіннен бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

1, 2, 3, 4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Республикалық бюджеттің атқарылуын кейіннен бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасының Парламентіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) жыл сайынғы есебіне (Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті есебіне қорытынды) (бұдан әрі – жылдық есеп) қойылатын бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз етудің рәсімдік талаптарын қамтиды.

2. Осы Стандарттың күші Жоғары аудиторлық палатаның құрылымдық бөлімшелеріне және мүшелеріне қолданылады.

3. Стандарттың негізгі қағидаттарына мыналар жатады:

1) сенімділік – Қазақстан Республикасының Парламентіне (бұдан әрі – Парламент) Жоғары аудиторлық палатаның ұсынатын жылдық есебінің анықтығы және онда кателердің болмауы;

2) толықтық және ашықтық – жүргізілген мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының көрсетілуі, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін баяндаудың анықтығы;

3) уақтылық – анық ақпаратты жедел жинау, есеп пен ақпаратты белгіленген мерзімдерде дайындау және ұсыну;

4) салыстырмалылық – түрлі кезеңдегі есептік ақпаратты салыстыру мүмкіндігі;

5) жариялылық – құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның қамтамасыз етілуін ескере отырып, Парламентке жылдық есептің міндетті түрде жариялануы.

4. Жылдық есепті қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 125-бабының 2-тармағына, 127-бабының 1 және 4-тармақтарына сәйкес есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – Үкімет) жылдық есебі және Үкімет пен бюджетті атқару жөніндегі орталық мемлекеттік орган Жоғары аудиторлық палатаға ұсынатын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы тоқсан сайынғы есептері, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері, Жоғары аудиторлық палатаның интеграцияланған ақпараттық жүйесі, Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерінің деректері, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептері, Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салуы бойынша ұсынылған жергілікті атқарушы органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпараты, әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы статистикалық деректер, елдің есепті кезеңдегі ақша-кредит саясатының, төлем балансының және сыртқы борышының көрсеткіштері және құқық қорғау органдарының деректері негіз болып табылады.

5. Жылдық есепті дайындау бойынша жұмыстарды үйлестіру Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы бекіткен Жоғары аудиторлық палата мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөлуге сәйкес Жоғары аудиторлық палатаның мүшесіне жүктеледі.

6. Жылдық есепті қалыптастыруды талдау және есептілікке жауапты құрылымдық бөлімше (бұдан әрі – Департамент) жүзеге асырады.

Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері мен құрылымдық бөлімшелер жетекшілік ететін бағыттары бойынша жылдық есептің бөлімдерін (бөлімшелерін) әзірлеуге қатысады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Департамент есепті кезең ішінде мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының аяқталуына қарай республикалық бюджеттің атқарылуына және мемлекет активтерінің пайдаланылуына бағалау жүргізу үшін Жоғары аудиторлық палатаның, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар

қалалардың және астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері бойынша талдамалық ақпарат қалыптастырады.

Жоғары аудиторлық палатаның, қажет болған жағдайда, тексеру комиссияларынан және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органнан мемлекеттік аудиттің тиісті материалдарын сұратады.";

11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Департамент Жоғары аудиторлық палатаның мүшелеріне және жылдық есепті қалыптастыруға қатысатын құрылымдық бөлімшелерге есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкіметтің есебін:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуірінде ұсынған;

Үкіметтің есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 сәуірінде ұсынған есебін жібереді.

12. Департамент Жоғары аудиторлық палатаның мүшелерімен және жылдық есепті қалыптастыруға қатысатын құрылымдық бөлімшелермен бірге есепті кезеңнен кейінгі жылдың 25 сәуіріне дейін жылдық есептің жобасын қалыптастырады және оны Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына қарауға және бір мезгілде мемлекеттік тілді дамытуға жауапты құрылымдық бөлімшеге жібереді.

13. Жылдық есепті дайындауға және ұсынуға жауапты Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі Департаментпен бірлесіп, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 5 мамырынан кешіктірмей, жылдық есептің және оны мақұлдау туралы Жоғары аудиторлық палата қаулысының жобаларын Жоғары аудиторлық палатаның отырысына енгізеді.

14. Департамент есепті кезеңнен кейінгі жылдың 14 мамырынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Парламентіне ілеспе хат дайындайды және оны Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына қол қоюға ұсынады.

15. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше есепті жылдан кейінгі жылдың 15 мамырынан кешіктірмей, Жоғары аудиторлық палатаның қаулысымен бекітілген жылдық есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне, сондай-ақ ақпарат үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Үкіметке жібереді.

16. Құпия режимде жүргізілген мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралары туралы ақпаратты жауапты орындаушылар қалыптастырады және Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмысын ұйымдастыруға жауапты Жоғары аудиторлық палатаның құрылымдық бөлімшесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жібереді.

17. Жылдық есеп Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында бекітілгеннен кейін Департамент жұртшылықпен байланысты қамтамасыз

етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісім бойынша он жұмыс күні ішінде жылдық есептің негізгі ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялау және Жоғары аудиторлық палатаның интернет-ресурсына орналастыру үшін жібереді.

18. Қазақстан Республикасының Парламентіне жылдық есеп өзінің мазмұны бойынша Үкіметтің есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне қорытынды болып табылады және осы Стандартқа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің есепті кезеңдегі республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне қорытынды болып табылатын Жоғары аудиторлық палата есебінің үлгілік құрылымы бойынша әзірленеді.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Жылдық есепке қосымшаларға, қажет болған жағдайда Жоғары аудиторлық палатаның, тексеру комиссияларының және ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органның қызметінің негізгі қорытындылары енгізіледі.";

30, 31, 32, 33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Жылдық есепті Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде және Сенатында таныстыруды Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы жүзеге асырады.

31. Жылдық есепті дайындауға және ұсынуға жауапты Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі Жоғары аудиторлық палатаның аппаратымен бірлесіп, Жоғары аудиторлық палата Төрағасының Парламентте сөйлейтін сөзінің тиісті жобаларын, оның таныстырылымы үшін қажетті слайдтар мен басқа да материалдарды қалыптастырады.

32. Бюджет кодексінің 128-бабының 2-тармағына сәйкес республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылау кезінде Парламент Жоғары аудиторлық палата Төрағасының баяндамасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен Сенатында, сондай-ақ Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында тыңдайды.

33. Жылдық есепті бейінді комитеттерде қарау кезінде Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының жұмыс топтары отырыстарының кестесіне сәйкес, олардың жұмысына мемлекеттік аудит учаскелерінің бөлінуі негізінде Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қатысады.

34. Жылдық есепке депутаттық сауалдар туындаған жағдайда, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері мемлекеттік аудит учаскелерінің бөлінуіне сәйкес тиісті ақпарат беруді қамтамасыз етеді.";

қосымша осы тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мәслихаттарға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

қосымша осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 52-бабына сәйкес әзірленді. Осы Стандарт Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) ақпарат (бұдан әрі – ақпарат) қалыптастыруына және ұсынуына қойылатын бірыңғай тәсілді қамтамасыз етудің рәсімдік талаптарын қамтиды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Стандарттың негізгі қағидаттарына мыналар жатқызылады:

1) сенімділік – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ұсынатын ақпаратының анықтығы және оларда қателердің болмауы;

2) толықтық және айқындық – жүргізілген мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының көрінісі, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін баяндаудың айқындығы;

3) салыстырмалылық – тексеру комиссияларының түрлі кезеңдегі ақпаратын салыстыру мүмкіндігі;

4) уақтылық – есепті белгіленген мерзімдерде дайындау және ұсыну;

5) жариялылық – құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның қамтамасыз етілуін ескере отырып, Жоғары аудиторлық палатаның интернет-ресурсына тексеру комиссиялары жұмысының нәтижелері туралы ақпарат орналастыру.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Жоғары аудиторлық палатаға тексеру комиссияларының ақпарат дайындауы және ұсынуы";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жоғары аудиторлық палатаға ұсынылатын тексеру комиссияларының жұмысы туралы ақпарат түсіндірме жазбадан және алдыңғы жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда есепті кезеңдегі мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері туралы мәліметтерден тұрады.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Тексеру комиссиялары Жоғары аудиторлық палатаға ақпаратты есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-шы күнінен кешіктірмей, Жоғары аудиторлық палатаның интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЖАП ИАЖ) арқылы ұсынады. ЖАП ИАЖ-бен интеграциялану болмаған жағдайда, ақпарат Электрондық құжат айналымның бірыңғай жүйесі арқылы ұсынылады.

16. Қажет болған жағдайда, Жоғары аудиторлық палата есептіліктің өзге де кезеңі мен ақпарат ұсыну мерзімін белгілейді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Ақпарат Жоғары аудиторлық палатаға ілеспе хатпен енгізіледі, мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылады.";

1-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасына
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың тексеру
комиссияларының өз жұмысы
туралы ақпарат ұсынуы
бойынша мемлекеттік аудиттің
және қаржылық бақылаудың
рәсімдік стандартына
1-қосымша";

1-қосымшада:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"_____ облысы, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша тексеру комиссиясының 202_ жылғы есепті кезеңдегі жұмысының негізгі көрсеткіштері";

2-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасына
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың тексеру
комиссияларының өз жұмысы
туралы ақпарат ұсынуы
бойынша мемлекеттік аудиттің
және қаржылық бақылаудың
рәсімдік стандартына
2-қосымша";

3-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасына
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың тексеру
комиссияларының өз жұмысы
туралы ақпарат ұсынуы
бойынша мемлекеттік аудиттің
және қаржылық бақылаудың
рәсімдік стандартына
3-қосымша";

3-қосымшада:

"_____ облысы, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша тексеру комиссиясының 202_ жылғы есепті кезеңде анықтаған қаржылық бұзушылықтары талдау";

4-қосымшаның оң жақ жоғары бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасына
облыстардың, республикалық
маңызы бар қалалардың,
астананың тексеру
комиссияларының өз жұмысы
туралы ақпарат ұсынуы
бойынша мемлекеттік аудиттің
және қаржылық бақылаудың
рәсімдік стандартына
4-қосымша";

4-қосымшада:

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1 Есепті кезеңге (1-тоқсанда, 1-жартыжылдықта, 9 айда, жылы) аудиторлық қызметтің түйінді көрсеткіштерін жалпы талдау жүргізілген аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны;

бақылау объектілерінің саны;

мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі;

Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары (қаржылық бұзушылықтар, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері, тиімсіз жоспарлау);

есепті кезеңде қалпына келтіруге (өтеуге) жататын және қалпына келтірілген (өтелген) сомалар;

сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша құқық қорғау органдарына жіберілген мемлекеттік аудит материалдарының саны, жауаптылыққа (әкімшілік, тәртіптік, қылмыстық)

тартылған лауазымды адамдардың саны туралы ақпаратты көрсете отырып, мемлекеттік аудиттің нәтижелері;

Жоғары аудиторлық палата ұсынымдарының және нұсқамаларының (тапсырмаларының) орындалуы.";

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалау жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сараптамалық-талдау іс-шарасын жүргізуі бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Бірінші кезектегі тәртіппен жинау, жүйелеу және зерделеу Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының Интеграцияланған ақпараттық жүйесінде, қашықтықтан қол жеткізуге рұқсат алынған мемлекеттік органдардың ведомстволық ақпараттық жүйелерінде, ашық деректер порталында, жарияланған мемлекеттік немесе ведомстволық статистикада, мемлекеттік органдардың қызметін және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын бағалау нәтижелерінде қамтылатын сараптамалық-талдау іс-шарасының нысанасы бойынша қолжетімді ақпаратқа жүзеге асырылады. Мәліметтер болмаған және (немесе) жеткіліксіз болған кезде қажетті ақпараттың жеткізушісі немесе қалыптастыру (пайдалану) дереккөзі болып табылатын ұйымдарға сұрау салулар жолданады.

Аудит нысанасын зерделеген кезде, болған жағдайда, үкіметтік емес ұйымдардың ақпараты, жүргізіліп жатқан әлеуметтік пікіртерімдердің және зерттеулердің нәтижелері пайдаланылады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Ресімдеу стилі (қаріптердің, диаграммалар мен кестелердің түрі мен өлшемі) Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының ішкі құжаттарында айқындалған тәртіпке сәйкес айқындалады.".

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Қаржылық есептілік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

30, 31 және 32-тармақтар алынып тасталсын.

8. "Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдедегі № 6-НҚ нормативтік қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21070 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 4-тармағының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – Тексеру комиссиялары) мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру, сыртқы мемлекеттік аудитті жоспарлау, жүргізу, оның қорытындылары бойынша құжаттарды ресімдеу, қаржылық бақылауды жүзеге асыру, сыртқы мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының аудиторлық қорытындысында берілген ұсынымдардың және Нұсқамалардың орындалуын мониторингілеуді және бақылауды ұйымдастыру, аудиторлық іс-шара нәтижелерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілу және мемлекеттік аудит материалдарын есепке алу тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аудиторлық рәсімдер – аудиторлық іс-шара барысында оны жүргізу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын, аудиторлық іс-шара мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті іс-қимылдар;

2) аудиторлық іс-шара – мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша аудиторлық есептер мен аудиторлық қорытындыларды дайындауға, жүргізуге, ресімдеуге бағытталған іс-қимылдар кешені;

3) қаулы – сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының аудиторлық қорытындыны бекітетін құжаты;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдары – мемлекеттік аудитті жүргізу үшін қажетті құжаттар, сондай-ақ оның нәтижелері бойынша жасалған құжаттар және қоса берілетін аудиторлық дәлелдемелер;

5) сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары (бұдан әрі – Сыртқы мемлекеттік аудит органдары) – Жоғары аудиторлық палата, Тексеру комиссиялары;

6) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджет қаражатын алушылар (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілері);

7) мемлекеттік аудиттің сапасын бақылау – мемлекеттік аудиторлар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзге де уәкілетті лауазымды

адамдары мемлекеттік аудитті жүзеге асыру кезінде жасайтын құжаттардың мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкестігі мәніне тексеру және (немесе) талдау;

8) нұсқама – анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларға итермелейтін себептерді, жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану үшін мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға жіберілетін, орындау үшін міндетті сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының актісі;

9) тапсырма – аудиторлық іс-шараны жүргізуге және сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы шешімдерінің орындалуын тексеруге құқық беретін ресми құжат, "Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21964 болып тіркелген) сәйкес құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркей отырып, қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік аудит Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі) негізінде жүргізіледі.";

11, 12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жоғары аудиторлық палатаның және Тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі Жоғары аудиторлық палатаның Интеграцияланған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЖАП ИАЖ) қалыптастырылады.

12. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін бағалауды және қосымша көздерден алынған деректерді ескере отырып, Бірыңғай дерекқордың негізінде Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын (бұдан әрі – Тізбе жобасы) қалыптастырады және жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 қазанынан кешіктірмей Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мүшелеріне жібереді.

13. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мүшелері жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, Тізбе жобасын таңдалған

мемлекеттік аудит объектілері және мемлекеттік аудитпен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің болжамды көлемдері, аудиторлық іс-шаралардың атауы, мемлекеттік аудиттің типтері мен тексерудің түрлері, аудиторлық іс-шараның әрбір кезеңін жүргізу мерзімдері, сондай-ақ мемлекеттік аудиторлардың қажетті санын ескере отырып, ассистенттерді және сарапшыларды тартудың қажеттілігі тұрғысынан қарайды.

14. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасын қалыптасыру кезінде:

1) мыналар:

Қазақстан Республикасы Президентінің және оның Әкімшілігінің тапсырмалары;
мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы халықаралық міндеттемелер;

жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асыратын мемлекеттік аудит объектілерінің тәуекелдерін бағалау нәтижелері;

элеуметтік-экономикалық дамудың, соның ішінде мемлекеттік басқару және экономика салалары бөлінісіндегі статистикалық деректер қарауға және есепке алуға жатады;

2) мыналар:

кезекті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Жоғары аудиторлық палатаның есептерін қарау қорытындылары бойынша берілген Қазақстан Республикасы Парламентінің ұсынымдары;

кезекті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы және Тексеру комиссияларының есептерін қарау нәтижелері бойынша берілген тиісті мәслихаттардың ұсынымдары;

құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың ұсыныстары;

бірлескен және қатар аудиторлық іс-шаралар жүргізу бойынша шет елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарының, сондай-ақ бірлескен (қатар) аудитті жүзеге асыру бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының ұсыныстары;

бюджет қаражаты мен активтерді тиімсіз жұмсап отырған белгілі бір мемлекеттік аудит объектілерінде аудиторлық іс-шараларды ұйымдастыру не Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының, бюджеттік инвестициялардың тиімсіз іске асырылуы мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

бюджет қаражаты мен активтердің қалыптастырылуы және жұмсалуды, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының және бюджеттік инвестициялардың іске асырылуы барысындағы бұзушылықтар туралы бұқаралық ақпарат құралдарын мониторингілеу нәтижелері Тізбеге қосудың орындылығы тұрғысынан талданады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімінің нормативін есептеуді жүзеге асырады. Бұл ретте, мемлекеттік аудит объектілеріне алдын ала зерделеу жүргізу мерзімі аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімінің кемінде үштен бірін қамтиды.";

2-тараудың 2-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Жоғары аудиторлық палатаның Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін келісу және бекіту тәртібі";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палатаның мүшелерімен және мемлекеттік аудит жүргізуге, сапа бақылауына және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келісілген, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің алдын ала жобасын жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 25 қазанына дейін Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – Уәкілетті орган) және тексеру комиссияларына жібереді.

Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің алдын ала жобасын қарау кезінде жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше басшысының баяндамасы тыңдалады.";

20, 21, 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің келісілген жобасы жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейін Жоғары аудиторлық палатаның отырысында қаралады және мақұлданады.

21. Ескертулер туындаған жағдайда, Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасы отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде пысықталады. Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасы Жоғары аудиторлық палатаның мүшелерімен қайта келісілгеннен кейін Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына бекітуге енгізіледі.

22. Тексеру комиссиясының мүшелері жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 10 қарашасына дейін Жоғары аудиторлық палата және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүзеге асыратын бірлескен, қатар тексерулерді Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасына енгізу үшін оларды жүргізу мәселелерін келіседі.

23. Жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің алдын ала жобасын жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 5 желтоқсанына дейін Жоғары аудиторлық палатаға және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жібереді.";

25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбелерін бекіту туралы бұйрықтар тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жоспарлауға жауапты құрылымдық

бөлімше оларды электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЭҚАЖ) және (немесе) жазбаша түрде пошта арқылы мыналарға:

Жоғары аудиторлық палатаның Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін бекіту туралы бұйрықты Уәкілетті органға, тексеру комиссияларына, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға;

Тексеру комиссияларының Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбелерін бекіту туралы бұйрықтарды Жоғары аудиторлық палатаға, Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға жіберуді жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбелеріне өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы бұйрықтар тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды ЭҚАЖ және (немесе) жазбаша түрде пошта арқылы мыналарға:

Жоғары аудиторлық палатаның Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ Уәкілетті органға және тексеру комиссияларына;

Тексеру комиссияларының Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаға және Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жіберу жүзеге асырылады.";

28, 29, 30, 31, 32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Аудиторлық іс-шаралардың қайталануын болдырмау мақсатында, жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит органдарының объектілері тізбелерінің өзгерістеріне, соның ішінде:

Жоғары аудиторлық палата Уәкілетті органның және тексеру комиссиялары объектілерінің тізбелеріне қатысты;

Тексеру комиссиялары Жоғары аудиторлық палатаның және Уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшелері объектілерінің тізбелеріне қатысты тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

29. Жоғары аудиторлық палатаның жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшесі Бірыңғай дерекқорға орналастырылған Уәкілетті органның және Тексеру комиссияларының мемлекеттік аудит объектілерінің жылдық тізбелерінің шеңберіндегі аудиторлық іс-шаралардың орындалуы жөніндегі ақпараттың негізінде олардың нәтижелерін кейіннен Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын Жоғары аудиторлық палатаның ақпаратына және есебіне енгізу үшін тоқсан сайын талдайды және жинақтайды.

30. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудитті жүргізуге

жауапты құрылымдық бөлімшемен бірге аудиторлық іс-шаралардың аяқталуын ескере отырып, отырыстар өткізудің жылдық жоспарын қалыптастырады.

Отырыстар өткізудің жылдық жоспары Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мүшелерімен келісуді ескере отырып, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына бекітуге енгізіледі.

31. Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына Мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің іске асырылуы туралы ақпарат ұсынылады.

32. Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары және Жоғары аудиторлық палата Төрағасының бастамасы Жоғары аудиторлық палатаның Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізу үшін негіздер болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларына негізделген Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салулары, тиісті мәслихаттардың шешімдері және Тексеру комиссиясы төрағасының бастамасы Тексеру комиссиясының Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізу үшін негіздер болып табылады.

Сыртқы мемлекеттік аудит органдары объектілерінің тізбесіне осы Қағидалардың 61, 100-тармақтарында көзделген негіздер бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.

33. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аудиторлық іс-шараны жүргізуге өтінімді (бұдан әрі – Өтінім), сондай-ақ өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негізділігін растайтын құжаттарды (материалдарды) қоса бере отырып, жоспарлауға және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларының, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аппарат басшысының келісімімен мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының ұсынысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қызметтік жазбасының негізінде енгізіледі.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге тікелей басшылықты Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты мүшесі өзіне бекітілген жұмыс бағыты бойынша жүзеге асырады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Мемлекеттік аудит тобын қалыптастыруды мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының қызметтік жазбасы негізінде Жоғары аудиторлық палатаның аппарат басшысы (Тексеру комиссиясының аппарат басшысы және (немесе) төрағасы) жүзеге асырады.

Тексеру комиссияларының топты қалыптастыруы олардың регламентінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін.";

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы мемлекеттік аудит тобына аудиторлық іс-шараның барлық кезеңдерінде құқықтық сүйемелдеуді жүзеге асыратын және мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің, мемлекеттік аудиторлардың жүргізіліп жатқан мемлекеттік аудит мәселелері бойынша жазбаша сұрау салуларына (электрондық пошта бойынша, ЖАП ИАЖ-ға) бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған кезде заңнаманы қолдануға қатысты жазбаша консультация беретін жұмыскерді бекітеді. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше жұмыскерлерінің жазбаша консультациялары тек қойылған мәселелер шеңберінде және ұсынылған құжаттар көлемдері шегінде көрсетіледі.

42. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскері аудиторлық іс-шараға тікелей қатысқан жағдайда, ол аудит барысында құқықтық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше жұмыскерлерінің құқықтық сүйемелдеуді жүргізуге қатысуы (шығуы) құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының ұсынысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолымен Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының атына жазылған қызметтік жазбасының негізінде жүзеге асырылады.";

45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесін және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысын мемлекеттік аудитті жүргізу барысында аудиторлық іс-шараға қатысқан мемлекеттік аудиторлардың, сарапшылардың қызметтік міндеттерін орындамау жағдайлары және атқарушылық тәртіпті, еңбек тәртібін бұзу, мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебін сақтамау фактілері туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

46. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы шаралар қабылдау үшін көрсетілген фактілер туралы Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына жазбаша түрде хабарлайды.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Алдын ала зерделеу сатысында аудиторлық іс-шараның мақсаттары, мәселелері мен өлшемшарттары қалыптастырылады.

Алдын ала зерделеу сатысында мемлекеттік аудит тобы тұжырымдаған тиімділік аудитінің өлшемшарттары Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының)

аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылған хатпен аудит объектісіне талқылау үшін жіберіледі.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылған, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ресімделетін Алдын ала зерделеуге тапсырманың болуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын аудиторлық іс-шаралар бойынша алдын ала зерделеу жүргізу үшін негіздеме болып табылады.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеу кезінде мемлекеттік аудит тобы:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арнайы мақсаттағы аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық қорытынды және бюджет қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерін, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына және Мемлекеттік аудит туралы заңға сәйкес жүргізілетін аудит нәтижелерін;

2) Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) жоспарланған мемлекеттік аудитімен сәйкес келетін мемлекеттік аудитпен қамтылатын мақсаты, кезеңі бойынша мемлекеттік аудит органдарының аудиторлық іс-шараларды (тексеру немесе бақылау) жүргізу мәселелерін міндетті түрде қарайды.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Егер алдын ала зерделеу сатысында мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудит органының аудиторлық іс-шарамен қамтылатын мақсаты, кезеңі бойынша Жоғары аудиторлық палатаның аудиторлық іс-шарасымен сәйкес келетін мемлекеттік аудитті жүргізу фактісі анықталса, онда Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудит тобы мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімін жүргізеді. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану Есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5 -НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген 700. Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.";

60, 61 және 62-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Қолда бар және мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша алынған деректерге жүргізілген зерделеу мен талдауға сәйкес:

1) мемлекеттік аудит нәтижелерін тану (танымау), тәуекелдерді бағалау және аудиторлық іріктеу нәтижелері ескеріле отырып, мемлекеттік аудиттің типіне,

тексерудің түріне және мемлекеттік аудит объектілеріне, мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражаттың, активтердің көлеміне, кезеңіне нақтылау жүргізіледі;

2) мемлекеттік аудит объектілері – мемлекеттік аудиторлардың арасында, бірлескен және қатар тексеру жүргізілген кезде мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит органдары арасында бөлінеді;

3) үстеме тексеру объектілері айқындалады;

4) мемлекеттік аудит тобының құрамы нақтыланады;

5) мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылатын ассистенттер, сарапшылар және мемлекеттік аудиттің соларға тапсырылуы жоспарланатын нақты мәселелері айқындалады;

6) режимдік объектілерде мемлекеттік аудит жүргізілген жағдайларда рұқсат алу мәселелері пысықталады;

7) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының (келісімімен аудиторлық іс-шара жүзеге асырылатын лауазымды адам) міндеттерін атқару жөніндегі талапқа қосу мақсатында аудиторлық іс-шараны жүзеге асыру үшін құжаттардың және ақпараттың тізбесі жасалады;

8) жоспарланған мемлекеттік аудитті жүргізуге қажетті ақпарат көздері айқындалады;

9) аудит тобы мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеудің нәтижелері туралы ақпаратты осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды.

61. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі:

1) мемлекеттік аудит органдары мемлекеттік аудит жүргізген және олардың нәтижелері танылған;

2) құқық қорғау органдары құқық белгілеуші, соның ішінде бастапқы құжаттарды алып қойған;

3) мемлекеттік аудитті жоспарлау күніне құқық қорғау органдары тексерулер жүргізген немесе жоспарланған аудиторлық іс-шараның мақсаты, бюджеттік бағдарламалары және кезеңі бойынша басқа мемлекеттік аудит органдары жоспардан тыс аудит жүргізген;

4) аудит объектісін басқарудың басқа уәкілетті органының қарамағына берген;

5) жүргізілетін аудиторлық іс-шараның мерзімдері және көлемі өзгерген кезде;

6) осы Қағидалардың 60-тармағының 1), 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, тиісті негіздемелермен Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына аудитті, жоспарлауды және сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларымен келісілген, Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы қызметтік жазба енгізеді.

62. Осы Қағидалардың 61-тармағында көзделген қызметтік жазбаны қараудың қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының)

Төрағасы Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдайды.";

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылған Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманың болуы аудиторлық іс-шара жүргізу үшін негіз болып табылады. Әрбір мемлекеттік аудит объектісіне жеке Тапсырма ресімделеді.";

71 және 72-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Сапа бақылауын жүргізу мақсатында мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудит объектісіне шыққанға дейін сегіз жұмыс күнінен кешіктірмей аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының қолы қойылған:

1) Есеп комитетінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13647 болып тіркелген) Тиімділік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына сәйкес жасалған аудиторлық іс-шараның жобалық матрицасын, мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындылары бойынша сараптамалық қорытындыны және тану жүргізілген материалдарды (тану рәсімі жүргізілген жағдайда) тіркей отырып, мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеудің нәтижелері туралы ақпаратты;

2) Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізу қажеттілігі болған жағдайда, қызметтік жазбаның жобасын;

3) Аудит бағдарламасының жобасын сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге ұсынады.

72. Аудит бағдарламасы және Тапсырмалар, Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану қорытындылары бойынша сараптамалық қорытынды ЖАП ИАЖ-да қалыптастырылады. ";

74-тармақ алынып тасталсын;

75, 76, 77, 78 және 79-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"75. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңіне дейін төрт жұмыс күнінен кешіктірмей Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне мемлекеттік аудитті жүргізуге, сапа бақылауына және әдіснамалық сүйемелдеуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келісілген алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ аудит бағдарламасының жобасын енгізеді.

Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің ескертулері мен ұсыныстарын мемлекеттік аудит тобы жұмыс тәртібімен пысықтайды.

76. Аудиторлық іс-шараға (негізгі кезеңге) шыққанға дейін:

1) мемлекеттік аудит тобының қатысушылары мемлекеттік аудит объектілері бойынша жасап, оған мемлекеттік аудиторлар, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қойған, сондай-ақ жоспарлауға, сапа бақылауы мен әдіснамалық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аппарат басшысы келіскен Аудит бағдарламасы үш жұмыс күнінен кешіктірілмей Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мүшесіне бекітуге енгізіледі;

2) Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудит тобының қатысушылары жасап, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудит жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойған Тапсырмаларға екі жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

Тексеру комиссиясы мүшесінің аудиторлық іс-шараны жүргізуге тікелей қатысуына жол беріледі.

Тексеру комиссиясы мүшесінің аудиторлық іс-шараны жүргізуге, мемлекеттік аудитті жоспарлау сатысында және аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында құжаттарға қол қою және бекіту рәсіміне қатысуы Тексеру комиссиясының регламентінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

77. Кадр қызметі Аудит бағдарламасы бекітілгеннен кейін, бірақ аудиторлық іс-шараға шыққанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей, іссапарға жіберу туралы бұйрықтарды Жоғары аудиторлық палатаның аппарат басшысына (Тексеру комиссиясының аппарат басшысына және (немесе) төрағасына) қол қоюға енгізеді.

78. Осы Қағидалардың 76 және 77-тармақтарында көрсетілген құжаттарға қол қойылғаннан кейін Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі Аудит бағдарламаларын және Тапсырмаларды бір тіркеу нөмірімен тіркейді.

Осы Қағидалардың 76 және 77-тармақтарында көрсетілген құжаттарды Тексеру комиссияларында тіркеу олардың регламенттерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

79. Тіркеу нөмірлері күнтізбелік жылдың басынан бастап мынадай мәндері көрсетіле отырып беріледі:

Н-Б – Аудит бағдарламасы;

Н-П-Т – Аудиторлық іс-шараны, үстеме, бірлескен және қатар тексерулерді жүргізуге тапсырма, мұнда Н – Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес аудиторлық іс-шараның реттік нөмірі, П – тапсырманың реттік нөмірі;

Н-ҚТ – Аудиторлық іс-шараны қайта тексеруге тапсырма.

Бір аудиторлық іс-шараның шеңберіндегі екінші және кейінгі Тапсырмаларды тіркеу көрсетілген мәнге дефис кою арқылы реттік нөмір бере отырып (-1Т, -2-Т және т.б.), сол реттік нөмірмен (N) жүзеге асырылады.";

82, 83 және 84-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен (немесе оны алмастыратын адаммен) бірлесіп аудиторлық іс-шараға (негізгі кезеңге) шыққанға дейін мемлекеттік аудит тобының қатысушыларына техникалық оқу (нұсқамалық) өткізеді.

83. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 18-НҚ нормативтік қаулысы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 601 бұйрығымен бірлесіп бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12575 болып тіркелген) Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларының сақталуын камтамасыз ету мақсатында техникалық оқу (нұсқамалық) өткізуге Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) әдеп жөніндегі уәкілі және сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының құқықтық құжаттарында айқындалатын жауапты лауазымды адамдар тартылады.

84. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының келісімі бойынша осы Қағидалардың 54-тармағында көзделген нысан бойынша аудиторлық іс-шара жүргізу туралы хабарламаны дайындайды және Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қол қоюымен тікелей мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудит жүргізудің (үстеме тексеруді қоспағанда) негізгі кезеңі басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей, мемлекеттік аудит объектісіне жібереді.";

93, 94, 95 және 95-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"93. Осы Қағидалардың 92-тармағында көзделген жағдайда, мемлекеттік аудит тобының жетекшісі жазбаша, электрондық пошта (факс), пошта байланысы арқылы және (немесе) қолма-қол Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне осы фактілер туралы хабарлайды, ол осыларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

94. Мемлекеттік аудит объектісі мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіретін мән-жайларды жоймаған жағдайда, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру

комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтіретін себептер толық жойылғанға дейін аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру туралы қолдаухат дайындайды.

95. Аудиторлық іс-шараны тоқтата тұру туралы шешім мемлекеттік аудит объектісін, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органды бір мезгілде хабардар ете отырып, Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының бұйрығы түрінде шығарылады.

Аудиторлық іс-шара қайта басталған кезде жаңа Тапсырма жазылып беріледі.

95-1. Заңның 38-бабының 1-тармағында көзделген мүдделер қақтығысы болған жағдайда, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мүшелеріне, сондай-ақ өзге де жұмыскерлерге аудиторлық іс-шараларды жүргізуге және (немесе) сүйемелдеуге байланысты лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Мүдделер қақтығысын реттеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамаларға сәйкес қабылданатын, мүдделер қақтығысын болғызбауға және шешуге, ол бойынша Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) мен Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) жұмыскерлері үшін өзара қолайлы шешімдер қабылдауға бағытталған шараларды іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу тәсілдері:

жұмыскердің аудиторлық іс-шараға, мүдделер қақтығысының ықпалындағы немесе ықпал етуі мүмкін мәселелер бойынша талқылауға және шешімдерді қабылдау процесіне қатысудан өз еркімен бас тартуы немесе оның шеттетілуі (тұрақты немесе уақытша);

Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мүдделерімен қақтығыс тудырып отырған өзінің жеке мүддесінен қызметкердің бас тартуы.

Мүдделер қақтығысын шешу тәсілдерінің келтірілген тізбесі толық болып табылмайды.";

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"97. Мемлекеттік аудит объектісінің ақпараттық стендінде немесе жұмыскерлерінің баршасына көрінетіндей жерде Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) жұмыскерлерінің мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шара жүргізіп жатқаны туралы ақпарат, сондай-ақ осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) сенім телефоны туралы хабарландыру орналастырылады.";

101-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"101. Құқық қорғау органдары мемлекеттік аудит объектісіндегі құжаттарды алып қойғанда, сарапшылар мемлекеттік аудит жүргізуден бас тартқанда, мемлекеттік аудит нәтижелерін танығанда, еңбекке қабілетсіздігіне байланысты мемлекеттік аудитор, аудиторлық топтың мүшесі ұзақ уақыт болмағанда Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі немесе Тапсырмаға қол қойған лауазымды адам тіркелген Тапсырманың күшін жоюға келісім берген мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің, мемлекеттік аудитті жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты бөлімше басшыларының қолы болған жағдайда, оның оң жақ жоғарғы бұрышына қойылатын "Тапсырманың күші жойылды" деген мәтіні бар мөртаңбаға өзінің қолын қою арқылы растай отырып Тапсырманың күшін жояды. Тапсырманың артқы бетінде (мөртаңбаның бедері деңгейінде) оның күшін жоюдың себептері және осындай шешімнің қабылданған күні көрсетіледі.";

103, 104, 105 және 106-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"103. Аудиторлық іс-шара барысында Аудит бағдарламасымен қамтылмаған, бірақ толық зерделеуге қажетті мәселелер туындаған жағдайда, мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит тобы басшысының келісімі бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесін жазбаша түрде хабардар етеді.";

104. Аудит бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша аудиторлық іс-шара жүргізудің орындылығы танылған жағдайда, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Аудит бағдарламасына толықтырулар енгізе отырып, мемлекеттік аудиторға тиісті тапсырма береді. Мемлекеттік аудит объектісі Аудит бағдарламасында қамтылмаған мәселелер бойынша материалдарды аудиторлық іс-шараны жүзеге асыратын мемлекеттік аудитор жіберген Құжаттарды ұсыну туралы талаптың негізінде ұсынады.

105. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімін ұзарту қажет болған жағдайда, соның ішінде осы Қағидалардың 98 және 104-тармақтарында көзделген жағдайларда, Өтінімге тиісті өзгерістер енгізіле отырып, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасы жоспарлауға және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелер басшысының келісімімен Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің жазбаша өтінішхаты бойынша ол аяқталғанға дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын мерзімін ұзартады.

106. Аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында Аудит бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мемлекеттік аудит тобының жетекшісі өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізудің негіздемелерін көрсете отырып дайындаған, жоспарлауға және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аппарат басшысы бұрыштама қойған Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің атына жазылған қызметтік жазбаның

негізінде осы Қағидалардың 60, 61, 100-104-тармақтарында көзделген негіздер бойынша ЭҚАЖ-да тіркеле отырып, осы Қағидалардың 76-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.";

112 және 113-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"112. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудиторлық іс-шара мәселелерінің толық қамтылуына мониторинг жүргізеді, аудиторлық іс-шараның жекелеген бағыттарын түзетеді және апта сайын аптаның соңғы жұмыс күні сағат 15-00-ге дейін қорғалған байланыс арналары арқылы (соның ішінде жеке есепке алу жазбасы бойынша Мемлекеттік органдардың интранет порталы арқылы) Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты бөлімшенің басшысына және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскеріне есепті күнге жасалған аудиторлық есептердің, аудиторлық іс-шараның барысында анықталған жүйелік кемшіліктер кестесінің (болған жағдайда) және анықталған бұзушылықтар тізілімдерінің жобаларын ұсынады.

113. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің бекітілген жұмыскері құзыреті шегінде аудиторлық есептердің жобаларын қарап, оларға ұсыныстар, ұсынымдар (болған кезде) береді.";

116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"116. Аудиторлық есеп Аудит бағдарламасындағы мәселелердің тізбесіне сәйкес жасалады. Есептердің мазмұны жүйеленген және қайталануды болдырмауы тиіс, қысқа, қисынды және қабылдау үшін жеңіл болуы тиіс.";

118, 119 және 119-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"118. Бұзушылықтың әрбір фактісі, сондай-ақ заңнаманың анықталған кемшіліктері мен олқылықтары бұзушылықтың сипаты мен түрі, соның ішінде "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышын бекіту туралы" Есеп комитеті Төрағасының 2022 жылғы 25 қарашадағы № 158-н/қ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышында көзделгендері сипаттала отырып, реттік тәртіппен нөмірленеді және жеке тармақпен (1-тармақ, 2-тармақ және тағы басқалар) тіркеледі. Біртекті бұзушылықтар топтастырылып, бір тармақта көрсетіледі.

Бұзушылықтар сипаттамасында бұзушылықтарды растайтын құжаттарға сілтеме жасалады.

Қаржылық бұзушылық тіркелетін тармақта құзыреті мен өкілеттіктеріне аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған мәселелерді қарастыру кірген мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарын растайтын құжаттарымен қоса көрсету қажет.

119. Аудиторлық есептің жобасына (Аудиторлық есепке) оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай аудиторлық дәлелдемелер қоса беріледі:

- 1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;
- 2) саладағы ағымдағы жағдай, соның ішінде саланың проблемалық мәселелері мен жүйелік кемшіліктері (алдын ала зерделеу кезеңінде қамтылмаған қосымша фактілер анықталған жағдайда);
- 3) мемлекеттік аудиторлар қол қойған және осы Қағидаларға 16-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында анықталған жүйелік кемшіліктер кестесі (болған жағдайда) (бұдан әрі - Жүйелік кемшіліктер кестесі);
- 4) мемлекеттік аудиторлар қол қойған және осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тізілімі (бұдан әрі – Тізілім);
- 5) құжаттардың, кестелердің төлнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері, сондай-ақ болған жағдайда, бұзушылық фактілерін көрсететін анықтамалар, фотосуреттер;
- 6) функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, жол берілген бұзушылықтар бойынша адамдардың жазбаша түсініктемелері;
- 7) бақылау өлшемдері (тексеріп қараулар) актілері (соның ішінде негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарды түгендеу нәтижелерінің актілері (олар жасалған жағдайда));
- 8) зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, аудиторлық іс-шараның нәтижелеріне байланысты құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);
- 9) сарапшылардың қорытындылары (тартылған жағдайда);
- 10) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халық арасында сауалнама жүргізу нәтижелері (болған жағдайда);
- 11) ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (көшірмелері) (аудиторлық іс-шара барысында қаражат өтелген (қалпына келтірілген) жағдайда):
төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер);
ведомостер, ордерлер, нарядтар;
орындалған жұмыстардың, тауарларды жеткізудің және көрсетілген қызметтердің актілері;
- 12) талдамалық материалдар және мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі бұзушылықтар мен кемшіліктер фактісін растайтын материалдар;
- 13) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкестігіне мемлекеттік аудит нәтижелерін тану рәсімінің қорытындылары бойынша сараптамалық қорытындылар (тану рәсімі жүргізілген жағдайда);

14) аудит объектісінің осы Қағидаларға 17-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында ұсынылған ақпарат пен құжаттардың толықтығы мен анықтығы туралы ұсыным-хаты;

15) өзара есеп айырысу бойынша салыстырып тексеру актілері қоса беріледі.

119-1. Осы Қағидалардың 119-тармағының 1), 3), 4), 6), 7), 9), 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар аудиторлық дәлелдемелерді қоспағанда, осы Қағидалардың 119-тармағында көрсетілген құжаттарды электрондық форматта (егер жинау жалпыға қолжетімді көздерден не ресми ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асырылған жағдайда) ұсынылады.";

125, 126, 127 және 128-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"125. Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі (мемлекеттік аудитор) объектіде аудиторлық іс-шара аяқталғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, мемлекеттік аудиторлар қол қойған аудиторлық есептің жобасын, Тізілімдерді, кестелерді және қосымшаларды (болған жағдайда) мынадай қолайлы тәсілдердің бірі арқылы:

1) мемлекеттік аудитордың өзі қолма-қол;

2) сканерден өткізілгендерін – қорғалған байланыс арналары бойынша;

3) Аудиторлық есеп жобасының түпнұсқасын (күпияны қоспағанда) фельдъегерлік байланыс не хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

4) құпия сипаты бар аудиторлық іс-шаралар бойынша, – Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Жоғары аудиторлық палатаға (Тексеру комиссиясына) жібереді.

126. Аудиторлық есептердің жобалары (аудиторлық есептер), жүйелік кемшіліктер кестелері және оларға қоса берілген Тізілімдер бойынша 750. Рәсімдік стандартта, сондай-ақ осы стандартты қолдану жөніндегі әдіснамалық басшылықта айқындалған тәртіппен сапа бақылауы рәсімі және заң сараптамасы жүргізіледі.

Аудиторлық есептердің жобалары (аудиторлық есептер), жүйелік кемшіліктер кестелері және оларға қоса берілген Тізілімдер бойынша сапа бақылауы рәсімін мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше, заң сараптамасын – құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше жүзеге асырады.

Егер Аудиторлық есептің жобасында (Аудиторлық есепте):

1) бұзушылықтардың елу тармағына дейін қамтылса, заң сараптамасы ол Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) кеңсесінде тіркелген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі;

2) бұзушылықтардың елу және одан да көп тармағы қамтылса, заң сараптамасы ол Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) кеңсесінде тіркелген күннен бастап алты жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

127. Егер заң қорытындысын (сараптамалық қорытындыны) дайындау кезінде аудиторлық іс-шара материалдарына мемлекеттік аудиторлар тіркелген Аудиторлық есепке қоса берілмеген құжаттарды ұсынса, олар мұндай құжаттарды мемлекеттік аудит материалдарына, соның ішінде оның электрондық нұсқасына қоса тіркейді.

Құжаттарды қоса тіркеу мемлекеттік аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің құжат айналымына, құқықтық қамтамасыз етуге, сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшеге аудиторлық іс-шараның қорытынды кезеңінде қоса тіркеуге жататын құжаттарды немесе олардың көшірмелерін қоса бере отырып, ЭҚАЖ арқылы қызметтік жазба жіберуі арқылы жүзеге асырылады.

128. Аудиторлық есептің және оған қоса берілген Тізілімнің жобасына заң қорытындысын қарауды мемлекеттік аудит тобы оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Заң қорытындысын қарау кезінде Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты мүшесінің (болған жағдайда) және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының ескертулері мен ұсыныстары ескеріледі.

Аудиторлық есептің және оған қоса берілген Тізілімнің жобасына заң қорытындысын қарау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, даулы мәселелер 750. Рәсімдік стандартты қолдану жөніндегі әдіснамалық басшылықта айқындалған тәртіппен келісу комиссиясының қарауына шығарылады.

Сараптамаларды қарау нәтижелері бойынша Аудиторлық есепке аудиторлық іс-шараны жүргізген мемлекеттік аудитор екі данада қол қояды. Мемлекеттік аудиторлар Аудиторлық есептің екінші парағынан бастап барлық бетіне қол қояды.

Аудиторлық есептің бір данасы Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) кеңсесінде қалады.

Аудиторлық есептің екінші данасы аудиторлық іс-шара шеңберінде соңғы аудит объектісінде аудиторлық іс-шара аяқталғаннан кейін он екі жұмыс күні мерзімі ішінде аудит объектісіне жіберіледі. Аудиторлық есеп осы Қағидалардың 125-тармағында көрсетілген қолайлы тәсілдердің бірі арқылы жіберіледі.";

131, 132 және 133-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"131. Жоғары аудиторлық палатаға (Тексеру комиссиясына) келіп түскен Аудиторлық есепке қарсылықтарды Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудиторлармен, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысымен, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскерлерімен, мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға тартылған сарапшылармен бірге Аудиторлық қорытындыны дайындау кезеңінде қарайды, содан кейін қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысы өткізілетін күнге дейін сегіз жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік аудит объектісіне уәжді жауап жібереді.

Мемлекеттік аудит объектісінің Аудиторлық есепке ұсынған түсіндірмелері оларға жауап дайындалмастан назарға алынады.

132. Жоғары аудиторлық палатаға (Тексеру комиссиясына) келіп түскен Аудиторлық есепке қарсылықтар және оларға уәжді жауаптар Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысынан кейін міндетті түрде аудиторлық іс-шара материалдарына және олардың ЖАП ИАЖ-дағы және (немесе) ЭҚАЖ-дағы электрондық нұсқаларына қоса тіркеледі.

133. Мемлекеттік аудиторлар іссапар аяқталған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттардың атауы мен аудиторлық іс-шараның қалған материалдарымен жасақтағанға дейін жинақтау папкасында қалыптастырылатын құжаттардың атауы мен парақ санын тізімдемеде көрсете отырып, алдын ала зерделеу нәтижелері туралы материалдардың, Өтінімге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы қызметтік жазбалардың, Аудит бағдарламасының, Тапсырмалардың, алдын ала зерделеу туралы хабарламалар, аудиторлық іс-шараны өткізу туралы хабарламалар, құжаттар ұсыну, Аудиторлық есептің жобасы, Жүйелік кемшіліктер кестесінің, Тізілімнің және Аудиторлық есеп жобасына қосымшалардың түпнұсқаларын, мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтарын (болған жағдайда) құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге (Тексеру комиссиясының Регламентіне сәйкес айқындалған құрылымдық бөлімшеге) тапсырады.

Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше (Тексеру комиссиясының Регламентіне сәйкес айқындалған құрылымдық бөлімше) Аудиторлық есептердің, Жүйелік кемшіліктер кестесінің, Тізілімнің және Аудиторлық есепке қосымшалардың жобалары Жоғары аудиторлық палатаға (Тексеру комиссиясына) түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды сканерлейді, ЭҚАЖ-да тіркейді және Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне, мемлекеттік аудитті, сапа бақылауын жүргізуге және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге береді.

Аудиторлық іс-шара шеңберінде қалыптастырылған құжаттар сканерленген нұсқалары қоса тіркеліп, ЖАП ИАЖ-да орналастырылады.";

мынадай мазмұндағы 133-1-тармақпен толықтырылсын:

"133-1. Мемлекеттік аудит нәтижелерін қайта тексеру мынадай:

1) аудит мәселелері бойынша негізделген шағым келіп түскен;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезіндегі мүдделер қақтығысы;

3) аудиторлық іс-шараның мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік бермейтін Аудит бағдарламасының мәселелері толық ашылмаған жағдайларда, Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының атына аудит жүргізуге, құқықтық

қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше басшыларымен келісіліп, аудиторлық іс-шараға жауапты Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) мүшесінің қолы қойылған қызметтік жазба негізінде жүзеге асырылады.

Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының шешімі бойынша мемлекеттік аудит объектісінде қайта тексеру осы Қағидалардың 1-бөлімінің 3-параграфында және 2-бөлімде айқындалған тәртіпте тағайындалады.";

134, 135, 136, 137 және 138-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"134. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы жүргізген мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша Аудиторлық қорытынды ресімделеді, ол Аудиторлық есептердің негізінде жасалатын, тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтитын және Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) қаулысымен бекітілетін құжат болып табылады.

135. Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше аудит жетекшісімен және тобымен, тартылған сарапшылармен бірлесіп, Жоғары аудиторлық палатаның аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің жетекшілік етуімен (Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі мемлекеттік аудиторлар мен тартылған сарапшылардың қатысуымен аудит тобының жетекшісімен бірлесіп) Аудиторлық есептер жобаларының заң сараптамасының нәтижелері бойынша шығарылған заң қорытындысын, жергілікті жерге барып аудиторлық іс-шараны қайта тексеру (ол жүргізілген жағдайда) нәтижелерін ескере отырып, қол қойылған Аудиторлық қорытынды соңғы мемлекеттік аудит объектісіне жіберілгеннен кейін, Аудиторлық қорытындының, Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелік кемшіліктердің жиынтық кестесінің (бұдан әрі – Жиынтық кесте), Мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімінің (бұдан әрі – Жиынтық тізілім) және Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын және (немесе) оларға ықпал ететін себептерді, жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану үшін Нұсқаманың жобаларын дайындайды.

136. Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі (Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит тобының жетекшісі) Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Жиынтық кестенің, Қаулының және Нұсқаманың жобаларын сапа бақылауына және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жібереді.

Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Жиынтық кестенің, Қаулының және Нұсқаманың жобалары бойынша заң сараптамасы үш жұмыс күні ішінде

жүргізіледі, содан кейін қорытындысы Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне, сапа бақылауына және мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі.

Сапа бақылауы 750. Рәсімдік стандартта айқындалған тәртіппен Аудиторлық қорытындының, Жиынтық кестенің, Жиынтық тізілімнің, Нұсқаманың және Қаулының жобалары келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

137. Нұсқаманың және Жиынтық тізілімнің жобалары сапа бақылауы рәсімі жүргізілгеннен кейін Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылып, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысы өткізілгенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей мүдделі тараптарға қарау үшін жіберіледі.

Мүдделі тараптар Нұсқаманың және Жиынтық тізілімнің жобаларымен келіспеген жағдайда, Жоғары аудиторлық палатаға (Тексеру комиссиясына) жазбаша қарсылықтарын оларды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынады.

Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің және Нұсқаманың жобалары Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылып, мемлекеттік аудит объектісіне қарау үшін және Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысына дайындалу мақсатында Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысы өткізілгенге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

Аудиторлық қорытындының, Жиынтық тізілімнің, Қаулы мен Нұсқаманың жобалары мемлекеттік аудит объектілері және мүдделі тараптар қарсылықтарының қаралуын ескере отырып, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысына шығарылады.

138. Аудиторлық қорытындының жобасына аудиторлық іс-шараны жүргізген мемлекеттік аудиторлар, аудит тобының жетекшісі, мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы, сапа бақылауына және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қояды.

Құқықтық сүйемелдеу мәселелері бойынша келіспеушіліктер болған жағдайда, Аудиторлық қорытындының жобасына құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысы қол қойып, оның жазбаша ұстанымы қоса беріледі.

Жиынтық кестенің жобасына аудиторлық іс-шараны жүргізген барлық жұмыскер қол қояды және оған мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы бұрыштама қояды.

Жиынтық тізілімнің жобасына аудиторлық іс-шараны жүргізген барлық жұмыскер қол қояды, мемлекеттік аудитті жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қояды.

Нұсқаманың жобасы мемлекеттік аудитті жүргізуге, сапа бақылауына, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен келісіледі және Аудиторлық қорытынды бекітілген соң, оған Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қояды.

Аудиторлық қорытындының жобасы негізгі мемлекеттік аудит объектісі өкілінің баяндамасы (сөйлейтін сөзі) тезистерінің жобаларымен бірге Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысы өткізілгенге дейін төрт жұмыс күні бұрын Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына ілеспе хатпен ұсынылады.";

139-тармақ алынып тасталсын;

144-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"144. Аудиторлық қорытындыда Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің анықталған бұзушылықтарының жалпы сомасы, соның ішінде:

1) қаржылық бұзушылықтар;

2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану;

3) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларын іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін бұзушылықтардың сомалары көрсетіледі.

Рәсімдік бұзушылықтар және жүйелік кемшіліктер бойынша олардың саны көрсетіледі.";

146, 147, 148, 149, 150, 151 және 152-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"146. Аудиторлық қорытынды Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Нұсқамасының жобасын дайындау үшін негіз болып табылады.

147. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Нұсқамасы құқықтық актілер туралы заңнамада белгіленген деректемелерді қамтиды.

148. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысында жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары қаралады. Аудиторлық қорытынды, Нұсқама Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің және мемлекеттік аудит объектілері өкілдерінің ақпаратын тыңдаудың қорытындысы бойынша қабылданады.

Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысында Аудиторлық қорытындының жобасына құқықтық сүйемелдеу мәселелері бойынша

келіспеушіліктер болған кезде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысының ақпараты тыңдалады.

149. Егер аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысы барысында мемлекеттік аудит объектісі Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Нұсқамасы жобасының тапсырмалық тармақтарын орындау мерзімдерін ауыстыруға не өзге де түзетулерге бастама жасаса, отырыс хаттамасында бастамашы, негіз және қабылданған шешім көрсетіледі.

Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Нұсқамасы жобасын түзету тапсырмалық тармақтарды басқа мүдделі тараптарға қайта бағыттауға қатысты болған жағдайда, оларға Нұсқаманың жобасын жіберу және оны қарау Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысынан кейін осы Қағидалардың 137-тармағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

150. Құпия сипаттағы аудиторлық іс-шаралар бойынша отырыстар Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнамасында белгіленген талаптар сақтала отырып өткізіледі.

151. Мемлекеттік органдармен жүргізілген бірлескен аудиторлық іс-шараның қорытындысы бойынша Аудиторлық қорытынды мен нұсқамалар Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысында осы органның өкілдерінің қатысуымен ақпаратты талқылағаннан кейін қабылданады.

152. Аудиторлық қорытынды Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Қаулысымен бекітіледі.";

154 және 155-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"154. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі қол қойған Аудиторлық қорытындыны және Жиынтық тізілімді немесе Аудиторлық қорытындыдан және Жиынтық тізілімнен алынған үзінді қоса беріліп, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына жіберілген Нұсқамалар көрсетілген мерзімдерде қаралуы тиіс.

155. Қаулылар мен Аудиторлық қорытындыларды толық көлемінде мыналарға:

Жоғары аудиторлық палата - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және құқық қорғау органдарына;

Тексеру комиссиялары - облыстың (облыстық маңызы бар қаланың, ауданның) жергілікті атқарушы органына, тиісті мәслихатқа және құқық қорғау органдарына жіберуі мүмкін.

Аудиторлық қорытындыда жазылған Қазақстан Республикасының Үкіметіне, жергілікті атқарушы органдарға ұсынымдар Қаулының және Аудиторлық қорытындының мөрмен расталған көшірмелері қоса беріліп, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасы қол қоятын хатпен Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне, тиісті әкімдерге жіберіледі.";

3-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бөлім. Жоғары аудиторлық палатаның жоғары мемлекеттік аудит органдарымен жүргізетін үстеме тексеруін, сондай-ақ бірлескен және қатар тексерулерін жүргізудің ерекшеліктері";

160-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"160. Үстеме тексеруді жүргізген мемлекеттік аудиторлар және тартылған сарапшылар Аудиторлық есепті екі данада жасайды және оларға қол қояды.

Аудиторлық есептің бірінші данасы үстеме тексеру аяқталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде осы Қағидалардың 125-тармағында көрсетілген қолайлы тәсілдердің бірімен Жоғары аудиторлық палатаға (Тексеру комиссиясына) жіберіледі, ол бойынша Заңның 24-бабына сәйкес сапа бақылауы рәсімі жүргізіледі және сараптамалық және заң қорытындысы қалыптастырылады.

Аудиторлық есептің екінші данасы үстеме тексеру аяқталған күні мемлекеттік аудит объектісінің кіріс хат-хабарларды есепке алу жүйесінде тіркеледі не хабарламамен пошта арқылы жіберіледі.";

3-бөлімнің 2-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Жоғары аудиторлық палатаның елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен жүргізетін бірлескен және қатар тексерулерін жүзеге асыру.";

162-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"162. Елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірлескен немесе қатар тексерулеріне Жоғары аудиторлық палатаның қатысуының құқықтық негізі Бақылаудың басшылық қағидаттарының Лима декларациясы, Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымының (ИНТОСАИ), Еуропа жоғары аудит органдары ұйымының (ЕУРОСАИ), Азия жоғары аудит органдары ұйымының (АЗОСАИ), Экономикалық ынтымақтастық елдерінің жоғары аудит органдары ұйымының (ЭКОСАИ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржылық бақылау органдары басшылары кеңесінің, Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) туралы шарттың, елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен Жоғары аудиторлық палатаның ынтымақтастық туралы келісімдері шеңберінде қабылданған шешімдер, Заң және осы Қағидалар болып табылады.";

164 және 165-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"164. Жоғары аудиторлық палата бірлескен тексеруді елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірге тексерудің ортақ тақырыбы, Бағдарламасы бойынша және келісілген мерзімдерде екіжақты немесе көпжақты негізде жүргізеді.

165. Жоғары аудиторлық палата қатар тексеруді елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарымен бірге кейіннен оның нәтижелерімен алмаса отырып, келісілген мәселелер мен жүргізу мерзімдері бойынша өзара келісім шеңберінде дербес жүргізеді.";

167 және 168-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"167. Бірлескен немесе қатар тексеруді жүргізу үшін мемлекеттік аудитті жүргізуге, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелер аудиторлық іс-шараға жауапты Жоғары аудиторлық палата мүшесінің басшылық етуімен тексеру жүргізу басталғанға дейін екі ай бұрын елдердің жоғары мемлекеттік аудитінің бір немесе бірнеше органымен ақпарат алмасу жөнінде жұмыстар жүргізеді, онда:

1) тексерудің мақсаты, міндеттері мен мәселелері;

2) тексеру объектілері;

3) тексеру жүргізу мерзімдері;

4) тексеру жүргізуге жауапты адамдар;

5) ұлттық заңнамада, ынтымақтастық туралы келісімдерде айқындалған функциялары мен аудиторлық өкілеттіктеріне сүйене отырып, әрбір жоғары мемлекеттік аудит органының қатысу шарттары мен мәселелері;

6) жоғары мемлекеттік аудит органдарының тексеру жүргізуге байланысты жұмыстарды қаржыландыру бөлігіндегі міндеттемелері;

7) ақпарат алмасу және тексеру нәтижелерін ресімдеу тәртібі, соның ішінде қорытынды құжаттың нысаны;

8) аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша шешімдерді дайындау мен қабылдау тәртібі;

9) аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын мониторингілеу (бақылау) тәртібі айқындалады.

168. Сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшемен бірлесіп, Жоғары аудиторлық палатаның аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің басшылық етуімен ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органымен ақпарат алмасқаннан кейін бірлескен (қатар) тексеруді жүргізу туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) және Тексеру бағдарламасының жобаларын дайындау жөнінде жұмыстар жүргізеді.";

170, 171, 172 және 173-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"170. Ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органымен келісілген Келісім және Бағдарлама жобаларына Жоғары аудиторлық палатаның жауапты мүшесі, мемлекеттік аудитті жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге, сапа бақылауына, сыртқы байланыстарды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары бұрыштама қойып, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына қол қоюға енгізіледі.

Келісім және Бірлескен тексерудің бағдарламасы тексеру басталғанға дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей, ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органына бекіту үшін жіберіледі.

171. Бірлескен тексеру тобының құрамына кіретін Жоғары аудиторлық палатаның жұмыскерлері өздері болған елдің аумағында тексеру жүргізу кезінде, болған елінің

мемлекеттік аудит жүргізу заңнамасын, қағидаларын, сондай-ақ бекітілген Келісімді және Бірлескен тексеру бағдарламасын басшылыққа алуға міндетті.

172. Бірлескен (қатар) тексеруді сапалы жүргізу мақсатында Жоғары аудиторлық палатаның тексеруге жауапты мүшесі ынтымақтасып отырған елдің жоғары мемлекеттік аудит органымен Жоғары аудиторлық палатаның өзара іс-қимылын:

1) бірлескен (қатар) тексеруді жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелер талқыланатын кеңестер;

2) консультациялар;

3) әдістемелік және талдамалық құжаттар, ақпарат алмасу түрінде ұйымдастырады.

173. Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен тексеру жүргізілген кезде Аудиторлық есеп Жоғары аудиторлық палатаның бланкісінде тексеру объектісі үшін бір данасы ескеріле отырып, бірлескен тексеруге қатысып отырған елдердің жоғары мемлекеттік аудит органдарының санына тең даналарының саны бойынша ресімделеді.

Аудиторлық есепке тексеруді жүргізген жұмыскерлер қол қойған, Жүйелік кемшіліктердің тізбесі, бірлескен немесе қатар тексерудің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тізілімі қоса беріледі.";

176-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"176. Қатар немесе бірлескен тексерудің қорытындылары туралы Жоғары аудиторлық палатаның Аудиторлық қорытындысы, егер Келісімде өзгеше көзделмесе, осы Қағидалардың 3-бөлімінде белгіленген тәртіпке сәйкес Жоғары аудиторлық палатаның отырысында қаралады және қабылданады.";

182, 183 және 184-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"182. Мемлекеттік аудит объектілеріне осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, оларда көрсетілген мерзімдерде қаралатын Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Нұсқамалары Аудиторлық қорытындының немесе Аудиторлық қорытындыдан үзінді көшірменің қоса берілуімен жіберіледі.";

183. Заңның 5-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларға ықпал ететін себептерді, жағдайларды жою, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылық шараларын қолдану үшін Нұсқама дайындайды. Нұсқама аудит жүргізуге, құқықтық қамтамасыз етуге, сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелермен келісіліп, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылып, мемлекеттік аудит объектісінің басшысына және мемлекеттік аудит объектісіне басшылықты немесе басқаруды жүзеге асыратын жоғары тұрған органға жіберіледі.

184. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Нұсқамаларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының жауаптылығы ӘҚБтК-де көзделген.";

187-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"187. Жоғары аудиторлық палатаның және тексеру комиссияларының мемлекеттік аудиторлары ӘҚТК-нің 216, 219, 233 (үшінші бөлігі), 235, 236, 237, 247 (алтыншы бөлігі)-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды ӘҚТК-ге сәйкес толтырады және әкімшілік жазалар қолданады.

Хаттаманың және қаулының жобасы ӘҚТК-де белгіленген мерзімдер шегінде ұсынылған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен (заңгер) келісіледі.";

191-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"191. Жоғары аудиторлық палатаның материалдарды құқық қорғау органдарына беруі Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 5 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы туралы ережеге сәйкес бекітілетін Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша мемлекеттік аудит материалдарын беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Тексеру комиссияларының материалдарды құқық қорғау органдарына беруі тексеру комиссиялары мен құқық қорғау органдары бекіткен бірлескен бұйрықтарға сәйкес жүзеге асырылады.";

196 және 197-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"196. Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) сотқа талап қоюды беруді нұсқамаларының, соның ішінде бюджетке өтеудің, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) ерікті түрде өтелмеген (қалпына келтірілмеген) анықталған бұзушылықтар сомаларын есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтірудің қажеттігін қамтитын нұсқамаларының тапсырмалық тармақтары көрсетілген мерзімдерде орындалмаған және орындау мерзімдерін ұзарту туралы шешім болмаған кезде жүзеге асырады.

197. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше нұсқамалардың тапсырмалық тармақтары орындалуы тиіс күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде орындалмаған жағдайда, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесімен алдын ала келісім бойынша Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының атына сотқа талап қоюға бастамашылық жасау туралы қызметтік жазбаның жобасын дайындап, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге келісуге жібереді.";

199-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"199. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісім бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылған,

сотқа талап қоюға бастамашылық жасалғаны туралы қызметтік жазба жасайды және тиісті шаралар қабылдау үшін Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына жібереді.";

201-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"201. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) басшылығы айқындаған құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскері және қажет болған жағдайда, тиісті құрылымдық бөлімшелер басшыларының келісімі бойынша, аудиторлық іс-шараны жүргізген мемлекеттік аудитор және (немесе) нұсқамалар тармақтарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын жұмыскер сот процесіне тікелей қатысады.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдардың, Нұсқамаларының орындалуын мониторингілеуді жүзеге асыру";

5-тараудың 1-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды, Нұсқамаларын бақылауға қою және олардың орындалуын мониторингілеу";

202-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"202. Құжат айналымына жауапты (немесе Тексеру комиссиясының Регламентінде айқындалған) құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды, Нұсқамаларының тармақтарын қол қойылған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде бақылауға қоюды жүзеге асырады, олардың орындалу мерзімі келгенге дейін бес жұмыс күні бұрын Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне олардың орындалу мерзімі туралы ескертеді."

;

204, 205 және 206-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"204. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Нұсқамалары тармақтарының іске асырылу барысына мониторинг жүргізеді және тоқсан сайынғы негізде Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасын хабардар етеді.

Мониторинг нәтижелерін талдау мен есептілікті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше Қазақстан Республикасының Президентіне және Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын тоқсан сайынғы ақпаратты, сондай-ақ есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің (жергілікті бюджеттердің) атқарылуы туралы жылдық есепті қалыптастыру, бұзушылықтарды болдырмау мақсатында оларды жүйелеу үшін пайдаланады.

205. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше жартыжылдықтың қорытындысы бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың екінші айының 20 күнінен кешіктірмей, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына аудиторлық іс-шаралар материалдарының сапасын бақылаудың нәтижелері туралы, сондай-ақ талдаудың қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Аудиторлық қорытындыларында қамтылған ұсынымдардың, Қаулыларының (Нұсқамаларының) орындалу сапасы жөнінде жинақталып қорытылған ақпарат ұсынады.

206. Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды қараудың нәтижелері туралы және Нұсқамаларды орындау туралы ақпаратты мемлекеттік аудит объектісі және оларда көрсетілген мүдделі адамдар растайтын құжаттарымен бірге тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде Жоғары аудиторлық палатаға (Тексеру комиссиясына) жібереді.";

5-тараудың 2-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Мемлекеттік аудит объектісінің Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдарды және Нұсқамасының тармақтарын орындауын талдау";

207 және 208-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"207. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдардың және міндетті түрде орындау үшін жіберілген нұсқамалардың орындалуына жауапты Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мүшесімен бірлесіп, тұрақты және жүйелі негізде мыналардың:

1) аудит объектілерінің Аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдарды қарауының, соның ішінде қарау нәтижелері туралы ақпараттың және олардың қаралғанын растайтын құжаттардың және шешімдер қабылдаудың;

2) Нұсқамалардың тапсырмалық тармақтарын орындаудың, соның ішінде аудит объектісі және мүдделі адамдар жіберетін Нұсқамаларды орындау нәтижелері туралы ақпараттың және растайтын құжаттардың уақтылылығы мен толықтығын бақылау мен талдауды жүзеге асырады.

208. Сапа бақылауын жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит объектісінен, Үкіметтен ақпарат (растайтын құжаттар) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Нұсқама тармақтарын мемлекеттік аудит объектілерінің орындауына, Үкіметтің қарауына бақылау жүргізеді.

Үкіметтің Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды орындауы туралы ақпаратты оларды орындауға жауапты мемлекеттік орган (квазимемлекеттік сектор субъектісі) бақылаудан алу не оларды орындау мерзімдерін ұзарту туралы мәселені қарау үшін Жоғары аудиторлық палатаға жібереді.";

210-1, 211, 212, 213, 214, 215 және 216-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"210-1. Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) нұсқамаларының (Қаулыларының) тармақтарын бақылаудан алу үшін:

- 1) толық және сапалы орындалуы;
- 2) заңды тұлғаның таратылуы (соның ішінде банкрот болуы), жеке тұлғаның қайтыс болуы;
- 3) лауазымды адамның және/немесе заңды тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұру үшін шығуы;
- 4) объект шағымдану жөніндегі шараларды қабылдаған жағдайда, заңды күшіне енген сот шешімімен өтелуге (қалпына келтірілуге) жататын фактілердің немесе сомалардың көлемдерінің расталмауы;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ескіру мерзімінің өтуі;
- 6) заңдастыру (рақымшылық жасау) актісін қабылдау, сондай-ақ олардың негізінде Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) қаражатты өтеу (қалпына келтіру) туралы тұжырым жасаған фактілерді заңдастыратын заңнаманы өзгерту;
- 7) жойылмайтын құқықтық және әкімшілік кедергілердің салдарынан ұсынымдар мен тапсырмаларды орындаудың мүмкін еместігі (заңнаманы өзгерту, тиісті жоғары тұрған уәкілетті органдардың шешім қабылдауы);
- 8) сарапшылардың, мамандардың бұзушылық фактілерінің жоқтығы туралы тиісті қорытындыларының болуы (қылмыстық және әкімшілік іс жүргізу шеңберінде);
- 9) тапсырмаларды (ұсынымдарды) дайындау үшін негіз болған анықталған бұзушылықты (әрекетті (әрекетсіздікті) қылмыстық сипаттан арылтатын заңнаманың өзгеруі);
- 10) бұрын жіберілген тапсырмалардың (ұсынымдардың) өзектілігіне әсер ететін ұйымдастырушылық өзгерістер (қайта құру) негіз болып табылады.

211. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалу нәтижелері немесе аудит объектісінен және мүдделі адамдардан қосымша ақпарат сұрату қажеттігі туралы қызметтік жазба жобасын дайындап, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесіне енгізеді. Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) мүшесінің қолы қойылған қызметтік жазба Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына жіберіледі.

212. Тергеу іс-шараларының, сот талқылауларының жүргізілу ұзақтығына, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеумен, сондай-ақ қаржыландырудың болмауымен байланысты жағдайларды қоспағанда, ұсынымдардың және (немесе) нұсқамалар тармақтарының орындалуын үш реттен аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі.

Егер сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше аудит объектісінің ұсынымдардың және (немесе) нұсқамалардың тармақтарын орындау мерзімін ұзарту

үшін ұсынған негіздемелерін осы Қағидалардың 210-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес келмейді деп танылса, онда ол Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) мүшесінің қолымен нұсқамалардың тармақтарын және (немесе) аудиторлық қорытындының ұсынымдарын тиісінше орындамағаны туралы хат жібереді.

213. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасы осы Қағидалардың 211-тармағында көзделген қызметтік жазбаның негізінде Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Нұсқаманың, Қаулының тармақтарын бақылаудан алу, орындау мерзімдерін ұзарту туралы шешім қабылдайды.

214. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасы шешім қабылдаған күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылған хатпен мемлекеттік аудит объектісін Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Аудиторлық қорытындысында қамтылған ұсынымдардың және (немесе) Нұсқама тармақтарының, Қаулылардың бақылаудан алынғаны не олардың орындалуы жалғасатындығы туралы хабардар етеді.

Аудиторлық қорытындыда қамтылған Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдарын бақылаудан алу не орындау мерзімін ұзарту туралы хабарламаны алғаннан кейін ұсынымдардың орындалуына жауапты мемлекеттік орган (квазимемлекеттік сектор субъектісі) атқарылған жұмыс туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің атына жібереді.

Мемлекеттік аудит объектісінің атына Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және (немесе) Нұсқаманың тармақтарын, Тексеру комиссиясы қаулыларын бақылаудан алу не олардың орындалу мерзімін ұзарту туралы ақпаратты жіберу олардың регламенттерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

215. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының қарары бар Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) жауапты мүшесінің қызметтік жазбасын және мемлекеттік аудит объектілерінің Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Нұсқамалардың, Қаулылардың тармақтарын орындауы туралы ақпаратты ЖАП ИАЖ-ға жүктеуді жүзеге асырады.

216. Қажет болған жағдайда, Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқаманың, Қаулылардың тармақтарының орындалу барысы туралы мәселені талқылау мемлекеттік аудит объектілерінің, уәкілетті мемлекеттік органдардың және ұйымдардың лауазымды адамдарының ақпаратын тыңдау үшін оларды шақыра отырып, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысына шығарылады, оны қараудың қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданады.";

5-тарау 3-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-параграф. Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) шешімдерінің орындалуын тексеру";

217, 218, 219, 220, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 227 және 228-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"217. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің басшылық етуімен Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқамалар тармақтарының толық орындалуы туралы мемлекеттік аудит объектісінен ақпарат алған күннен кейін жеті жұмыс күні ішінде объекті қабылдаған шаралардың толықтығына бақылау жүргізу, сондай-ақ бұзушылықтардың жойылуын және ұсынымдардың орындалуын растау қажет болған кезде Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының атына Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) шешімдерінің орындалуына тексеру (бұдан әрі - тексеру) жүргізу күнін келісе отырып, оны жүргізудің орындылығы туралы қызметтік жазба дайындайды.

218. Тексеру жүргізу туралы шешімді Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасы қабылдайды.

219. Тексеру мынадай тәсілдердің біреуі арқылы жүзеге асырылады:

1) Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне енгізе отырып, аудит объектісіне шығу арқылы Аудиторлық қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Нұсқамалар тармақтарын орындаудың толықтығы мен анықтығына бақылау жүргізу;

2) сыртқы мемлекеттік аудит органы осы объектіде жүргізетін (жоспарлаған) аудиторлық іс-шара бағдарламасына тексеру жүргізу мәселелерін қосу.

220. Тексеру жүргізу Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) шешімдерінің орындалуын мониторингілеуге және бақылауға жауапты Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) мүшесінің тапсырмасы негізінде жүзеге асырылады.

221. Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) шешімдерінің орындалуын тексеру үшін мемлекеттік аудит тобының құрамына мемлекеттік аудиторлар, ал қажет болған кезде сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскерлері кіреді.

222. Тексеру жүргізу нәтижелері бойынша оны жүргізген адам (адамдар) растайтын құжаттарды (қарау, тексеріп қарау актісі, фото-бейнематериалдар, жүргізілген жағдайда, жүргізілген пікіртерім нәтижелері, болған жағдайда тиісті уәкілетті органдардың, ұйымдардың сараптамалық қорытындылары және т.б.) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) шешімдерінің орындалуын тексеру актісін (бұдан әрі - Тексеру актісі) жасайды.

Тексеру актісі Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) бланкісінде екі данада (бірінші данасы - Жоғары аудиторлық палатаға (Тексеру комиссиясына), екінші данасы – мемлекеттік аудит объектісіне) ресімделеді.

223. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасы тексеру нәтижелері бойынша қызметтік жазбаның негізінде Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) шешімдерін толық бақылаудан алу не жекелеген тармақтарын орындауды жалғастыру туралы шешім қабылдайды.

224. Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының қарарын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісіне Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) шешімінің толық бақылаудан алынғаны немесе оны орындаудың жалғасатыны туралы хабарлама жібереді.

225. Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының қарары бар тексеру актісі, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің ақпараты ЖАП ИАЖ-ға енгізіледі.

226. Мемлекеттік аудит объектісі Нұсқамалар тармақтарының орындалуы жөніндегі ақпаратты тиісті мерзімдерде ұсынбаған жағдайда, Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Нұсқама тармақтарының орындалу мерзіміне дейін кемінде екі жұмыс күні бұрын мемлекеттік аудит объектісіне ЭҚАЖ (болған жағдайда) арқылы және қағаз түрінде поштамен ӘҚТК-нің 462-бабында көзделген әкімшілік жауаптылық туралы ескерту жібереді.

227. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит объектісі ақпарат ұсынбаған жағдайда – бес жұмыс күні ішінде, ал көрсетілген мерзімде Нұсқама тармақтарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда – Нұсқамада көрсетілген мерзім өткеннен кейін жеті жұмыс күні ішінде Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының атына мемлекеттік аудит объектісіне әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану туралы қызметтік жазбаның жобасын дайындайды және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге келісуге жібереді.

228. Құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше үш жұмыс күні ішінде қызметтік жазбаның жобасын әкімшілік іс жүргізуді қозғаудың орындылығы тұрғысынан қарайды.

Әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін негізділігі болған жағдайда, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметтік жазбасын келіседі, ал бас тартқан жағдайда, тиісті қорытынды жібереді.

Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшемен келісім бойынша мемлекеттік аудит объектісіне әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану туралы Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің қолы қойылған

қызметтік жазба жасайды және Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Төрағасына жібереді.

Әкімшілік іс жүргізуді қозғау орынды деп танылған жағдайда, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды.";

230, 231, 232 және 233-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"230. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін қарау жөнінде отырыс өткізу қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) интернет-ресурсына тиісті баспасөз релизі және құпиялылық режимі сақтала отырып, аудиторлық қорытынды орналастырылады.

231. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін қарау бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) алдағы отырысы туралы анонс Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) интернет-ресурсына оны өткізгенге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей орналастырылады.

232. Аудиторлық іс-шараның нәтижелерін қарау бойынша Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) отырысы өткізілгеннен кейін жұртшылықпен байланысқа жауапты құрылымдық бөлімше қажет болған жағдайда, қоғамдық маңыздылығын ескере отырып, Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) Төрағасының келісімімен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің алдында Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) лауазымды адамдарының сөз сөйлеуін ұйымдастырады.

233. Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) Аудиторлық қорытындысы бекітіліп, Нұсқамасына қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит тобының жетекшісі Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің келісімі бойынша мемлекеттік аудит материалдарын (Аудиторлық есеп (№1 дана) және Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) қарсылықтарға уәжделген жауаптары , құқықтық қамтамасыз етуге және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшелердің сараптамалық қорытындылары, Аудиторлық қорытындыға, Жиынтық тізілімге, Жиынтық кестеге (болған жағдайда), отырыс хаттамасына, қаулыға, нұсқамаларға) материалдарды қоса тіркеу туралы қызметтік жазбаны (болған жағдайда) қамтыған аудиторлық іс-шара материалдары бар жинақ папканы толықтырып, кейіннен архивке өткізу үшін құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады, аудиторлық іс-шара материалдарының электрондық нұсқалары Бірыңғай дерекқордың электрондық архивіне және ЖАП ИАЖ-ға енгізіледі.";

2, 3, 4, 5, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16-1, 17, 17-1, 18, 19, 20, 21, 22-қосымшалар осы тізбеге 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33 және 34-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

9. Күші жойылды - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 23.08.2023 № 16-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Тізбеге
1-қосымша
Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тиісті жылға
арналған тізбесін қалыптастыру
және сыртқы мемлекеттік аудит
жүргізу кезінде қолданылатын
тәуекелдерді басқарудың
үлгілік жүйесіне
3-қосымша

Бағдарламалық құжаттар (саланы/аяны дамыту тұжырымдамасы, ұлттық жобалар, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары) бойынша ӨЛШЕМШАРТТАР ТІЗБЕСІ

P/c №	Өлшемшарттың атауы	Өлшем бірлігі	Шекті деңгейлер		Өлшемшарттың (үлес салмағы (%))
			Объективті	нормативтік сараптамалық)	
1	Соңғы мемлекеттік аудит жүргізу кезінен басталатын мерзім	жыл			
2	Аталған бағдарламалық құжат шеңберінде іске асырылатын бюджеттік бағдарламаларды іріктеу өлшемшарттары мәндерінің ауытқу дәрежесінің орташа есептелген көрсеткіші	%			
3	Бағдарламалық құжаттың нысаналы индикаторларын а қол жеткізбеу үлесі	%			
	Бастапқыда бекітілген бағдарламалық				

4	кұжатта көзделген мәндерге қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлардың жалпы санына шаққандағы үлесі	%			
5	Бастапқыда бекітілген нысаналы индикаторлардың жалпы санына шаққанда бағдарламалық құжатты іске асыру барысында өзгеріске ұшыраған нысаналы индикаторлардың үлесі	%			
6	Бағдарламалық құжаттың Іс-шаралар жоспарындағы орындалмаған іс-шаралардың үлесі	%			
7	Бағдарламалық құжат шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобалардың жалпы санына шаққанда олардың уактылы іске асырылмаған үлесі	%			
8	Бағдарламалық құжатты іске асыру кезеңі ішінде оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жиілігі (саны)	бірлік			

Тізбеге
2-қосымша
Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тиісті жылға
арналған тізбесін қалыптастыру
және сыртқы мемлекеттік аудит
жүргізу кезінде қолданылатын
тәуекелдерді басқарудың
үлгілік жүйесіне
4-қосымша

Мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағынысты мекемелері бойынша (шығыс бөлік) ӨЛШЕМШАРТТАР ТІЗБЕСІ

P/c №	Өлшемшарттың атауы	Өлшем бірлігі	Шекті деңгейлер		Нормативтік шекті деңгейден ауытқу пайызы	Өлшемшарттың үлес салмағы (%)
			Объективті	нормативтік (сараптамалық)		
1	Тексерілген кезеңге мемлекеттік аудит объектісіне бөлінген бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджет қаражатының үлесі	%			50% жоғары	
					30%-дан 50%-ға дейін	
					30%-ға дейін	
2	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда қаржылық бұзушылықтардың үлесі	%				
	Анықталған бұзушылықта					

3	рдың жалпы сомасына шаққанда бюджетке өтеуге жататын анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомасы	%				
4	Тапсырмалардың жалпы көлеміне шаққанда мемлекеттік аудит органының орындалмаған тапсырмаларының үлесі	%				
5	Республикалық бюджеттің жалпы көлеміне шаққанда мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жылдық көлемі	%				
6	Республикалық бюджеттің нысаналы даму трансферттерінің жалпы көлеміне шаққанда нысаналы даму трансферттерінің жылдық көлемі	%				
7	Республикалық бюджеттің ағымдағы нысаналы трансферттерінің жалпы көлеміне шаққанда ағымдағы нысаналы	%				

	трансферттердің жылдық көлемі					
8	Өткен жылмен салыстырғанда қаржыландыру көлемдерінің өсуі/төмендеуі	%				
9	Жыл соңына бюджет қаражатының игерілуі	%				
10	Бюджеттің атқарылуы барысында шығыстардың бекітілген жалпы көлеміне шаққанда бюджеттік бағдарлама әкімшісі қайта бөлген (түзеткен) қаражаттың үлесі	%				
11	Өткен кезеңмен салыстырғанда дебиторлық берешек көлемінің өсуі/төмендеуі	%				
12	Өткен кезеңмен салыстырғанда кредиторлық берешек көлемінің өсуі/төмендеуі	%				
	Аталған мемлекеттік органның есепті кезеңде іске асыратын бюджеттік					

13	инвестициялық жобаларының жалпы бекітілген санына шаққанда уақтылы іске асырылмайтын бюджеттік инвестициялық жобалардың үлесі	%				
14	Аталған мемлекеттік органның есепті кезеңде іске асыратын бюджеттік инвестициялық жобаларының жалпы бекітілген санына шаққанда бюджеттің атқарылуы барысында қайта бөлуге (түзетуге) ұшыраған бюджеттік инвестициялық жобалардың үлесі	%				
15	Мемлекеттік органға бөлінген бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттік кіші бағдарламалар арасында	%				

	ка й та бөлінген қаражат үлесі					
16	Кадрлардың тұрақтамау деңгейі	%				

Тізбеге

3-қосымша

Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тиісті жылға
арналған тізбесін қалыптастыру
және сыртқы мемлекеттік аудит
жүргізу кезінде қолданылатын
тәуекелдерді басқарудың
үлгілік жүйесіне
6-қосымша

Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджетке түсетін түсімдердің (салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер) толықтығын және уақтылылығын қамтамасыз ету жөніндегі ӨЛШЕМШАРТТАР ТІЗБЕСІ

P/c №	Өлшемшарттың атауы	Өлшем бірлігі	Шекті деңгейлер		Өлшемшарттың (үлес салмағы (%))
			Объективті	нормативтік (сараптамалық)	
1	Алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда республикалық бюджетке жекелеген түсімдердің төмендеуі	%			
2	Түзетілген болжам деректерін орындау үлесі	%			
3	Түзетілген бюджетке шаққанда бекітілген бюджеттің кіріс бөлігі көрсеткіштерінің ауытқуы	%			

Тізбеге

4-қосымша

Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тиісті жылға
арналған тізбесін қалыптастыру

және сыртқы мемлекеттік аудит
жүргізу кезінде қолданылатын
тәуекелдерді басқарудың
үлгілік жүйесіне
9-қосымша

**Өңірлер (облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана) бойынша ӨЛШЕМШАРТТАР
ТІЗБЕСІ**

Р/с №	Өлшемшарттың атауы	Өлшем бірлігі	Шекті деңгейлер		Өлшемшарттың (үлес салмағы (%))
			Объективті	нормативтік (сараптамалық)	
1	Соңғы мемлекеттік аудит жүргізу кезінен басталатын мерзім				
2	Соңғы екі жылда бөлінген республикалық бюджеттің бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджет қаражатының үлесі				
3	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда қаржылық бұзушылықтардың үлесі				
4	Даму бюджеттік бағдарламалары бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың игерілмеген үлесі				
	Даму бюджеттік бағдарламасыны				

5	н орындалуының тиімділігі (жергілікті атқарушы органдар үшін)	коэффициент			
6	Жергілікті бюджеттің дамуға арналған шығыстарының жалпы көлеміне шаққанда республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерінің жылдық көлемі				
7	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыруды қамтамасыз ету үлесі				
8	Нысаналы даму трансферттері есебінен жергілікті атқарушы орган іске асыратын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың жалпы бекітілген санына шаққанда бюджеттің атқарылуы барысында				

	қайта бөлуге (түзетуге) ұшыраған жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың үлесі				
9	Мемлекеттік орғанға бөлінген бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттік кіші бағдарламалар арасында қайта бөлінген қаражат үлесі				

Тізбеге

5-қосымша

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесіне

11-қосымша

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары бойынша ӨЛШЕМШАРТТАР ТІЗБЕСІ

P/c №	Өлшемшарттың атауы	Өлшем бірлігі	Шекті деңгейлер		Өлшемшарттың (үлес салмағы (%))
			Объективті	нормативтік сараптамалық)	
1	Соңғы мемлекеттік аудит жүргізу кезінен басталатын мерзім	жыл			
2	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда	%			

	қаржылық бұзушылықтардың үлесі				
3	Бағдарламалық құжаттың нысаналы индикаторларына қол жеткізбеу үлесі	%			
4	Бастапқыда бекітілген бағдарламалық құжатта көзделген мәндерге қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлардың жалпы санына шаққандағы үлесі	%			
5	Бастапқыда бекітілген нысаналы индикаторлардың жалпы санына шаққанда бағдарламалық құжатты іске асыру барысында өзгеріске ұшыраған нысаналы индикаторлардың үлесі	%			
6	Бағдарламалық құжаттың Іс-шаралар жоспарындағы орындалмаған іс-шаралардың үлесі	%			
7	Бағдарламалық құжат шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобалардың жалпы санына шаққанда олардың уактылы іске	%			

	асырылмаған үлесі				
8	Бағдарламалық құжатты іске асыру кезеңі ішінде оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жиілігі (саны)	бірлік			

Тізбеге

6-қосымша

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесіне
14-қосымша

Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджетке түсетін түсімдердің (салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер) толықтығын және уақтылылығын қамтамасыз ету жөніндегі ӨЛШЕМШАРТТАР ТІЗБЕСІ

P/c №	Өлшемшарттың атауы	Өлшем бірлігі	Шекті деңгейлер		Өлшемшарттың (үлес салмағы (%))
			Объективті	нормативтік (сараптамалық)	
1	Алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда жергілікті бюджетке жекелеген түсімдердің төмендеуі	%			
2	Түзетілген болжам деректерін орындау үлесі	%			
3	Түзетілген бюджетке шаққанда бекітілген бюджеттің кіріс бөлігі көрсеткіштерінің ауытқуы	%			

Тізбеге
7-қосымша
Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тиісті жылға
арналған тізбесін
қалыптастыру және сыртқы
мемлекеттік аудит жүргізу
кезінде қолданылатын
тәуекелдерді басқарудың
үлгілік жүйесіне
18-қосымша

_____ бойынша¹ (мемлекеттік аудит объектілері топтарының,
нысандарының атауы)

ТӘУЕКЕЛДЕР ТІЗІЛІМІ Жоспарлы кезең: 202__ жыл

Р/с №	Тәуекел өлшем шартын ың атауы және тәуекел дің сипатта масы	Өлшем бірлігі	Ықпал ету	Ықтима лдық	Күтілет ін ықпал ету (4бағ. *5 бағ.)	Шекті мән үлгісі	Шекті мән	Ауытқу 2 %	Үлес салмағ ы	Тәуекел дерді бағалау нәтиже сі (9 бағ . *10 бағ .)	Тәуекел дәреже сі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Объектінің, мемлекеттік аудит мәнінің атауы								Жиынтық нәтиже:3			
1											
2											
3											
...											

Ескертпе:

¹ Тәуекелдер тізілімі мемлекеттік аудит объектілері мен нысандарының бөлінісінде қалыптастырылады.

² Күтілетін ықпалды (6-баған) шекті мәннен (8-баған) алып тастау арқылы анықталады.

³ Жиынтық нәтиже өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді бағалау нәтижелерін қосу арқылы айқындалады.

Тізбеге
8-қосымша
Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тиісті жылға

Нысан

_____ бойынша (мемлекеттік аудит объектілері топтарының,
нысандарының атауы)

ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ ЖИЫНТЫҚ ТІЗІЛІМІ Жоспарлы кезең: 202__ жыл.

P/c №	Мемлекеттік аудит объектісінің, нысанының атауы	Өлшем бірлігі	Жиынтық тізілім	Тәуекел дәрежесі
1	2	3	4	5
1				
2				
3				
...				

Ескертпе:

¹ тәуекелдер тізілімі объектілер мен заттар бөлінісінде қалыптастырылады мемлекеттік аудит.

² күтілетін әсердің ауытқуын есептеу арқылы анықталады (6-баған) шекті мәннен (8-баған).

³ жиынтық нәтиже нәтижелерді жинақтау жолымен айқындалады критерийлер бойынша тәуекелдерді бағалау.

Тізбеге
9-қосымша

Тиімділік аудитін жүргізу
бойынша сыртқы мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
5-қосымша

НЫСАН

Аудиторлық іс-шараның жобалық матрицасы

Тиімділік аудитінің тақырыбы:		
Тиімділік аудитінің мақсаты:		
Тиімділік аудитінің кіші мақсаты (қажет болған жағдайда):		
1-аудиторлық мәселе.		
Өлшемшарт	Ақпарат дереккөзі	Тәуекелдер

1.1		
2-аудиторлық мәселе.		
Өлшемшарт	Ақпарат дереккөзі	Тәуекелдер
2.1.		
3-аудиторлық мәселе.		
Өлшемшарт	Ақпарат дереккөзі	Тәуекелдер
3.1.		

Тиімділік аудиті тобының мүшесі (мүшелері) _____
(қолы, ТАӘ (болған жағдайда))
Тиімділік аудиті тобының жетекшісі _____
(қолы, ТАӘ (болған жағдайда))

Тізбеге
10-қосымша
Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына 5-қосымша

_____ ЖЫЛҒЫ _____ ТОҚСАНДАҒЫ (ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ, 9 айдағы, ЖЫЛҒЫ) ҚЫЗМЕТТІҢ ТҮЙІНДІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

P/c №	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Алдыңғы жылғы ұқсас кезеңде _____ жылғы _____ тоқсан (жартыжыл-дық, 9 ай, жыл)	Есепті кезеңде _____ жылғы _____ тоқсан (жартыжыл-дық, 9 ай, жыл)	ауытқу %-бен, есе
1	2	3	4	5	6
I. Сандық көрсеткіштер					
1	Мемлекеттік аудиттің және сараптамалық-талдау іс-шараларының саны	Бірлік (бұдан әрі – бірл.)			
2	Мемлекеттік аудитпен қамтылған объектілердің саны	бірл.			

3	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі	миллион теңге (бұдан әрі - млн. теңге)			
4	Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің барлық анықталған бұзушылықтары, соның ішінде	млн. теңге			
4.1	қаржылық бұзушылықтар	млн. теңге			
4.2	рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар	млн. теңге			
4.3	Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын іске асыру үшін қабылданған, квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің бұзушылықтары	млн. теңге			
4.4	тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері	млн. теңге			
4.5	тиімсіз жоспарланғаны	млн. теңге			
5	Анықталған рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны	бірл.			
6	Бір объектіге шаққанда анықталған бұзушылықтар сомасы, соның ішінде	млн. теңге			

7	бір объектіге шаққанда анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы	млн. теңге			
II. Сапалық көрсеткіштер					
8	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда анықталған бұзушылықтардың үлесі, соның ішінде	%-бен			
8.1	мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда анықталған қаржылық бұзушылықтардың үлесі	%-бен			
9	Жоғары аудиторлық палатаның ұстауға бөлінген қаражатқа шаққанда өтелген (қалпына келтірілген, есеп бойынша көрсетілген) сомалардың арақатынасы				
10	Өтеуге (қалпына келтіруге, есеп бойынша көрсетуге) жататын қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда іс жүзінде өтелген (қалпына келтірілген, есеп бойынша көрсетілген)	%-бен			

	сомалардың үлесі (мерзімі келгендерімен бірге)				
11	Өтеуге (қалпына келтіруге, есеп бойынша көрсетуге) жататын қаражаттың жалпы көлеміне шаққанда іс жүзінде өтелген (қалпына келтірілген, есеп бойынша көрсетілген) сомалардың үлесі	%-бен			
12	Жоғары аудиторлық палатаның тапсырмалары мен ұсынымдарының орындалу үлесі (орындау мерзімі келгендерімен бірге)	%-бен			
13	Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша Жоғары аудиторлық палатаның орындалған ұсынымдарының үлесі	%-бен			

Тізбеге
11-қосымша
Республикалық бюджеттің
атқарылуын кейіннен бағалауды
жүзеге асыру бойынша сыртқы
мемлекеттік аудиттің
және қаржылық бақылаудың
рәсімдік стандартына
қосымша

Жоғары аудиторлық палатаның есебі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің ____ жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне қорытындының үлгілік құрылымы

КІРІСПЕ

I БӨЛІМ. Республикалық бюджеттің атқарылуының макроэкономикалық жағдайлары

II БӨЛІМ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

2.1. Есепті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның орындалуын бағалау

2.2. Республикалық бюджеттің негізгі параметрлерінің атқарылуын бағалау

III БӨЛІМ. ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ, КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

3.1. Орталық мемлекеттік органдардың республикалық бюджет қаражатын пайдалануының және қызметінің тиімділігін бағалау

3.2. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің республикалық бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану тиімділігін бағалау

3.3. Өңірлерде (облыстарда) республикалық бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалау

IV БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІК

4.1. Тұжырымдар

4.2. Ұсынымдар

ЕСЕПКЕ ҚОСЫМШАЛАР

Тізбеге

12-қосымша

Мәслихаттарға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына қосымша

Нысан

Тексеру комиссиясының ____ жылғы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебінің үлгілік құрылымы (жергілікті атқарушы органның есебіне қорытынды)

КІРІСПЕ

I БӨЛІМ. ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

II БӨЛІМ. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН ТАЛДАУ

2.1. Жергілікті бюджетке түскен түсімдердің атқарылуын бағалау

2.2. Жергілікті бюджет кірістерінің атқарылуын бағалау

2.2.1. Салықтық түсімдерді талдау

2.2.2. Салықтық емес түсімдерді талдау

2.2.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау

2.2.4. Трансферттер түсімдерін талдау

2.3. Жергілікті бюджет шығыстарының атқарылуын бағалау

2.3.1. Жергілікті бюджет шығындарының атқарылуын талдау

2.3.2. Бюджеттік кредиттердің пайдаланылуын талдау

2.3.3. Қаржы активтерін сатып алуға жұмсалған шығындарды талдау

2.3.4. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді талдау

III БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

3.1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының іске асырылуын бағалау

3.2. Өңірде басқа да бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы туралы ақпарат

IV БӨЛІМ. ЖЕКЕЛЕГЕН БАҒЫТТАР БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

4.1. Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігін бағалау

4.2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін бағалау

4.3. Мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

4.4. Квazимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

РАЗДЕЛ V. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН БАҒАЛАУ

VI БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІК

5.1. Тұжырымдар

5.2. Ұсынымдар

ЕСЕПКЕ ҚОСЫМШАЛАР

1. Қосымша материалдар (кестелер, диаграммалар)

2. Тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі жұмысы туралы ақпарат

Тізбеге

13-қосымша

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің

2016 жылғы 31 наурыздағы
№ 5-НҚ нормативтік қаулысына
10-қосымша

1001. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалау жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалау жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Рәсімдік стандарт) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының (бұдан әрі – мемлекеттік аудит органдары) қызметіне бағалау жүргізудің мақсатын, міндеттерін, тәсілдерін, бағыттары мен өлшемшарттарын, оған қойылатын рәсімдік талаптарды айқындайды.

2. Рәсімдік стандарт "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 4-тармағының 24) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Рәсімдік стандарттың мақсаты мемлекеттік аудит органдары қол жеткізген нәтижелердің деңгейін өлшеу, олардың жұмыс сапасы мен нәтижелілігін арттыру, мемлекеттік аудит органдары қызметінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкестігін бағалау болып табылады.

4. Рәсімдік стандарттың міндеті мемлекеттік аудит органдарының қызметін бағалауды жүзеге асыруға және жүргізілген бағалаудың (бұдан әрі – Бағалау) нәтижелерін ресімдеуге қойылатын рәсімдік талаптарға бірыңғай тәсілді белгілеу болып табылады.

5. Бағалау келесі тәсілдермен:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметтерінің есептік ақпаратына жүргізген талдауды және олардың жұмыс тиімділігін бағалауды ескере отырып, олардың ақпараты негізінде Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасын (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) қоспағанда, барлық мемлекеттік аудит органдарына қатысты жыл қорытындысы бойынша камералдық тәртіппен (бұдан әрі – камералдық тәртіппен бағалау);

2) Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес тексеру комиссияларында және ішкі аудит қызметтерін қоспағанда, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органда және оның аумақтық бөлімшелерінде оның аумақтық бөлімшелерінде) жоспарлы тәртіппен (бұдан әрі – жоспарлы тәртіппен бағалау) жүзеге асырылады.

Осы Рәсімдік стандарттың 5-тармағының 1) тармақшасы бойынша ақпараттың толықтығы мен анықтығын мемлекеттік аудит органдарының бірінші басшылары қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік аудит органдары дәйексіз және толық емес ақпарат ұсынған жағдайда:

1) мемлекеттік аудит органының қызметін жалпы бағалаудан болған айыппұл көрсеткіші (-5) балл мөлшерінде ескеріледі;

2) мемлекеттік аудит органының басшысын жауаптылыққа тарту туралы ұсыным Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы бар лауазымды адамға (органға) жіберіледі.

6. Тексеру комиссиялары қызметінің нәтижелері бойынша олардың қызметіне рейтингілік бағалау жүзеге асырылады.

Тексеру комиссиясының соңғы екі жылдағы тексеру комиссияларының қызметін бағалау рейтингінде бір тексеру комиссиясы бірінші позицияға ие болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындауға және лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды адамға (органға) осы тексеру комиссиясының бірінші басшысын көтермелеу туралы ұсыным жіберіледі.

7. Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау", "Ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 480 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16878 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның қызметін бағалаудың бағыттары мен өлшемшарттары

8. Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органды камералдық тәртіппен бағалау мынадай бағыттар:

1) Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және оның орындалуы;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу;

3) камералдық бақылау жүргізу;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуы;

5) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің жауаптылығы;

6) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі шешімдерінің орындалуы;

7) өзге де бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

9. "Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және оның орындалуы" бағытының өлшемшарттары:

1) Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінің жобасын қалыптастыру;

2) жоспардан тыс аудит жүргізу туралы хабарламалар жіберу;

3) Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне өзгерістер енгізу;

4) Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінің орындалуы (өтпелі аудиторлық іс-шараларды қоспағанда, Мемлекеттік аудит объектілерінің бастапқы тізбесіне қарай нақтыланған ауытқу) болып табылады.

10. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу" бағытының өлшемшарттары:

1) мемлекеттік аудит барысында бұзушылықтарды анықтау;

2) бұзушылықтар сомасын бюджетке өтеу (камералдық бақылауды қоспағанда);

3) бұзушылықтарды қалпына келтіру және есеп бойынша көрсету (камералдық бақылауды қоспағанда);

4) басқа мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар бойынша шығарылған қаулыларды және соттар шығарған, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп өндіріп алуға жіберілген қаулыларды қоспағанда, төлеу мерзімі келген әкімшілік айыппұлдардың сомаларын бюджет кірісіне өндіріп алу;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің және оның аумақтық бөлімшелерінің материалдары бойынша талап қоюларды соттардың қанағаттандыруы;

6) бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін нормативтік құқықтық актілерге, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілеріне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды енгізу және қабылдау;

7) өткен кезеңдерді ескере отырып, мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралар қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдар, тапсырмалар (орындалу мерзімі басталған) санынан орындалған ұсынымдардың, тапсырмалардың үлесі болып табылады.

11. "Камералдық бақылау жүргізу" бағытының өлшемшарттары:

1) камералдық бақылау бойынша хабарламалардың орындалуы;

2) камералдық бақылау хабарламаларына қарсылықтарды қарау нәтижелері;

3) қамтуға жататын жалпы санның ішінен камералдық бақылаумен қамтылған конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің үлесі болып табылады.

12. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуы" бағытының өлшемшарттары:

1) Жоғары аудиторлық палата жүргізген жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру нәтижелері;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 167 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарының (бұдан әрі – Жалпы стандарттар), Заңның 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бекітілген мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың

рәсімдік стандарттарының (бұдан әрі – рәсімдік стандарттар), сондай-ақ Жалпы және рәсімдік стандарттарға сәйкес қабылданатын актілердің талаптарын сақтау жоспарлы тәртіппен бағаланады.

2) Заңның 8, 19 және 24-баптарында көзделген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес емес деп танылған құжаттардың бар болуы;

3) Заңның 39-бабының 8-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алу болып табылады.

13. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің жауаптылығы" бағытының өлшемшарттары:

1) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерін ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметіне байланысты тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері;

2) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің құқыққа қайшы іс-қимылдарына жеке және заңды тұлғалардың өтініш жасау жағдайларын растау болып табылады.

14. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі шешімдерінің орындалуы" бағытының өлшемшарты Үйлестіру кеңесі шешімдерінің орындалуының толықтығы, сапасы және уақтылылығы болып табылады.

15. "Өзге де бағыттар" бағытының өлшемшарттары:

1) ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізу;

2) ішкі аудит қызметтеріне әдіснамалық көмек көрсету;

3) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын орындамау немесе уақтылы орындамау болып табылады.

4) жүргізілген жұмыс қорытындылары бойынша, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен аудиторлық іс-шаралар нәтижелері бойынша кездесулер, брифингтер, баспасөз конференцияларын, дөңгелек үстелдер өткізу.

3-тарау. Тексеру комиссияларының қызметін бағалаудың бағыттары мен өлшемшарттары

16. Тексеру комиссияларын камералдық тәртіппен бағалау мынадай бағыттар:

1) Мемлекеттік аудит объектілері тізбесін қалыптастыру және орындау;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу;

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуы;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің жауаптылығы;

5) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі (және оның Кіші комитеті) шешімдерінің орындалуы;

6) өзге де бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

17. "Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру және орындау" бағытының өлшемшарты Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыру және Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін орындау (өтпелі аудиторлық іс-шаралар мен Жоғары аудиторлық палатаның тапсырмасы және тиісті маслихаттардың шешімдері бойынша өткізілетін аудиторлық іс-шараларды қоспағанда, Мемлекеттік аудит объектілерінің бастапқы тізбесіне нақтыланған ауытқу) болып табылады.

18. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу" бағытының өлшемшарттары:

1) өткен кезеңдерді ескере отырып, мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шаралар қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдар, тапсырмалар (орындалу мерзімі басталған) санынан орындалған ұсынымдардың, тапсырмалардың үлесі;

2) ұсынымдардың жалпы санына шаққанда заңнамадағы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілеріндегі олқылықтар мен қайшылықтарды жоюға бағытталған ұсынымдар;

3) материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға беру қорытындысы бойынша, сондай-ақ тексеру комиссиясына байланысты емес себептер бойынша адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тартпау фактілерін қоспағанда, мемлекеттік аудит органының әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру қорытындысы бойынша адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту фактілері;

4) соттардың: тексеру комиссиялары бюджетке өтеу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету және нұсқаманы орындау мақсатында берген/тексеру комиссияларының қалпына келтіруге және өтеуге берілген жалпы сомадан сомаларды қалпына келтіру және өтеу туралы нұсқамаларының сомаларына шағым жасау мақсатында мемлекеттік аудит объектілері берген талап қоюларын қанағаттандыруы;

5) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындылары бойынша (кіріс бөлігін қоспағанда) қаражатты өтеу (қалпына келтіру);

6) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау қорытындылары бойынша бюджет қаражаты мен активтерін тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану;

7) өткен кезеңдерді ескере отырып, ұсынымдар мен тапсырмаларды мерзімдерін бұза отырып орындау;

8) тексеру комиссиясы нұсқамасының тармақтарын (тармақшаларын, бөліктерін) сот тәртібімен заңсыз деп тану;

9) жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылығы, бюджетке түсетін түсімдердің алынуы, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау

қорытындылары бойынша жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген сомаларды қайтарудың, есепке жатқызудың дұрыстығы.

10) аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға электрондық ақпараттық есепке алу деректерін енгізу болып табылады.

19. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуы" бағытының өлшемшарттары:

1) Жоғары аудиторлық палата жүргізген жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру нәтижелері.

Жалпы стандарттардың, Заңның 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бекітілген рәсімдік стандарттардың, сондай-ақ Жалпы және рәсімдік стандарттарға сәйкес қабылданатын актілердің талаптарын сақтау жоспарлы тәртіппен бағаланады.

2) Заңның 8, 19 және 24-баптарында көзделген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес емес деп танылған құжаттардың бар болуы;

3) Заңның 39-бабының 8-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік аудитор сертификатын қайтарып алу болып табылады.

20. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жұмыскерлерінің жауаптылығы" бағытының өлшемшарттары:

1) тексеру комиссиялары жұмыскерлерін тексеру комиссияларының қызметіне байланысты тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері;

2) тексеру комиссиялары жұмыскерлерінің құқыққа қайшы іс-қимылдарына жеке және заңды тұлғалардың өтініш жасау жағдайларын растау болып табылады.

21. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі (және оның Кіші комитеті) шешімдерінің орындалуы" бағытының өлшемшарттары:

1) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі шешімдерінің толық, сапалы және уақтылы орындалуы;

2) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесінің кіші комитеті шешімдерінің толық, сапалы және уақтылы орындалуы болып табылады.

22. "Өзге да бағыттар" бағытының өлшемшарттары:

1) тексеру комиссияларының өзінің жұмысы туралы Жоғары аудиторлық палатаға ұсынатын ақпараттың қойылатын талаптарға сәйкестігі;

2) ақпараттың Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша бірыңғай дерекқорға (Жоғары аудиторлық палатаның интеграцияланған ақпараттық жүйесіне) берілуі;

3) Мемлекет басшысы мен Президент Әкімшілігінің тапсырмаларын, сондай-ақ оларға қатысты Жоғары аудиторлық палатаның тапсырмаларын орындамау немесе уақтылы орындамау;

4) жүргізілген жұмыс қорытындылары бойынша, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен аудиторлық іс-шаралар нәтижелері бойынша кездесулер, брифингтер, баспасөз конференцияларын, дөңгелек үстелдер өткізу болып табылады.

4-тарау. Мемлекеттік аудит органдарының қызметіне бағалау жүргізу тәртібі

1-параграф. Камералдық тәртіппен бағалау

23. Мемлекеттік аудит органдарының қызметін камералдық тәртіппен бағалау ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның қызметін осы Рәсімдік стандартқа 1-қосымшаға сай, тексеру комиссияларының қызметін осы Рәсімдік стандартқа 2-қосымшаға сай бағалау бағыттарына және өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Өлшемшарттар бойынша бағалау қызметтің белгіленген оң және теріс көрсеткіштеріне сәйкес жүргізіледі.

25. Бағалау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше мынадай тиісті бағашығарады:

100 балл және одан жоғары – тиімді;

71 балдан 99 балға дейін – қанағаттанарлық;

70 балдан (қоса алғанда) кем – тиімсіз.

26. Бағалау мыналарды:

1) осы Рәсімдік стандартқа 3-қосымшаға сай нысан бойынша толтырылатын мемлекеттік аудит органдарының қызметін бағалау бағыттары мен өлшемшарттары бойынша бағалаудың салыстырмалы кестесін;

2) мемлекеттік аудит органдары бөлінісінде бағалаудың барлық бағыттары бойынша жинақталған ақпаратты қамтиды.

27. Бағыттар, өлшемшарттар және көрсеткіштер бойынша бағалауды айқындау мақсатында:

1) тексеру комиссиялары әрбір өлшемшарт және бағалау көрсеткіштері бойынша жасалған түсіндірме жазбаны қоса алғанда, растайтын құжаттары бар ақпаратты жылдың қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаға 20 қаңтардан кешіктірмей жібереді;

2) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган әрбір өлшемшарт және бағалау көрсеткіштері бойынша жасалған түсіндірме жазбаны қоса алғанда, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, есепті ақпаратқа өзі жүргізген талдауды және ішкі аудит қызметтері қызметінің тиімділігін бағалауды ескере отырып, ақпаратты жыл қорытындысы бойынша Жоғары аудиторлық палатаға 1 ақпаннан кешіктірмей жібереді ;

3) Жоғары аудиторлық палатаның ішкі құжатына сәйкес бекітілген бағыттар, өлшемшарттар мен көрсеткіштер бойынша бағалауға жауапты құрылымдық

бөлімшелері алынған ақпарат пен қолда бар мәліметтер негізінде жыл қорытындысы бойынша бағалау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшеге жинақтау үшін бағалау нәтижелерін 5 ақпаннан кешіктірмей жібереді.

28. Мемлекеттік аудит органдарының қызметін бағалау нәтижелері 25 ақпаннан кешіктірілмей мемлекеттік аудит органдарына танысу үшін жіберіледі.

29. Мемлекеттік аудит органының қызметін бағалауға қарсылықтар болған кезде мемлекеттік аудит органы оларды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарымен бірге Жоғары аудиторлық палатаға жібереді.

30. Мемлекеттік аудит органының қызметін бағалауға қарсылықтарды қарау растайтын құжаттар болған кезде оларды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етіледі.

Растайтын құжаттары жоқ және осы Рәсімдік стандарттың 29-тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін келіп түскен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметін бағалауға қарсылықтар қарауға жатпайды.

31. Мемлекеттік аудит органының қызметін бағалауға қарсылықтарды қарау қорытындылары бойынша Жоғары аудиторлық палата осы Рәсімдік стандарттың 30-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде негіздемелері бар қарсылықтарды қабылдау немесе қабылдамау туралы жауап жібереді.

32. Мемлекеттік аудит органдарының қызметін бағалаудың түпкілікті қорытындылары Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына 20 наурыздан кешіктірілмей ұсынылады.

33. Мемлекеттік аудит органдарының қызметін бағалау қорытындылары тексеру комиссияларының қызметін бағалау рейтингінде соңғы үш позицияға ие болған тексеру комиссияларының, сондай-ақ ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшыларының есептік ақпаратын тыңдай отырып Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үйлестіру кеңесі кіші комитетінің отырысына шығарылады.

2-параграф. Жоспарлы тәртіппен бағалау

34. Мемлекеттік аудит органдарының қызметін жоспарлы тәртіппен бағалау:

1) мемлекеттік аудит органдары Жоғары аудиторлық палатаға осы Рәсімдік стандарттың бағыттары мен өлшемшарттары бойынша ұсынатын ақпараттың анықтығы мен толықтығы;

2) мемлекеттік аудит органдарының Жалпы стандарттардың, Заңның 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бекітілген рәсімдік стандарттардың, сондай-ақ Жалпы және рәсімдік стандарттарға сәйкес қабылданатын актілердің талаптарын сақтауы тұрғысынан тексеру тәсілімен жүзеге асырылады.

35. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу Заңға сәйкес қалыптастырылған Жоғары аудиторлық палатаның мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне енгізіледі.

36. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу жөніндегі басшылықты Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде бекітілген Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі жүзеге асырады.

37. Жоспарлы тәртіппен бағалауды Жоғары аудиторлық палата тікелей тексеру комиссиясында немесе ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органда және оның аумақтық бөлімшелерінде екі жылда бір реттен жиі емес жүргізеді.

38. Жоспарлы тәртіппен бағалау мынадай негіздердің бірі болған кезде жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы;

2) жыл қорытындылары бойынша камералдық тәртіппен бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит органының қызметінде елеулі тәуекелдерді анықтау және (немесе) тексеру комиссияларының рейтингінде төмен баға алғандар;

3) осы Рәсімдік стандарттың 37-тармағында көзделген негіздер бойынша.

39. Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі Жоғары аудиторлық палатаның сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп, жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізуге Өтінім жасаған кезде мемлекеттік аудит органдарын және стандарттардың сақталуына тексеру жүргізудің әрбір кезеңінің мерзімдерін айқындайды.

40. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеруді сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшенің мемлекеттік аудиторлары Заңға сәйкес қалыптастырылған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сай жүзеге асырады.

41. Жоғары аудиторлық палатаның басқа құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлерін аппарат басшысының, Жоғары аудиторлық палатаның тиісті мүшесінің, сондай-ақ тікелей басшысының келісімі бойынша, сондай-ақ басқа мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудиторлары арасынан олардың бірінші басшыларының келісімі бойынша тартуға жол беріледі.

Тексеру тобы айқындалған жағдайда, олардың арасынан топтың жұмысын үйлестіретін, жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу процесінде туындайтын проблемалық мәселелерді шешетін топ жетекшісі анықталады.

42. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізілгенге дейін мыналар:

1) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорында және (немесе) Жоғары аудиторлық палатаның интеграцияланған ақпараттық жүйесінде орналастырылған құжаттар;

2) Жоғары аудиторлық палатаға келіп түскен мемлекеттік аудит органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық

актілердің талаптарын бұзуы, мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттері жөніндегі мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

3) Жоғары аудиторлық палатаның 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13647 болып тіркелген) (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палатаның нормативтік қаулысы), Жоғары аудиторлық палатаның нормативтік қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына сәйкес Жоғары аудиторлық палатаға ұсынылған тексеру комиссиясының есептілігі;

4) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңның 46-бабының 3-тармағына сәйкес Жоғары аудиторлық палатамен және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен өзара іс-қимыл қағидаларына және осы Рәсімдік стандартқа сәйкес Жоғары аудиторлық палатаға ұсынылған ақпарат;

5) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Кіші комитеті мен Үйлестіру кеңесінің шешімдерін орындау қарауға жатады.

43. Осы Рәсімдік стандарттың 42-тармағында көрсетілген құжаттарды қараудың негізінде осы Рәсімдік стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу бағдарламасы құрастырылады.

44. Жоғары аудиторлық палата мүшесінің осы Рәсімдік стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген тапсырмасы жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады.

Тапсырма жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізуге құқық беретін ресми құжат болып табылады және "Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162

бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21964 болып тіркелген) сәйкес құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркей отырып, қатаң есептілік бланкісінде ресімделеді.

45. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеруге шыққанға дейін Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі:

1) бекітілген бағыттар, өлшемшарттар мен көрсеткіштер бойынша бағалауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің келісуін ескере отырып, жауапты құрылымдық бөлімше басшысы құрастырған және қол қойған Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу бағдарламасын бекітеді;

2) сапа бақылауына және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелер басшыларымен келісілген Тапсырмаға қол қояды.

46. Осы Рәсімдік стандартқа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген және Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі қол қойған жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу туралы хабарлама жоспарлы тәртіппен тексеру жүргізу басталғанға дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей, электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйелері арқылы мемлекеттік аудит органына жіберіледі.

47. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу басталмас бұрын мемлекеттік аудит органының басшысына:

1) жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізуге Тапсырма;

2) қызметтік куәліктер не олардың жеке басын куәландыратын құжаттар көрсетіледі

48. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізудің басталған кезі мемлекеттік аудит органының лауазымды адамына (адамдарына) Тапсырманың көрсетілген күні болып табылады.

49. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүзеге асырылатын мемлекеттік аудит органының басшысына немесе лауазымды адамға Тапсырма берілген күннен бастап екінші күннен кешіктірмей осы Рәсімдік стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мәліметтер, құжаттама, ақпарат және материалдар (дәлелдемелер) беру туралы талап беріледі.

50. Мынадай себептерді ескере отырып, соның ішінде аудиторлық есептердің жалпы санынан 10% кем емес аудиторлық есептерді қамту жолымен материалдардың көлеміне, еңбек ресурстары мен тексеру кезеңіне байланысты тексеруге жататын материалдарды іріктеу қолданылады:

1) бюджет қаражатын және мемлекет активтерін және/немесе анықталған бұзушылықтарды қамтудың ең үлкен сомасы;

2) экономиканың әр түрлі салаларында жүргізілген мемлекеттік аудит;

3) мемлекеттік аудит органдарының әртүрлі жауапты лауазымды адамдарына бекітілген аудиторлық іс-шаралар.

Бұл ретте іріктеуді қолдану кезінде Жоғары аудиторлық палатамен бірге жүргізілген аудиторлық іс-шаралар алып тасталады.

51. Құпия материалдарды зерделеу және талдау Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

52. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша жүргізілген тексерудің нәтижелері бойынша осы Рәсімдік стандартқа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жөніндегі есеп (бұдан әрі – Есеп) жасалады. Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер Есептегі жазбалардың анықтығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының деректемелеріне қажетті сілтемелер көрсетіле отырып, объективті және дәл сипатталады. Бұзушылықтың әрбір анықталған фактісі, сондай-ақ кемшіліктері бұзушылық пен кемшіліктің сипаты, түрі сипаттала отырып, реттік тәртіппен нөмірленеді және жеке тармақта тіркеледі.

53. Есеп екі данада жасалып, оған жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізген лауазымды адамдар қол қояды.

Есептің бір данасы жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізу аяқталған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей мемлекеттік аудит органына жіберіледі, екінші данасы Жоғары аудиторлық палатада қалады.

54. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік аудит органы нәтижелерін алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Есепке жазбаша қарсылығын Жоғары аудиторлық палатаға ұсынады.

Көрсетілген мерзім өткен соң келіп түскен мемлекеттік аудит органының Есепке қарсылығы қарауға жатпайды.

55. Мемлекеттік аудит органы белгіленген мерзімде ұсынған Есепке қарсылығын Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру жүргізген мемлекеттік аудиторлармен және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің жұмыскерлерімен бірлесіп Қорытындыны дайындау кезеңінде қарайды. Жоғары аудиторлық палатаның отырысы өткізілетін күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мемлекеттік аудит органына қарсылықтың әрбір тармағы бойынша қабылданған және қабылданбаған дәлелдерді көрсете отырып уәждеделген жауап жіберіледі.

56. Мемлекеттік аудит органының Есепке ұсынған түсініктемесі оған жауап дайындалмастан назарға алынады.

57. Есептің негізінде тұжырымдар мен ұсынымдар қамтылатын Қорытынды ресімделеді. Қорытынды осы Рәсімдік стандартқа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

58. Жауапты құрылымдық бөлімше заң сараптамасын жүргізу үшін Қорытынды, Қаулы және Нұсқаманың жобаларын жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру

материалдарымен қоса құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеге Есепке мемлекеттік аудит органының қарсылықтарын алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жібереді.

Қорытындының, Қаулының және Нұсқаманың жобалары бойынша заң сараптамасы кейіннен заң сараптамасының қорытындысы Жоғары аудиторлық палатаның мүшесіне және сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберіле отырып, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Нұсқаманың жобасы заң сараптамасы жүргізілгеннен кейін Жоғары аудиторлық палата мүшесінің қолымен Жоғары аудиторлық палатаның отырысын өткізгенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мемлекеттік аудит органының қарауы үшін жіберіледі.

Нұсқаманың жобасымен келіспеген жағдайда, мемлекеттік аудит органы Жоғары аудиторлық палатаға оларды алған күннен бастап екі жұмыс күнінен артық емес мерзімде хат түрінде қарсылығын жібереді.

59. Қорытындыға Жоғары аудиторлық палатаның сапа бақылауын жүргізуге және құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары бұрыштама қояды, Жоғары аудиторлық палатаның жауапты мүшесі қол қояды және Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына Жоғары аудиторлық палатаның отырысын өткізгенге дейін төрт жұмыс күні бұрын ілеспе хатпен ұсынылады.

60. Мемлекеттік аудит органы лауазымды адамдарының іс-қимылында қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, тиісті дәлелдемелері бар материалдарды құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға беруді құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімше Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі" және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 5 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы туралы ережеге сәйкес бекітілетін Сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу кезінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша мемлекеттік аудит материалдарын беру қағидаларының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады.

61. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша тексеру нәтижелері Жоғары аудиторлық палатаның отырысында қаралады.

Жоғары аудиторлық палата мүшесінің не сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше басшысының және мемлекеттік аудит органы басшысының ақпаратын тыңдау қорытындылары бойынша Қорытынды және Нұсқама қабылданады.

62. Қорытынды Жоғары аудиторлық палатаның қаулысымен бекітіледі.

Қаулы мыналарды:

1) жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша жүргізілген тексеру қорытындылары бойынша дайындалған Қорытындыны бекіту туралы шешімді;

2) Қорытындыны немесе одан үзіндіні және Нұсқаманы мемлекеттік аудит органына беру туралы шешімді;

3) құқық қорғау органдарына (болған жағдайда) материалдарды беру туралы шешімді қамтиды.

63. Жоспарлы тәртіппен бағалау бойынша жүргізілген тексеру қорытындылары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит органына:

1) Қорытынды немесе одан үзінді;

2) осы Рәсімдік стандартқа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жоғары аудиторлық палатаның Нұсқамасы жіберіледі.

Жоғары аудиторлық палатаның Қорытындысы бекітіліп, Нұсқамасына қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жоспарлы тәртіппен бағалау жөніндегі тексеру тобының жетекшісі жоспарлы тәртіппен бағалау жөніндегі тексеру жүргізу туралы хабарламаны, мәліметтерді, құжаттаманы, ақпарат пен материалдарды (дәлелдемелерді) ұсыну туралы талап, мемлекеттік аудит органдарының қарсылықтары мен түсіндірмелері (болған кезде) және Жоғары аудиторлық палатаның қарсылықтарға уәжделген жауаптары, құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшенің сараптамалық қорытындысын, қоса тіркеу туралы қызметтік жазбаларды қамтыған (Тексеру бағдарламасының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшесі қол қойған Қорытындының көшірмелері) жинақ папкасы толықтырылған тексеру материалдарын кейіннен архивке өткізу үшін құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімшеге тапсырады.

Жоспарлы тәртіппен бағалау жөніндегі тексеру материалдарының электрондық нұсқалары Бірыңғай дерекқордың электрондық архивіне және Жоғары аудиторлық палатаның Интеграцияланған ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

64. Құжат айналымына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палатаның Қорытындысында қамтылған ұсынымдарды, Нұсқамаларының тармақтарын қол қойылған күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде бақылауға қоюды жүзеге асырады, олардың орындалу мерзімі келгенге дейін бес жұмыс күні бұрын Жоғары аудиторлық палатаның мүшесіне олардың орындалу мерзімі туралы ескертеді.

65. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палатаның Қорытындысында қамтылған ұсынымдардың және Нұсқамаларының тармақтарының іске асырылу барысына мониторинг жүргізеді.

66. Қорытындыда берілген ұсынымдарды қараудың нәтижелері туралы және Нұсқамаларды орындау туралы ақпаратты мемлекеттік аудит органдары растайтын құжаттарымен бірге тиісті құжаттарда көрсетілген мерзімдерде Жоғары аудиторлық палатаға жібереді.

67. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Қорытындыда берілген ұсынымдардың және міндетті түрде орындау үшін жіберілген Нұсқамалардың орындалуын Жоғары аудиторлық палатаның мүшесімен бірлесіп, тұрақты және жүйелі негізде мыналардың:

1) мемлекеттік аудит органының Қорытындыда берілген ұсынымдарды қарауының, соның ішінде қарау нәтижелері туралы ақпараттың және олардың қаралғанын растайтын құжаттардың және шешімдер қабылдаудың;

2) Нұсқамалардың тапсырмалық тармақтарын орындаудың, соның ішінде мемлекеттік аудит органдары жіберетін Нұсқамаларды орындау нәтижелері туралы ақпараттың және растайтын құжаттардың уақтылылығы мен толықтығын бақылау мен талдауды жүзеге асырады.

68. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше мемлекеттік аудит органынан ақпарат (растайтын құжаттар) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Нұсқама тармақтарын мемлекеттік аудит органының орындауына сапа бақылауын жүргізеді.

69. Бақылау:

1) Қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқамалар тармақтарының орындалуының толықтығы және анықтығы, растайтын құжаттардың болуы;

2) Қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқамалар тармақтарының орындалу мерзімдерін ұзарту туралы ұсыныстар енгізудің негізділігі;

3) бақылаудан алудың негізділігі тұрғысынан жүргізіледі.

Бұзушылықтардың жойылғанын және Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдары мен тапсырмаларының орындалғанын, мемлекеттік аудит органдары қабылдаған шараларды растау үшін қажет болған жағдайда барып бақылау жүргізуге жол беріледі.

70. Мемлекеттік аудит органы ақпарат ұсынбаған не олар көрсетілген мерзімде Нұсқама тармақтарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылады.

71. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше бақылау қорытындылары бойынша осы Рәсімдік стандартқа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынымдарды және (немесе) нұсқамалар тармақтарын орындау нәтижелері туралы қызметтік жазба жобасын немесе мемлекеттік аудит органынан қосымша ақпарат сұратуды дайындайды және Жоғары аудиторлық палатаның мүшесіне енгізеді.

Қызметтік жазба Жоғары аудиторлық палата мүшесінің қолы қойылып, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасына жіберіледі.

Ұсынымдарды және (немесе) нұсқама тармақтарын орындау мерзімін ұзартуға мемлекеттік аудит органына тәуелсіз объективті негіздер бойынша ғана жол беріледі.

72. Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы осы Рәсімдік стандарттың 71-тармағында көзделген қызметтік жазбаның негізінде Қорытындыда қамтылған

ұсынымдарды және Нұсқаманың тармақтарын бақылаудан алу, орындау мерзімдерін ұзарту туралы шешім қабылдайды.

73. Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасы шешім қабылдаған күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палата мүшесінің қолы қойылған хатпен мемлекеттік аудит органына Жоғары аудиторлық палатаның Қорытындысында қамтылған ұсынымдардың және (немесе) Нұсқамасының тармақтарының бақылаудан алынғаны не олардың орындалуы жалғасатындығы туралы хабардар етеді.

74. Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімше Жоғары аудиторлық палата Төрағасының қарары бар Жоғары аудиторлық палата мүшесінің қызметтік жазбасын және мемлекеттік аудит органының Қорытындыда қамтылған ұсынымдарды және Нұсқамалардың тармақтарын орындауы туралы ақпаратты Жоғары аудиторлық палатаның Интеграцияланған ақпараттық жүйесіне жүктеуді жүзеге асырады.

75. Қажет болған жағдайда, Қорытындыда қамтылған ұсынымдардың және Нұсқаманың тармақтарының орындалу барысы туралы мәселені талқылау мемлекеттік аудит органының лауазымды адамдарының ақпаратын тыңдау үшін оларды шақыра отырып, Жоғары аудиторлық палатаның отырысына шығарылады, оны қараудың қорытындысы бойынша тиісті шешім қабылданады.

76. Жоғары аудиторлық палата ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органда (және оның аумақтық бөлімшелерінде) және тексеру комиссияларында жоспарлы тәртіппен жүргізген бағалау жөніндегі тексеру нәтижелері бойынша өткен кезеңдерде белгіленген бұзушылықтар мен ескертулер бағалау бағыттары мен өлшемшарттарына сәйкес олардың есепті кезеңдегі қызметіне бағалау жүргізу кезінде ескеріледі.

Мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
органдарының қызметіне
бағалау жүргізу бойынша
сыртқы мемлекеттік
аудиттің және қаржылық
бақылаудың рәсімдік
стандартына
1-қосымша

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның қызметін бағалаудың бағыттары мен өлшемшарттары

№	Бағыттар бойынша бағалау өлшемшарттары	Көрсеткіштер	Балдар
1-бағыт: Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және оның орындалуы			
		Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен мемлекеттік	

1.1.	Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінің жобасын қалыптастыру	аудит объектілері тізбесінің жобаларын алмасқаннан кейін ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудит объектілері тізбесінің жобасында қайталау фактілерінің болмауы	5
		Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен мемлекеттік аудит объектілері тізбелерінің жобаларымен алмасқаннан кейін ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі жобасында қайталану фактілерінің болуы:	
		1-2 факті;	-1
		3-5 факті;	-2
		5 фактіден астам	-3
1.2.	Жоспардан тыс аудит жүргізу туралы хабарламалар жіберу	Хабарламаларды жіберудің уақтылығы	5
		Жоспардан тыс аудит жүргізу туралы хабарламаны жібермеу не уақтылы жібермеу:	
		1-ден 2 фактіге дейін;	-1
		3-тен 5 фактіге дейін;	-3
		5 фактіден астам	-5
1.3.	Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне өзгерістер енгізу	Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінен мемлекеттік аудит объектілерін алып тастау фактілерінің болмауы	5
		Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне енгізілген өзгерістер саны (мемлекеттік аудит объектілерінің атауы, аудит типі, тексеру түрі, мемлекеттік аудит объектілерін мемлекеттік аудитпен қамту кезеңі,	

		бюджет деңгейі, бюджет қаражатын, мемлекет активтерін мемлекеттік аудитпен қамту сомасы):	
		1-ден 5 фактіге дейін;	-1
		5-тен 10 фактіге дейін;	-2
		10 фактіден астам	-3
1.4.	Мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінің орындалуы (өтпелі аудиторлық іс-шараларды қоспағанда, мемлекеттік аудит объектілерінің бастапқы тізбесіне нақтыланған ауытқу)	Мемлекеттік аудит объектілерінің бастапқы тізбесіне шаққанда мемлекеттік аудит объектілерінің ауытқуы:	
		аудит объектілерінің 0%-дан 10%-ға дейін қоса алғанда	5
		мемлекеттік аудит объектілерінің 11%-дан 30%-ға дейін қоса алғанда	-3
		мемлекеттік аудит объектілерінің 31%-дан бастап және одан да көпті қоса алғанда	-5
2-бағыт: мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу			
2.1.	Мемлекеттік аудит барысында бұзушылықтарды анықтау	Аудитпен қамтылған жалпы сомадан мемлекеттік сатып алу рәсімдерін бұзушылықтардың анықталған сомаларының үлес салмағы:	
		0%-дан 50%-ға дейін;	1
		50%-дан 60%-ға дейін;	2
		60%-дан 70%-ға дейін;	3
		70%-дан 80%-ға дейін;	4
		80%-дан астам	5
		Аудитпен қамтылған жалпы сома мен активтерден шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша бұзушылықтардың анықталған сомаларының үлес салмағы:	
		0%-дан 50%-ға дейін;	1
		50%-дан 60%-ға дейін;	2
		60%-дан 70%-ға дейін;	3

		70%-дан 80%-ға дейін;	4
		80%-дан астам	5
2.2.	Бұзушылықтар сомасын бюджетке өтеу (камералдық бақылауды қоспағанда)	Бюджетке өтеуге ж а т а т ы н бұзушылықтардың жалпы сомасына шаққанда есепті кезеңде бюджетке өтелген бұзушылықтар сомаларының үлес салмағы::	
		0%-дан 10%-ға дейін;	1
		10%-дан 20%-ға дейін;	2
		20%-дан 30%-ға дейін;	3
		30%-дан 40%-ға дейін;	4
		40%-дан 50%-ға дейін;	5
		50%-дан 60%-ға дейін	6
		60%-дан 70%-ға дейін	7
		70%-дан 80%-ға дейін	8
		80%-дан 90%-ға дейін	9
		90%-дан 100%-ға дейін	10
2.3.	Бұзушылықтарды қалпына келтіру және есеп бойынша көрсету (камералдық бақылауды қоспағанда)	Қалпына келтіруге ж а т а т ы н бұзушылықтардың жалпы сомасына шаққанда есепті кезеңде қалпына келтірілген және есеп бойынша көрсетілген бұзушылықтар сомасының үлес салмағы:	
		0%-дан 50%-ға дейін;	0
		50%-дан 60%-ға дейін;	1
		60%-дан 70%-ға дейін	2
		70%-дан 80%-ға дейін	3
		80%-дан 90%-ға дейін	4
		90%-дан 100%-ға дейін	5
		Басқа мемлекеттік органдардан (Құқық қорғау органдарынан, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасынан, Тексеру комиссияларынан, Ішкі аудит қызметтерінен) келіп түскен материалдар бойынша шығарылған	

2.4.	Басқа мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар бойынша шығарылған қаулыларды және соттар шығарған, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп өндіріп алуға жіберілген қаулыларды қоспағанда, төлеу мерзімі келген әкімшілік айыппұлдардың сомаларын бюджет кірісіне өндіріп алу	қаулыларды және соттар шығарған, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп өндіріп алуға жіберілген қаулыларды қоспағанда, төлеу мерзімі келген, есепті кезеңде салынған айыппұлдардың жалпы сомасына шаққанда бюджет кірісіне өндіріп алынған әкімшілік айыппұлдар сомаларының үлес салмағы: 50%-ға дейін 50%-дан 60%-ға дейін; 60%-дан 70%-ға дейін 70%-дан 80%-ға дейін 80%-дан 90%-ға дейін 90%-дан 100%-ға дейін	
2.5.	Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің материалдары бойынша талап қоюларды соттардың қанағаттандыруы	Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің материалдары бойынша соттар қанағаттандырған талап қоюлардың үлес салмағы: 0%-дан 20%-ға дейін; 20%-дан 40%-ға дейін; 40%-дан 60%-ға дейін; 60%-дан 80%-ға дейін; 80%-дан 100%-ға дейін	
2.6.	Бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін нормативтік құқықтық актілерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілеріне өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстарды енгізу және қабылдау	Бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін нормативтік құқықтық актілерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілеріне өзгерістер енгізу жөнінде енгізілген және қабылданған ұсыныстар саны	әрбір қабылданған ұсыныс үшін 1 балл (ең жоғары 12 балл)

2.7.	Өткен кезеңдер ескеріле отырып, мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдар, тапсырмалар санынан орындалған ұсынымдар, тапсырмалар үлесі (орындау мерзімі басталған)	Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша қабылданған ұсынымдардың орындалған тармақтарының үлесі:	
		70%-дан 80%-ға дейін;	3
(үкіметтік) бағдарламаны, даму стратегиясын іске асыруға арналған жоспарлы шығыстар – қаржыландыру көздері бөлінісінде, бекітілген сомалар – Бағдарламаны, даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, нақты бөлінген

және игерілген сомалар – жылдар бөлінісінде, стратегиялық жоспармен бекітілген бюджеттік бағдарламалар және активтер – қаржыландыру көлемі, нақтыланған, түзетілген және игерілген сомалары көрсетіле отырып, жылдар бөлінісінде, қол жеткізілген нысаналы индикаторлардың, мемлекеттік (үкіметтік) бағдарлама, стратегиялық жоспар, даму стратегиялары нәтижелері көрсеткіштерінің саны жоспарланғандардың ішінен - кезеңдер бөлінісінде, қол жеткізілмеген жағдайда себебі

көрсетіледі, Бағдарламаны, даму стратегияларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары іс-шараларының орындалғандарының/орындалмағандарының саны, орындалмаған жағдайда себебі көрсетіледі, бұзушылықтар және/немесе кемшіліктер

фактілері анықталған жағдайда, оларды бірыңғай нөмірлеу жолымен бекіту қажет болады).

5) _____

(аудит объектілерінің саны болмашы болған жағдайда мемлекеттік аудит объектілерін

таңдау өлшемшарттарының сипаттамасы және негіздемесі қолданылмайды)

6) _____

(аудиторлық іріктемені негіздеу (қажет болған жағдайда маңыздылық деңгейін айқындау) және аудиторлық тәуекелді бағалау)

7) _____

(Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының мемлекеттік аудиторларының (мемлекеттік аудиторлар ассистенттерінің) үлестестік тізілімін аудит

тобы мүшелерінің мемлекеттік аудит объектілерімен үлестестігі тұрғысынан талдау

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы жұмыскерлерінің үлестестік тізілімі Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.)

2. Мемлекеттік аудит объектісін алдын ала зерделеудің және жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша мыналарды ұсынамыз:

2.1. Аудит бағдарламасына мыналар енгізілсін:

1) аудиторлық іс-шарамен қамтылатын бюджет қаражаты мен активтердің көлемі

(тексерілетін жылдар және бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде аудиторлық іріктеудің қорытындылары бойынша мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат пен

активтер көлемі көрсетіледі)

2) мемлекеттік аудит объектілері және оларды мемлекеттік аудиторлар (тартылған жағдайда мемлекеттік аудитордың ассистенті) арасында бөлу, соның ішінде бірлескен

және қатар тексеру жүргізілген кезде, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының арасында

бөлу _____

3) зерделенген мемлекеттік аудит объектілеріне қатысты қолданылатын мемлекеттік

аудиттің типі мен тексерудің

түрі _____

4) тиімділік аудитін немесе сәйкестік аудитін жүргізу кезіндегі көрсеткіштер және көрсеткіштердің әрбіреуіне мәселелер _____

2.2. Аудиторлық іс-шарадан мынадай негіздер _____

(мемлекеттік аудит объектісінің атауы)

бойынша _____

(тиісті негіздер, аудиторлық іріктеудің нәтижелері көрсетіледі)

мемлекеттік аудит объектісі алынып тасталсын.

2.3. Аудиторлық іс-шаралар жүргізу мерзімі мынадай негіздер _____ бойынша қайта қаралсын (ұлғайтылсын/қысқартылсын)

2.4. Мемлекеттік аудит тобы мүшелерінің аудит объектілерімен мүдделер қақтығысын

талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік аудит тобының мынадай құрамы

ұсынылады: _____

(мүдделер қақтығысының болуы немесе болмауы расталады)

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі _____

(қолы, аты-жөні, тегі)

Мемлекеттік аудит тобына қатысушылар _____

(қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: 2.2, 2.3-тармақтар қажет болған жағдайда толтырылады.

Тізбеге
19-қосымша
Сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
8-қосымша

Нысан

"Бекітемін"
Қазақстан Республикасы
Жоғары аудиторлық
палатасының
(облыстың, қаланың тексеру
комиссияның) мүшесі

Т.А.Ә.(қолы)
20__ жылғы "___" _____

АУДИТ БАҒДАРЛАМАСЫ

I. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

1. 1. Аудиторлық іс-шараның атауы:

2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты:

3. Мемлекеттік аудиттің типі, тексерудің түрі:

4. Мемлекеттік аудиттің мәні:

5. Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі:

6. Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең:

7. Аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімдері:

8. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: топ жетекшісі, мемлекеттік аудиторлар (ассистенттер), сарапшылар:

9. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

№ р/с	Мемлекеттік аудит объектісінің атауы	Мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала)
1	2	3

II. МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОБЪЕКТІЛЕРІ БОЙЫНША АУДИТТІҢ (бірлескен, қатар тексерудің) КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекеттік аудит объектісінің атауы _____

—

Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты

Мемлекеттік аудиттің типі

Мемлекеттік аудитпен қамтылатын кезең

Мемлекеттік аудит жүргізудің жалпы мерзімі (күндер саны)

№ р/с	Қаражаттың және (немесе) активтердің көлемі *					Мемлекеттік аудит көрсеткіштері (критерийлер)	Аудиторлық іс-шараның мәселелері	Жауапты мемлекеттік аудитор (сарапшы, ассистент)	Жүргізу мерзімде (күндері)
	жыл	бюджеттік бағдарлама	бюджеттік кіші бағдарлама	активтер	сомасы				

III. НОРМАТИВТІК-ӘДІСНАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше басшысы

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі

Мемлекеттік аудиторлар (сарапшылар, ассистенттер)

Ескертпе:

* бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің қамтылу көлемін көздемейтін аудиторлық іс-шараларды қоспағанда.

Мемлекеттік аудит жүргізу бағдарламасын (бұдан әрі – Аудит бағдарламасы) жасау.

"I. Жалпы ақпарат" бөлімінде:

1. Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес аудиторлық іс-шараның атауы.
2. Аудиторлық іс-шараның мақсаты.

Жоспарланған мемлекеттік аудиттің тақырыбына және типіне қарай мақсаты ретінде "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңның 12-бабының 1, 2, 3-тармақтарында көзделген бағыттар көрсетіледі.

3. Мемлекеттік аудиттің типі, тексеру түрі.

Жүргізілетін мемлекеттік аудиттің тиісті типі көрсетіледі: сәйкестік, қаржылық есептілік, тиімділік. Тексеру жүргізілген жағдайда оның түрі көрсетіледі. Үстеме тексеру жүргізу кезінде мемлекеттік аудиттің типі көрсетілмейді.

4. Мемлекеттік аудиттің мәні.

Оларға қатысты мемлекеттік аудит жүргізу жүзеге асырылатын экономикалық құбылыстар, процестер, оқиғалар, құжаттар.

5. Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі.

Жүргізілетін аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар тексеру) шеңберінде аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексеру) қамтылуға жататын қаражаттың және (немесе) активтердің жалпы көлемі көрсетіледі.

Осы бөлім республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына, республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомаларының қайтарылуына, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу, талдамалық іс-шара жүргізу кезінде толтырылмайды.

6. Аудиторлық іс-шарамен қамтылатын кезең.

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезеңі (күндері, айлары, жылдары) көрсетіледі.

7. Аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімдері.

Аудиторлық іс-шараны жүргізудің басталған және аяқталған күндері көрсетіледі.

8. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: топ жетекшісі, мемлекеттік аудиторлар (ассистенттер), сарапшылар.

Жоғары аудиторлық палата (Тексеру комиссиясы) жұмыскерлерінің (жұмыскерінің), мемлекеттік аудиторлардың және ассистенттердің, мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар жұмыскерлерінің және сарапшылардың (олар тартылған жағдайда) тегі, аты-жөні, лауазымы көрсетіледі.

9. Мемлекеттік аудит объектілері:

1-бағанда – реттік нөмірі;

2-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің атауы;

3-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала).

"II. Мемлекеттік аудит объектілері бойынша аудиттің (бірлескен, қатар тексерудің) көрсеткіштері мен мәселелері":

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы.

Мемлекеттік аудит объектісінің реттік нөмірі, атауы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты.

Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мәселелеріне сүйене отырып, аталған мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудиттің мақсаты көрсетіледі.

3. Мемлекеттік аудиттің типі.

Осы мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілетін мемлекеттік аудиттің тиісті типі: сәйкестік, қаржылық есептілік, тиімділік аудиті көрсетіледі. Тексеру жүргізілген жағдайда, оның түрі көрсетіледі. Үстеме тексеру жүргізілген кезде мемлекеттік аудиттің типі көрсетілмейді.

4. Мемлекеттік аудитпен қамтылатын кезең.

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің аудиторлық іс-шарамен (бірлескен, қатар тексерумен) қамтылатын кезеңі (күндері, айлары, жылдары) көрсетіледі.

5. Мемлекеттік аудит жүргізудің жалпы мерзімі (күндер саны).

Осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны (бірлескен, қатар тексеруді) жүргізудің басталған және аяқталған күні көрсетіледі.

Кесте бойынша:

1-бағанда – рет саны нөмірі;

2-бағанда – бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламалар бөлінісінде қаражаттың және (немесе) активтердің көлемі;

3-бағанда – мемлекеттік аудиттің көрсеткіштері;

4-бағанда – аудиторлық іс-шараның мәселелері;

5-бағанда – жауапты мемлекеттік аудитор, сарапшы, ассистент;

6-бағанда – осы мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шараны жүргізу мерзімдері, кезеңдері көрсетіледі.

"III. Нормативтік-әдіснамалық қамтамасыз ету" бөлімінде:

Аудиторлық іс-шара (бірлескен, қатар тексеру) барысында пайдаланылатын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарының және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) әдіснамалық құжаттарының тізбесі көрсетіледі.

Тізбеге

20-қосымша

Сыртқы мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау

жүргізу қағидаларына

10-қосымша

Нысан

Аудиторлық іс-шара жүргізуге ТАПСЫРМА (Үстеме (бірлескен, қатар) тексеру жүргізуге тапсырма) (Тексеру тағайындау туралы акт)

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _____ бабына және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру

комиссиясының) Мемлекеттік аудит объектілерінің 20__ жылға арналған тізбесіне сәйкес _____

(аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізу тапсырылған Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) жұмыскер(лер)інің аты, әкесінің

аты (болған жағдайда), тегі және лауазымы көрсетіледі)

(мемлекеттік аудит объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы,

оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі, басшысының аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі көрсетіледі) мәселесі бойынша аудиторлық іс-шара (үстеме, бірлескен, қатар тексеру) жүргізу тапсырылады.

Аудиторлық іс-шараның мақсаты _____

Мемлекеттік аудиттің типі _____ *

Тексерудің түрі _____

Аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылатын кезең _____

Аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізудің мерзімдері: _____ аралығы.

Салық құпиясын құрайтын мәліметтерге рұқсаты бар лауазымды адамдар

*

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) мүшесі

(қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық іс-шараның (тексерудің) мерзімі ____ жылғы " __ " _____ бастап, ____ жылғы " __ " _____ дейін ұзартылды.*

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) Төрағасы

(қолы, аты-жөні, тегі)

* - салық құпиясын құрайтын мәліметтерге мемлекеттік аудит объектілерінің рұқсат беруін көздейтін тексерулерді жүргізу кезінде көрсетіледі.

Ескертпе: Аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізуге тапсырманы (бұдан әрі – Тапсырма) жасау.

Тапсырма мынадай деректерді:

нөмірі мен берілген күнін;

аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізу тапсырылған Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) жұмыскер(-лер)і мемлекеттік аудитор(-лар)дың және ассистент(-тер)дің тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) және лауазымын, аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар жұмыскерлерінің және (немесе) сарапшылардың тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда);

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараны ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты мүшесінің аты-жөні мен тегін, оның қолын не оның міндетін атқарушы адамның

деректерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) мөрі;

бастапқыда белгіленген аудиторлық іс-шара (тексеру) мерзімі асып кеткен жағдайда, күнін көрсете отырып, аудиторлық іс-шара (тексеру) мерзімінің ұзартылғаны туралы мәліметтерді қамтиды.

Тізбеге

21-қосымша

Сыртқы мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау

жүргізу қағидаларына

11-қосымша

НЫСАН

күні, айы, жылы

Мемлекеттік аудит

объектісінің басшысына

(министрліктің, агенттіктің

жауапты хатшысына)

(тегі, аты-жөні)

Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап

1. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) 21-бабына, 37-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының жұмыскерлерін жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының жұмыскерлерін мемлекеттік аудитті жүзеге асыру үшін сұратылып отырған барлық қажетті ақпаратпен _____ (басшысының немесе бас бухгалтерінің қолы қойылған қажетті құжаттар мен ақпараттың _____ тізбесі көрсетіледі) _____ дейін қамтамасыз етуге; (күні көрсетіледі)

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы жұмыскерлерінің ақпараттық және есептік жүйелерге кіруін қамтамасыз етуге;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріне, соның ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдары аудит объектісіне бару арқылы аудиторлық іс-шараның барысын қадағалауды жүзеге асырған кезде олардың іс-әрекеттеріне араласпауға және мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтірмеуге;

5) аудиторлық іс-шараның нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтарын Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына (Тексеру комиссиясына) қол қойылған Аудиторлық есеп мемлекеттік аудит объектісіне берілген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынуға міндетті.

2. Мемлекеттік аудит туралы заңның 21-бабы негізінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдарына олардың өз құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауда аудит жүргізуге жіберуден бас тарту, қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді беруден бас тарту, анық емес ақпарат беру түріндегі кедергі келтіру, аудитті жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚТК) 462-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы ӘҚТК-нің 803-бабына сәйкес хаттаманы жасай отырып әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтырады. Мемлекеттік аудит туралы заңның 37-бабының 2-тармағына сәйкес аудит объектісінің басшысы барлық бухгалтерлік және бастапқы құжаттардың толықтығы мен анықтығы, сондай-ақ аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында ұсынылған барлық ақпараттың толықтығы мен анықтығы үшін жауапты болады.

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) жұмыскері

лауазымы, тегі, аты-жөні, қолы

Ескертпе: Талаптың бірінші данасы Аудиторлық есептің бланкісінде ресімделеді.

Тізбеге

22-қосымша

Сыртқы мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау

жүргізу қағидаларына

12-қосымша

нысан

Мемлекеттік аудит объектісіне жіберуден бас тарту фактісі бойынша АКТ

_____ қаласы

20__ жылғы " __ " _____

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) 36-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (облыстың, қаланың тексеру комиссиясының) Мемлекеттік аудит объектілерінің _____ жылға арналған тізбесіне сәйкес _____ (тексерілетін органның, мекеменің, ұйымның атауы) _____ іс-шара (аудиторлық іс-шараның атауы) жүргізіледі.

Тексерілетін объектінің лауазымды адамы _____
_____ (лауазымы, аты-жөні және тегі) оларға Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманың (тексеруді тағайындау туралы актінің) көрсетілгеніне қарамастан, тексерілетін объектіге _____

_____ (тексерілетін органның, мекеменің, ұйымның атауы) _____ (Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) жұмыскерінің лауазымы, аты-жөні және тегі) жіберуден бас тартты. Бұл Мемлекеттік аудит туралы заңның 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын және 37-бабының 2-тармағын бұзу болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымды адамдардың жауапты болуына әкеп соғады. Осы Акт екі данада жасалды, оның бірі _____ (_____ (органның немесе ұйымның атауы) басшысы (лауазымды адамы) _____ тапсырылды. (лауазымы, аты-жөні, тегі)

Қолдары:

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (облыстың, қаланың тексеру комиссиясы) атынан _____ (лауазымы, аты-жөні, тегі, қолы)

Актінің бір данасын алдым _____ (лауазымы, аты-жөні және тегі, қолы, қол қоюдан бас тарқан кезде – алудан бас тартты деп көрсетіледі)

Тізбеге
23-қосымша
Сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
13-қосымша

нысан

(Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының логотипі көрсетіледі) _____ (Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының әдеп жөніндегі уәкілінің телефоны көрсетіледі)


(Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының, Тексеру комиссиясының) сенім телефоны, бұған Сіздер бюджет қаражатын пайдалану кезінде жол берілген қаржылық бұзушылықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) жұмыскерлері тарапынан жасалған заңсыз іс-әрекеттер және олардың Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің нормаларын сақтамауы фактілері туралы хабарлай аласыздар.

Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары логотиптерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының логотипі



2. Тексеру комиссияларының логотиптері



НЫСАН

Бақылау өлшемі (тексеріп қарау) АКТІСІ

_____ (жасалған орны)

_____ (жасалған күні)

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) мүшесінің 20__ жылғы _____ Тапсырмасына сәйкес жүргізілген _____ мемлекеттік аудит барысында

(аудиторлық іс-шараның, тексерудің атауы) _____ (мемлекеттік аудит объектісінің атауы) объектісінде Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) жұмыскер(лер)і (сарапшы, маман)

_____ (мемлекеттік аудитордың және аудитке тартылған сарапшылардың, мамандардың аты-жөндері, тектері, лауазымдары көрсетіледі)

_____ (мемлекеттік аудит объектісінің, тапсырыс берушінің, мердігердің және _____

_____ тағы басқаның өкілдерінің аты-жөндері, тектері, лауазымдары көрсетіледі) өкілдердің қатысуымен _____

_____ (объекті және бақылау өлшемі (тексеріп қарау) мәні көрсетіледі) анықтығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде

_____ (бақылау өлшемінің (тексеріп қараудың) нәтижелері көрсетіледі) анықталды.

Актіге қосымша _____ (тексеріп қарауға байланысты түсіндірме, фото және басқа да материалдар)

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) жұмыскер(лер)і (аудитке тартылған сарапшы, маман):

_____ (лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)

Мемлекеттік аудит объектісінің, тапсырыс берушінің, мердігердің және тағы басқаның өкілдері:

(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)

(лауазымы) (қолы, аты-жөні, тегі)

Актінің жасалған даналарының саны:

(адресат көрсетіледі)

Тізбеге
25-қосымша
Сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
15-қосымша

НЫСАН

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ
ПАЛАТАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ВЫСШАЯ
АУДИТОРСКАЯ ПАЛАТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

20__ жылы «__» _____

«__» _____ 20__ года

000000

_____ облысы
(қаласы) бойынша
тексеру комиссиясы



РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ
ПО _____ ОБЛАСТИ
(ГОРОДУ _____) «_____»
_____ 20__ года

20__ жылғы «_____» _____

000000

Тізбеге
26-қосымша
Сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
16-қосымша

Нысан

Аудиторлық есептің үлгілік нысаны

(жасалған орны)
20__ жылғы "_____" _____
№ _____

I. Кіріспе бөлік

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: _____

1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы: _____

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: _____

1.4. Мемлекетті аудиттің мәні: _____

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі: _____

(үстеме, бірлескен немесе қатар тексеру жүргізу кезінде толтырылады)

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: _____

1.7. _____ " _____ " № _____ мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: _____

аралығы

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: _____

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: _____

(жүргізілген кезде көрсетіледі)

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер: _____

II. Негізгі бөлік

2.1. Аудит бағдарламасын ашу:

2.1.1. Аудит бағдарламасындағы _____ мәселенің атауы: _____

Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде жүйелі кемшіліктерге, бюджет қаражатын және активтерді тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға, нәтижелерге қол жеткізбеуге байланысты, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің жіберіп алынған пайдасы мен экономикалық шығындарын бағалауды қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісі қызметіндегі өзге де проблемалық мәселелер бойынша бұзушылықтарға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау: _____

2.1.2. Сарапшылардың сараптамалық қорытындыларының қысқаша қорытындылары (ескертулер, бұзушылықтар): _____

(оларды тартқан жағдайда) 2.1.3. Үстеме тексерудің қысқаша нәтижелері: _____

(ол жүргізілген кезде)

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

*3.1.1. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің қойылған мақсаттарға, міндеттерге, функцияларға және өкілеттіктерге, мыналарға:

- мемлекеттік органдарға;

- квазимемлекеттік сектор субъектілеріне.

3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: _____

3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар (оның ішінде бұзушылықтар мен кемшіліктерді болдырмау мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қабылдайтын шаралар (институционалдық): _____

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) жұмыскер(-лер)і:

_____ (лауазымы, қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп _____ данада жасалды. (саны)

* Мемлекеттік аудит типіне байланысты Мемлекеттік аудит бағдарламасында тиісті мәселе болған жағдайда ашып жазылады

IV. Қосымшалар:

1) мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап;
2) саладағы ағымдағы жағдай (алдын ала зерделеу кезеңінде қамтылмаған қосымша фактілер анықталған жағдайда);

3) мемлекеттік аудиторлар қол қойған және Қағидаларға 16-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында анықталған жүйелік кемшіліктер кестесі (болған жағдайда);

4) мемлекеттік аудиторлар қол қойған және Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тізілімі (бұдан әрі-Тізілім);

5) аудиторлық дәлелдемелер:

- құжаттардың төлнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен расталған көшірмелері, кестелер, сондай-ақ қажет болған жағдайда бұзушылық фактілерін көрсететін анықтамалар, фотосуреттер;

- функционалдық және лауазымдық міндеттеріне сүйене отырып, жол берілген бұзушылықтарға қатысы бар адамдардың жазбаша түсініктемелері;

- бақылау өлшемдері (тексеріп қараулар) актілері (олар жасалған жағдайда);

- зерттеулердің (сынақтардың), сараптамалардың қорытындылары, хаттамалардың көшірмелері, аудиторлық іс-шараның нәтижелеріне байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда);

- талдау материалдары және мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі бұзушылықтар мен кемшіліктер фактісін растайтын материалдар;

- сарапшылардың сарапшылық қорытындылары (тартылған жағдайда);

- мемлекеттік қызметтерді алушылардың қанағаттануы тұрғысынан халық арасында сауалнама жүргізу нәтижелері (қажет болған жағдайда);

- ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (көшірмелері) (аудиторлық іс-шара барысында қаражат өтелген (қалпына келтірілген) жағдайда):

төлем тапсырмалары (төлеуге арналған шоттар, түбіртектер, чектер және (немесе) басқалары);

ведомостар, ордерлер, нарядтар;

өзара есеп айтырысу бойынша салыстыру актілері.

- аудит объектісінің осы Қағидаларға 17-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында ұсынылған ақпарат пен құжаттардың толықтығы мен анықтығы туралы ұсыну хаты.

Мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік сектор органдарының ресми ақпараттық жүйелерінен алынған құжаттарда штрих код немесе өзге де тану белгілері болған жағдайда олар куәландырылмайды. Аудиторлық есепке қоса берілетін құжаттардың көшірмелері белгіленген тәртіппен уәкілетті лауазымды адамдардың қолтаңбаларымен, мемлекеттік аудит объектісінің мөрімен немесе мөртабанымен (болған жағдайда) куәландырылады. Аудиторлық есепте қосымшаларының реттік нөмірі көрсетіле отырып, оларға сілтеме, әрбір қосымша бойынша бөлек парақтар саны көрсетіледі. Көлемді құжаттар (5 немесе одан көп беттен тұратын бір құжат) тігілген күйінде соңғы артқы парағына мөр мен қол қою арқылы куәландырылуы мүмкін.

Ескертпе.

Аудиторлық есептің жоғары бөлігінде оның жасалған орны (қаланың, басқа да елді мекеннің (ауыл, кент және тағы басқаларының) атауы), Аудиторлық есептің жасалған күні, Аудиторлық есеп данасының нөмірі көрсетіледі (№ 1 дана – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) үшін, № 2 дана – мемлекеттік аудит объектісі үшін жасалады).

Бірлескен тексеру кезінде № 1 дана – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) үшін, № 2 дана – бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік орган үшін, № 3 дана – мемлекеттік аудит объектісі үшін жасалады).

Аудиторлық есепте мынадай деректер көрсетіледі:

Аудиторлық есептің кіріспе бөлігінің 1-бөлімінде мыналар қысқаша сипатталады:

1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы - мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректері, банктік және салықтық деректемелері, БСН (ЖСН) көрсетіледі.

1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы – тиісті жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес аудиторлық іс-шараның толық атауы көрсетіледі.

1.3 Мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілетін мемлекеттік аудиттің мақсаты - Аудит бағдарламасының мәселелеріне сүйене отырып, осы объектіде жүргізілетін мемлекеттік аудиттің мақсаты көрсетіледі.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні – жүргізілетін мемлекеттік аудиттің, бюджеттік бағдарламалардың және (немесе) активтердің мәні көрсетіледі.

1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі – осы мемлекеттік аудит объектісінде жүргізілетін аудиттің тиісті типі және түрі көрсетіледі: үстеме, бірлескен немесе қатар.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы – мемлекеттік аудитті жүргізетін Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) жұмыскерінің, мемлекеттік органдардың мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлерінің және мемлекеттік аудитті жүргізуге тартылған сарапшылардың аты-жөні, тегі, лауазымы көрсетіледі.

1.7. Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма (Тексеру тағайындау туралы акт) – Тапсырманың күні және нөмірі, Тапсырмаға қол қойған лауазымды адамның аты-жөні, тегі, лауазымы көрсетіледі.

1.8 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең – мемлекеттік аудит объектісі қызметінің іс жүзінде тексерілген кезеңі көрсетіледі (қажет болған жағдайда бюджеттік бағдарламалар немесе мәселелерді көрсете отырып, ("қажет болған жағдайда басқа да кезеңдер" деген сөздерді көрсетпей) жылдары, айлары және Аудит жоспарына және бағдарламасына сәйкес келеді).

1.9 Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі – осы мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудитті жүргізудің басталған және аяқталған күні көрсетіледі (Аудит бағдарламасына сәйкес келеді).

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары – мемлекеттік аудит объектісінің келісімімен мемлекеттік аудит жүзеге асырылған мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының аты-жөні, тегі, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде жұмыс істеген және құжаттарға қол қою құқығы болған лауазымды адамдарының аты-жөні, тегі көрсетіледі.

1.11. Үстеме тексеруге ұшыраған объектілердің тізбесі – үстеме тексеруге ұшыраған мемлекеттік аудит объектісінің (лерінің) толық атауы көрсетіледі

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер – басқа мемлекеттік қаржылық бақылау органдары мен құқық қорғау органдарының бұрын қамтыған тексеру мәні Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) жүргізген мемлекеттік аудиттің мәселелерімен сәйкес келетін мәселелер бойынша қысқаша мәліметтер, мемлекеттік аудит объектісінің анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылдаған шаралары көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) бақылауда тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтар бойынша шаралар көрсетіледі. Егер мұндайлар болмаса олардың болмауын көрсету қажет.

Аудиторлық есептің негізгі бөлігінің 2-бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

2.1. Аудит бағдарламасын ашып көрсету – жүргізілген мемлекеттік аудиттің мақсатына қол жеткізілгенін растауға жеткілікті нәтижелер сипатталады.

Одан әрі Аудит бағдарламасының мәселелеріне жауаптар тіркеледі, бұл ретте Аудит бағдарламасының әрбір мәселесінің атауы көрсетіледі. Аудит мәселелеріне жауаптар толық, нақты, объективті және кесімді жазылады. Бағдарламаның мәселесін ашып көрсету Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен байланысын бағалай отырып, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге арналған бюджет қаражатының, мемлекет активтерінің негізділігін және пайдаланылуын талдауды ескере отырып, жүзеге асырылады. Жүйелі кемшіліктерге, бюджет қаражатын және активтерді тиімсіз жоспарлау мен пайдалануға, нәтижелерге қол жеткізбеуге, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі өзге де проблемалық мәселелерге байланысты бұзушылықтарға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау топтастырылған біртектес бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ аталған талдауды жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық мәселелер ескеріле отырып жүргізіледі. Мемлекеттік аудит объектісінің жіберіп алынған пайдасы мен экономикалық шығындарын бағалау бюджетке қаражат толық түспеген, бюджет атқарылмаған, бюджет қаражаты мен активтерді тиімсіз пайдаланған, бюджет қаражаты мен активтер жоғалған, мемлекеттік меншік жоғалған, бюджет қаражаты мен активтердің артық шығыстары, бюджет кірістерінің тікелей және ықтимал (бағалау) шығындары, бюджет және өзге де заңнаманың сақталмауы, өндірістің төмен рентабельділігі және өндірілген өнімнің, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жоғары өзіндік құны, шығыстардың нәтижелі болмауы кезінде жүргізіледі.

Аудиторлық есепте жүргізілген үстеме тексерудің (тек бұзушылықтардың тармақтарын үстеме тексерудің аудиторлық есебіне сәйкес нөмірлей отырып, олар негізгі объектінің бұзушылықтар тізіліміне қосылмайды), бақылау өлшемінің (тексеріп қарау) қысқаша нәтижелері көрсетіледі, сондай-ақ бұзушылық фактілері, соның ішінде мемлекеттік аудит объектісі болып табылмайтын басқа да мемлекеттік органдардың бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражатын пайдалану кезінде жасаған себептері мен салдарын көрсете отырып, кемшіліктер мен жүйелі проблемалар жазылады.

Мемлекеттік аудиттің мәселелері бойынша бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталса, әрбір факт жалғаспалы тәртіппен нөмірленеді және бұзушылықтың, кемшіліктің және жүйелі проблеманың сипаты мен түрін сипаттай отырып, жеке тармақпен (1-тармақ, 2-тармақ және т.б.) тіркеледі. Бұзушылықтар бойынша ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтарына және тармақшаларына сілтеме көрсетіледі және тиісті бұзушылыққа дәлел болатын құжаттар көрсетіледі. Бұзушылыққа, кемшілікке және жүйелі проблемаға әкеп соққан себеп-салдарлық байланыстар талданады.

Аудит бағдарламасының мәселесі бойынша бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталмаса, қысқаша ақпарат келтіріледі және мынадай жазба

жасалады "Бағдарламаның (атауы) мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.". Аудиторлық есепке тексеру жүргізілген құжаттардың деректемелері көрсетіле отырып, олардың тізбесі қоса беріледі.

Аудит бағдарламасының мәселелерін қарау шеңберінде мемлекеттік аудиторлар қажет болған кезде аудит объектісінің жіберіп алған пайдаларына және шығындарына бағалау жүргізеді, сарапшылар тартқан жағдайда, олардың қорытындыларының қысқаша нәтижелерін сипаттайды.

Аудиторлық есептің Қорытынды бөлігінің 3-бөлімінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

3.1. Аудит объектісінде жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша жалпы тұжырымдарда объект қызметінің, мемлекеттік аудиттің көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру тиімділігіне баға беріледі. Мемлекеттік аудиттің көрсеткіштерін (өлшемшарттарын) сипаттау кезінде аудит объектісіне баға беруге сәйкес олардың толық атаулары көрсетіледі. Аудиторлық есепте аудит объектісінің ағымдағы жағдайына, сондай-ақ оның қызметінің мемлекеттік басқару саласының және (немесе) экономика саласының дамуына тигізетін әсеріне талдау жасалады және баға беріледі.

3.2. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) жұмыскерлері мемлекеттік аудит жүргізгенде мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының кедергі келтіруі фактілері туралы мәліметтер көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) жұмыскері әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы хаттама жасаған жағдайда, оның нөмірі және күні көрсетіледі (хаттама мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары мемлекеттік аудит объектісіне жіберуден бас тартқан кезде, мемлекеттік аудит жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе анық емес, объективті емес және (немесе) толық емес ақпаратты, материалдарды және өзге де мәліметтерді ұсынған кезде толтырылады).

3.3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған құқық бұзушылықтарды жою бойынша мемлекеттік аудит объектісі қабылдаған шаралар туралы мәліметтер көрсетіледі ((оның ішінде бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол бермеу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қабылдайтын шаралар (институционалдық) (салықтарды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды қосымша есептеу, негізсіз пайдаланылған қаражатты бюджетке өтеу, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік бойынша қаражатты қалпына келтіру, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша өнім берушілердің шарттық міндеттемелерін орындауы, мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарына қатысты қабылданған тәртіптік жазалау шаралары және басқалар). Шаралар қабылданбаған жағдайда олардың болмауын көрсету қажет.

Аудиторлық есепке қосымшаларда Қағидалардың 185-тармағында көзделген аудиторлық дәлелдемелер тіркеледі.

4. Мемлекеттік аудитті жүргізген Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) жұмыскерлерінің қолдары.

Аудиторлық есептің соңғы бетінде адресатты және бланк нөмірін көрсете отырып, Аудиторлық есептің екі данада (Аудиторлық есептің № 1 данасы – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына (Тексеру комиссиясына), Аудиторлық есеп бланкісінің № __; № 2 дана – мемлекеттік аудит объектісіне, бланк № __) жасалғаны туралы жазба жасалады.

Мемлекеттік аудитті жүргізген мемлекеттік аудиторлар екінші парағынан бастап, Аудиторлық есептің барлық беттеріне қол қояды.

Мемлекеттік аудит объектісінде бірыңғай топ бірлескен тексеру жүргізген кезде Аудиторлық есеп Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясының) бланкісінде үш данада ресімделеді, оның бірінші данасы – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына (Тексеру комиссиясына), екінші данасы – бірлескен тексеруге қатысушы мемлекеттік органға, үшінші данасы – мемлекеттік аудит объектісіне беріледі.

Тізбеге

27-қосымша

Сыртқы мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау

жүргізу қағидаларына

16-1-қосымша

нысан

Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелік кемшіліктер КЕСТЕСІ (Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелік кемшіліктердің ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ)

№ р/с	Жыл	Мемлекеттік аудит объектісінің атауы	Жүйелік кемшіліктердің сипаттамасы (оның ішінде жүйелік кемшіліктердің болуының теріс салдары)	Ұсынылып отырған тапсырманың редакциясы
1	2	3	4	5

Мемлекеттік аудит жүргізген Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясы) жұмыскерлері _____ (қолы, аты-жөні, тегі)

* Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мен қатысушылары аудиторлық іс-шара барысында анықталған Жүйелік кемшіліктердің жиынтық кестесіне қол қояды.

Ескертпе: аудиторлық іс-шара барысында анықталған Жүйелік кемшіліктер кестесін құру.

1-баған – реттік нөмірі көрсетіледі;

2-баған – жүйелік кемшіліктердің анықталған жылы көрсетіледі;

3-баған – мемлекеттік аудит объектісінің атауы;

4-баған – аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелік кемшіліктердің болуының теріс салдары көрсетіледі.

5-баған - ұсынылып отырған тапсырманың редакциясы.

Тізбеге
28-қосымша
Сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
17-қосымша

НЫСАН

Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың ТІЗІЛІМІ (мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың ЖИЫНТЫҚ ТІЗІЛІМІ

1) қаражат бюджетке түскен кезде (мың теңге)

№ р/с	Жыл	Мем. аудит объектісінің атауы	Мем. аудит объектісінің БСН-і	Б Б С бойынша бюджетке түсетін түсімдер коды	Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомасы		
					барлығы	оның ішінде	
						түсуге жататыны	мем. аудит барысында түскені
1	2	3	4	5	6	7	8
1.							
Жиыны (с.і. мем. аудитке қатысқан адамдар бөлінісінде):							
1	Т.А.Ә.						
2	Т.А.Ә.						
Жиыны							

кестенің жалғасы

Бюджеттің тікелей (жанама) шығындары (болған жағдайда)	Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау	Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда)	Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар (ӘҚТК-тің баптарына сілтемесімен)
9	10	11	12
	Бұзушылық ретінде		
		

2) бюджет қаражаты мен активтерді пайдалану кезінде (мың теңге)

				Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі *	Қаржылық бұзушылықтар	
					Барлығы	с.і. мем. аудит барысында қалпына келтірілгені (өтелгені)

№ р/с	Жыл	Мем. аудит объект ісінің атауы	Мем.аудит объект ісінің БСН-і	ББ/КББ коды	Барлығы	оның ішінде			оның ішінде		оның ішінде мем. аудит барысында	
						Бюджет қаражаты	активтер		қалпына келтіруге жататыны	өтелгені	қалпына келтірілгені	өтелгені
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1.												
		Жиыны (с.і. мем. аудитке қатысқан адамдар бөлінісінде):										
1		Т.А.Ә.										
2		Т.А.Ә.										
Жиыны												

кестенің жалғасы

Тиімсіз жоспарлау	Тиімсіз пайдалану	Ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайда	Бұзушылық фактісін сипаттай отырып, НҚА-ның бұзылған ережелері	Бұзушылықтар сыныптаушының тармағы (болған жағдайда)	Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар (ӘҚТК-тің баптарына сілтемесімен)
14	15	16	17	18	19
			Бұзушылық ретінде.....		

* бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің қамтылу көлемін көздемейтін аудиторлық іс-шараларды қоспағанда.

3) қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезінде белгіленген қаржылық есептіліктің бұрмалануы (мың теңге) **

№ р/с	Жыл	Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды	Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы	Мем. аудит объектiсiнiң атауы	Мем.аудит объектiсiнiң БСН-і	Қаржылық бұзушылықтар болып табылатын қаржылық есептіліктің белгіленген бұрмалануы		
						Барлығы	Оның ішінде қалпына келтіруге жататыны	қалпына келтірілді
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1								
Жиыны (с.і. мем. аудитке қатысқан адамдар бөлінісінде):								
1	Т.А.Ә.							

Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау ***	Бұзушылықтар сыныптаушының тармағы (болған жағдайда)***	Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар (ӘҚТК-тің баптарына сілтемемен)***
11	12	13

***Аудиторлық қорытындыға қоса берілетін Анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізілімінде 11, 12, 13-бағандар толтырылмайды.

Жоғары аудиторлық палатаның (Тексеру комиссиясының) мемлекеттік аудитті жүргізген жұмыскерлері

_____ (қолы, аты-жөні, тегі)

**** Мемлекеттік аудитті жүргізген аудит тобының жетекшісі мен қатысушылары Аудиторлық қорытындыға қоса берілетін Анықталған бұзушылықтардың жиынтық тізіліміне қол қояды.

Ескертпе: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар тізілімін (Жиынтық тізілімін) толтыру.

Анықталған бұзушылықтар тізілімі әрбір мемлекеттік аудит объектісінде толтырылып, Аудиторлық есепке қоса беріледі.

Анықталған бұзушылықтар Жиынтық тізілімі мемлекеттік аудит объектілерінің қарсылықтары қаралғаннан кейін сапа бақылауының қорытындысы ескеріле отырып, Аудиторлық қорытындыға қоса беріледі.

Анықталған бұзушылықтар тізілімі (Жиынтық тізілімі) Есеп комитеті Төрағасының 2022 жылғы 25 қарашадағы № 158-н/қ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптаушына (бұдан әрі – Сыныптауыш) сәйкес жасалады.

1-бөлім. Қаражат бюджетке түскен кезде (мың теңге):

"Р/с №" деген 1-бағанда – мемлекеттік аудит объектілерінің реттік нөмірлері (1, 2, 3 және т.б.) көрсетіледі;

"Жыл" деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің атауы" деген 3-бағанда – мемлекеттік кірістер органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ салықтық емес төлемдер бойынша уәкілетті органдар көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің БСН-і" деген 4-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

"ББС бойынша бюджетке түсетін түсімдер коды" деген 5-бағанда – Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына (бұдан әрі – ББС) сәйкес бюджет түсімдерінің коды көрсетіледі;

"Бюджетке түсетін түсімдер бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы" деген 6-бағанда – түсімдер бойынша анықталған қаржылық

бұзушылықтардың жалпы сомасы, соның ішінде "оның ішінде түсуге жататыны" деген 7-бағанда – бюджетке түсуге жататын бұзушылық сомасы, "оның ішінде мем.аудит барысында түскені" деген 8-бағанда – мемлекеттік аудит барысында түскен бұзушылық сомасы көрсетіледі;

"Бюджеттің тікелей (жанама) шығындары" деген 9-бағанда – салықтық және кедендік әкімшілендірудің белгіленген тәртібін сақтаған жағдайда есепке жатқызылуы мүмкін бюджетке толық түспеген түсімдердің сомалары көрсетіледі;

"Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау" деген 10-бағанда – бұзушылықтар фактісін қысқаша нысанда сипаттай отырып, НҚА-ның бұзылған ережелері көрсетіледі.

"Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда)" деген 11-бағанда Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталған бұзушылықтар сыныптауыштың тармағы көрсетіледі;

"Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар (ӘҚТК-тің баптарына сілтемемен)" деген 12-бағанда әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар ӘҚТК-тің баптарына сілтемемен көрсетіледі: "... бұзыла отырып,";

"Жиыны" деген жолда – мемлекеттік аудит объектілерінің бөлінісінде тізілім (жиынтық тізілім) деректері көрсетіледі (1-жол+...).

2-бөлім. Бюджет қаражаты мен активтерді пайдалану кезінде (мың теңге):

"№ р/с" деген 1-бағанда – мемлекеттік аудит объектілерінің реттік нөмірлері (1, 2, 3 және тағы басқалар) көрсетіледі;

"Жыл" деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, мемлекеттік аудитпен қамту кезеңі көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің атауы" деген 3-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің Аудит бағдарламасында көзделген толық атауы көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің БСН-і" деген 4-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

"ББ/КББ коды" деген 5-бағанда – ББС-ға сәйкес бюджеттік кіші бағдарламалар мен бағдарламалардың коды мен атауы көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі*" деген 6-бағанда – мемлекеттік аудитпен қамтылатын қаражат көлемі, бұл ретте мемлекеттік аудитпен қамтылған есепті кезеңде енгізілген түзетулер мен нақтылауларды ескере отырып, бюджеттік бағдарламалар бойынша, соның ішінде "оның ішінде бюджет қаражаты" деген 7-бағанда – бюджет қаражатының қамту сомасы, "оның ішінде активтер" деген 8-бағанда – мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің қамту сомасы көрсетіледі;

"Қаржылық бұзушылықтар" деген 9-бағанда – анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы көрсетіледі, соның ішінде "оның ішінде қалпына келтіруге жататыны" деген 10-бағанда – мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша

қалпына келтіруге жататын сома, "оның ішінде өтеуге жататыны" деген 11-бағанда – мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша өтеуге жататын сома, "оның ішінде мем. аудит барысында қалпына келтірілгені" деген 12-бағанда – мем. аудит барысында қаржылық бұзушылықтардың қалпына келтірілген сомасы, "оның ішінде мем. аудит барысында өтелгені" деген 13-бағанда – мемлекеттік аудит барысында қаржылық бұзушылықтардың өтелген сомасы.

"Тиімсіз жоспарлау" деген 14-бағанда – тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтерінің) анықталған сомасы көрсетіледі.

"Тиімсіз пайдалану" деген 15-бағанда – тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының, мемлекет және квазимемлекеттік сектор активтерінің анықталған сомасы көрсетіледі.

"Ықтимал шығындар және жіберіп алған пайда" деген 16-бағанда – анықталған ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайданың жалпы сомасы көрсетіледі.

"Рәсімдік бұзушылықтар**" деген 17-бағанда – мемлекеттік аудит барысында анықталған рәсімдердің бұзылуы көрсетіледі (сәйкестік аудиті кезінде толтырылады (ірілендірілген), бұзушылықтардың бір үлгідегі фактілерін бөлшектеуге тыйым салынады).

"Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау" деген 18-бағанда бұзушылық фактісін қысқаша нысанда сипаттай отырып, нормативтік құқықтық актілердің бұзылған ережелері көрсетіледі: "... бұзыла отырып,".

"Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда)" деген 19-бағанда – Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталған бұзушылықтар сыныптауышының тармағы көрсетіледі.

"Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар (ӘҚТК-тің баптарына сілтемемен)" деген 20-бағанда – әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар (ӘҚТК-тің баптарына сілтемемен) көрсетіледі;

"Жиыны" деген жолда – мемлекеттік аудит объектілерінің бөлінісінде тізілім (жиынтық тізілім) деректері көрсетіледі (1-жол+...).

3-бөлім. Қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезінде анықталған қаржылық есептіліктің бұрмалануы (мың тг) ***

"№р/с" деген 1-бағанда – мемлекеттік аудит объектілерінің реттік нөмірлері (1, 2, 3 және т.б.) көрсетіледі;

"Жыл" деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды" деген 3-бағанда – ББС-ға сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды көрсетіледі;

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы" деген 4-бағанда – бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің атауы" деген 5-бағанда – Аудит бағдарламасында көзделген мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің БСН-і" деген 6-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

"Қаржылық бұзушылықтар болып табылатын қаржылық есептіліктің анықталған бұрмалануы" деген 7-бағанда – қаржылық бұзушылықтар болып табылатын қаржылық есептіліктің анықталған бұрмалануларының сомасы көрсетіледі, соның ішінде "оның ішінде қалпына келтіруге жатады" деген 8-бағанда – мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша қалпына келтіруге жататын сома, "оның ішінде қалпына келтірілді" деген 9-бағанда – мемлекеттік аудит барысында қалпына келтірілген сома көрсетіледі.

"Рәсімдік бұзушылықтар болып табылатын қаржылық есептіліктің анықталған бұрмаланулары" деген 10-бағанда – рәсімдік бұзушылықтар болып табылатын қаржылық есептіліктің анықталған бұрмалануларының сомасы көрсетіледі, соның ішінде "оның ішінде қалпына келтіруге жатады" деген 11-бағанда – мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша қалпына келтіруге жататын сома, "оның ішінде қалпына келтірілді" деген 12-бағанда – мемлекеттік аудит барысында қалпына келтірілген сома көрсетіледі.

"Қаржылық есептіліктің анықталған бұрмалануларының жалпы сомасы, барлығы (7-бағ.+10-бағ.)" деген 13-бағанда – қаржылық және рәсімдік бұзушылықтар болып табылатын қаржылық есептіліктің анықталған бұрмалануларының жалпы сомасы көрсетіледі, соның ішінде "оның ішінде қалпына келтіруге жататыны (8-бағ.+11-бағ.)" деген 14-бағанда – мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша қалпына келтіруге жататын сома, "оның ішінде қалпына келтірілді (9-бағ.+12-бағ.)" деген 15-бағанда – мемлекеттік аудит барысында бұзушылықтардың қалпына келтірілген сомасы көрсетіледі.

"Бұзушылық фактісінің сипаттамасы, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме, Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы" деген 16-бағанда – нормативтік құқықтық актілердің бұзылған ережелері бұзушылық фактісін қысқаша нысанда сипаттай отырып және Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталған бұзушылықтар сыныптауышының тармағына сілтемемен көрсетіледі: "... бұзыла отырып,".

"Жиыны" деген жолда – мемлекеттік аудит объектілерінің бөлінісінде тізілім (жиынтық тізілім) деректері көрсетіледі (1-жол+...).

4-бөлім. Мемлекеттік аудит объектісінің қызметіндегі, соның ішінде оның міндеттері мен функцияларын іске асырумен байланысты заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары

"№р/с" деген 1-бағанда – мемлекеттік аудит объектілерінің реттік нөмірлері (1, 2, 3 және т.б.) көрсетіледі;

"Жыл" деген 2-бағанда – есепті кезеңдер көрсетіле отырып, мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің атауы" деген 3-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің Аудит бағдарламасында көзделген толық атауы көрсетіледі;

"Мемлекеттік аудит объектісінің БСН-і" деген 4-бағанда – мемлекеттік аудит объектісінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда) көрсетіледі;

"Рәсімдік бұзушылықтар" деген 5-бағанда – жүргізіліп отырған мемлекеттік аудит барысында анықталған рәсімдер бұзушылықтарының саны көрсетіледі;

"Бюджет заңнамасын бұзушылықтар" деген 6-бағанда – бюджет заңнамасының рәсімдік бұзушылықтары көрсетіледі;

"Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнаманы бұзушылықтар" деген 7-бағанда – бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары көрсетіледі;

"Құрылыс және қала құрылысы саласындағы заңнаманы бұзушылықтар" деген 8-бағанда – құрылыс және қала құрылысы саласындағы заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары көрсетіледі;

"Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзушылықтар" деген 9-бағанда – мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары көрсетіледі;

"Өзге де салалық заңнаманы бұзушылықтар" деген 10-бағанда – өзге де салалық заңнаманың рәсімдік бұзушылықтары көрсетіледі;

"Бұзушылық фактісін сипаттау, НҚА-ның бұзылған ережелеріне сілтеме жасау" деген 11-бағанда құқықтық бұзылған нормаларының тармағына сілтемемен бұзушылық фактісі қысқаша нысанда сипатталады;

"Бұзушылықтар сыныптауышының тармағы (болған жағдайда)" деген 12-бағанда – Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталған бұзушылықтар сыныптауышының тармағы көрсетіледі.

"Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар (ӘҚТК-тің баптарына сілтемемен)" деген 13-бағанда – әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар анықталған бұзушылықтар ӘҚТК-тің баптарына сілтемемен көрсетіледі;

"Жиыны" деген жолда – мемлекеттік аудит объектілерінің бөлінісінде тізілім (жиынтық тізілім) деректері көрсетіледі (1-жол+...).

Тізбеге

29-қосымша

Сыртқы мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау

жүргізу қағидаларына

17-1-қосымша

нысан

Ұсыным-хат (аудит объектісінің ресми бланкісінде жасалады)

Бұл ұсыным-хат Сіз жүргізіп отырған аудитке байланысты жіберіледі

(аудиторлық іс-шараның атауы көрсетіледі)

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңның 37-бабына сәйкес мен басшы ретінде (аудит объектісінің атауы) өз жауапкершілігімді мойындаймын және барлық бухгалтерлік және бастапқы құжаттардың толықтығы мен анықтығын, сондай-ақ аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында ұсынылған барлық ақпараттың толықтығы мен анықтығын растаймын. Бұдан басқа, осымен "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңның 37-бабының 2-тармағында көзделген барлық міндеттемелердің орындалғанын растаймын.

Қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді беруден бас тартқаны, анық емес ақпарат бергені, аудитті жүзеге асыруға өзге де кедергі келтіргені үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылық туралы ескертілді.

Мемлекеттік аудит объектісінің жетекшісі

Тізбеге
30-қосымша
Сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
18-қосымша

нысан

Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептің үлгілік нысаны

(жасалған орны)

1. Аудиторлық іс-шараның атауы

2. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлардың сертификаттарының нөмірлерін көрсете отырып):

3. "_____" _____ №____ Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма

4. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: _____ - _____ аралығы

5. Аудит объектісі (-лері)

6. Аудиттің мәні

Аудит тобы мынадай нысандарды:

- 20__ жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланс;
 - 20__ жылғы қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп;
 - 20__ жылғы ақша қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс),
 - 20__ жылғы таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп;
- қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны қамтитын, қоса беріліп отырған қаржылық есептілікке (шоғырландырылған қаржылық есептілікке) аудит жүргізді.

7. Қаржылық есептілік үшін аудит объектісінің жауапкершілігі

Аудит объектісінің басшылығы (бірінші және екінші қол қою құқығына сәйкес қаржылық есептілікке қол қойған тұлғалардың аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі және лауазымының атауы көрсетіледі) қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасына сәйкес дайындау мен ұсыну және жосықсыз әрекеттерден немесе қателіктен туындаған елеулі бұрмалауларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажеттілер ретінде айқындалған ішкі бақылау құралдары үшін жауапты болады.

8. Мемлекеттік аудитордың жауапкершілігі

Біз өзіміз жүргізген аудит негізінде қаржылық есептіліктің анықтығы туралы білдірген пікіріміз үшін жауап береміз. Біз аудитті Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнамасына сәйкес жүргіздік, бұл қаржылық есептілік аудитін жүргізу бойынша рәсімдік стандарттың талаптарын орындауды білдіреді. Осы стандарт аудитті қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың қамтылмағандығына орынды сенімді болатындай етіп жүргізуді талап етеді.

Аудит қаржылық есептіліктегі сандық көрсеткіштерді және ондағы ақпараттың ашып көрсетілуін растайтын аудиторлық дәлелдемелер алуға бағытталған аудиторлық рәсімдер жүргізуді қамтыды. Аудиторлық рәсімдерді таңдау жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жол берілген елеулі бұрмалаулар тәуекелін бағалауға негізделген біздің пайымдамамыздың мәні болып табылады. Осы тәуекелді бағалау барысында біз тиісті аудиторлық рәсімдерді таңдау мақсатында қаржылық есептілікті жасауды және оның анықтығын қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесін қарастырдық.

Сонымен қатар, аудит қолданылатын есеп саясатының тиісінше сипатын және аудит субъектісінің басшылығы алған бағалау көрсеткіштерінің негізділігін, сондай-ақ жалпы қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалауды қамтыды.

Біз аудит барысында алынған аудиторлық дәлелдемелер жеткілікті және тиісінше болып табылады деп санаймыз, бұл қаржылық есептіліктің анықтығы туралы пікір білдіруге негіз болады.

9. Пікір (оң, ескертпесі бар) білдіруге немесе пікір білдіруден бас тартуға негіз.

10. Пікір

(Оң пікір кезінде)

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік (шоғырландырылған қаржылық есептілік) 20__ жылғы _____ жағдай бойынша қаржылық жағдайды, 20__ жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес бүкіл елеулі аспектілерде анық көрсетеді.

(Ескертпесі бар пікір кезінде)

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілікке ескертпесі бар пікір білдіруге негіздемені қамтитын тармақта жазылған мән-жайлардың әсерін қоспағанда, қаржылық есептілік 20__ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайды, 20__ жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес бүкіл елеулі аспектілерде анық көрсетеді.

(Пікір білдіруден бас тартқан кезде)

Пікір білдіруден бас тартуға негіздемені қамтитын тармақта жазылған мән-жайлардың маңыздылығы салдарынан бізде пікір білдіруге негіздемені қамтамасыз ететін жеткілікті тиісінше аудиторлық дәлелдемелер алу мүмкіндігі болмады, және сәйкесінше, біз қаржылық есептіліктің анықтығы туралы пікір білдірмейміз.

11. Түсіндірме параграф

Қаржылық есептіліктің анықтығы туралы пікірді өзгертпей, біз қаржылық есептілікке түсіндірмеде жазылған мынадай ақпаратқа назар аударамыз: _____

12. Назар аударуды талап ететін өзге де мәселелер

Қаржылық есептіліктің анықтығы туралы пікірді өзгертпей, біз мынадай ақпаратқа назар аударамыз: _____

— Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясының) жұмыскер(лер)і:

— (лауазымы, қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп _____ данада жасалды

(саны)

Ескертпе.

Аудиторлық есептің жоғарғы бөлігінде оның жасалған жері (қаланың, басқа елді мекеннің (ауыл, кент және т.б.) атауы), Аудиторлық есептің жасалған күні, Аудиторлық есеп данасының нөмірі (№1 дана Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) үшін, № 2 дана – мемлекеттік аудит объектісі үшін жасалады.

Аудиторлық есепте мынадай деректер көрсетіледі:

1. Аудиторлық іс-шараның атауы – тиісті жылға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес аудиторлық іс-шараның толық атауы көрсетіледі.

2. Мемлекеттік аудит тобының құрамы – мемлекеттік аудитті жүргізген Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) жұмыскерінің, мемлекеттік аудит жүргізуге тартылған мемлекеттік органдар мамандарының, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдар жұмыскерлерінің және сарапшылардың тегі, аты-жөні, лауазымы көрсетіледі.

3. Мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырма (Тексеру тағайындау туралы акт) – тапсырманың күні мен нөмірі, тапсырмаға қол қойған лауазымды адамның тегі, аты-жөні, лауазымы көрсетіледі.

4. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі – осы мемлекеттік аудит объектісінде мемлекеттік аудит жүргізудің басталған және аяқталған күні көрсетіледі (Аудит бағдарламасына сәйкес келеді).

5. Аудит объектісі – мемлекеттік аудит объектісінің толық атауы, мемлекеттік тіркеу туралы деректер.

6. Аудиттің мәні – жүргізілетін мемлекеттік аудиттің мәні көрсетіледі. Қаржылық есептілік аудитін жүргізу кезінде нысан ретінде есепті күнгі жағдай бойынша қаржылық есептілік нысандары әрекет етеді.

7. Аудит объектісі басшылығының қаржылық есептілікті дайындаудағы жауапкершілігі – рәсімдік стандартқа сәйкес қаржылық есептілікті дайындауға жауапты және функционалдық және лауазымдық міндеттеріне қарай қол қою құқығы берілген адамдарды аударып отырып, қаржылық есептілікті жасау үшін аудит объектісінің жауапкершілігі көрсетіледі.

8. Мемлекеттік аудитордың жауапкершілігі – осы тармақта қаржылық есептілік бойынша айтылған пікір үшін мемлекеттік аудитордың жауапкершілігі көрсетіледі. Тармақтың мазмұны стандартты болып табылады және түзетуге жатпайды.

9. Пікір білдіру (оң, ескертпемен) немесе пікір білдіруден бас тарту үшін негіз – осы тармақ бойынша мынадай ақпарат көрсетілуге тиіс:

- оң пікір болған жағдайда, аудит барысында қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтар анықталмағанын көрсету;

- пікірін ескертпемен білдірген жағдайда, қаржылық есептіліктің белгіленген бұрмалануларын дәйекті түрде (қаржылық есептілік нысандары мен баптар тәртібімен) көрсету. Бұрмалаудың әрбір фактісі толассыз тәртіппен нөмірленеді және бұрмалаудың сипаты мен түрін сипаттай отырып, жеке тармақпен белгіленеді. Бұрмалаулар бойынша ережелері бұзылған нормативтік құқықтық актілердің баптарына, тармақтары мен тармақшаларына сілтемелер көрсетіледі және дәлелдеме ретінде қызмет ететін құжаттар көрсетіледі;

- пікір білдіруден бас тартқан жағдайда, мемлекеттік аудитор қаржылық есептілік бойынша пікір білдіруден бас тартатын себептер бойынша нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, негіздеме;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын бағалау нәтижелері.

10. Пікір – белгіленген бұрмалаулардың көлемі мен сипатына байланысты ұсынылған үш стандартты пікір нысандарының біріне сәйкес қаржылық есептіліктің сенімділігі туралы пікір білдіріледі.

11. Түсіндірме параграф – 300. Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу жөніндегі қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына сәйкес, егер мемлекеттік аудитор өзінің кәсіби пайымы бойынша пайдаланушылардың қаржылық есептілікті түсінуі үшін іргелі болып табылатындай маңызды болып табылатын қаржылық есептілікте ұсынылған немесе ашылған мәселеге пайдаланушылардың назарын аударуды қажет деп тапса, онда мемлекеттік аудитор аудиторлық есепке (қорытындыға) түсіндірме параграфты енгізуге тиіс, егер ол өзінің кәсіби пайымы бойынша қаржылық есептілікті, бұл мәселе қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықты қамтымайтыны туралы жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлел алды. Мұндай мәселе болмаған жағдайда, бұл тармақ аудиторлық есепке енгізілмейді.

12. Назар аударуды талап ететін өзге де мәселелер – 300. Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық есептілік аудитін жүргізу жөніндегі қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына сәйкес, егер мемлекеттік аудитор қаржылық есептілікте ұсынылғаннан немесе ашылғаннан басқа қандай да бір мәселе туралы хабарлау қажет деп есептесе, ол аудитті пайдаланушылардың, мемлекеттік аудитордың міндеттерін немесе аудиторлық есепті (қорытындыны) түсінуі үшін маңызды болып табылады, онда мемлекеттік аудитор мұндай мәселені аудиторлық есепте (қорытындыда) ұсынуға тиіс. Мұндай мәселе болмаған жағдайда, бұл тармақ аудиторлық есепке енгізілмейді.

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты және т.б. – және тағы басқа

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі

Тізбеге

31-қосымша

Сыртқы мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау

жүргізу қағидаларына

19-қосымша

нысан

Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасы
(Тексеру комиссиясының)

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫНЫҢ ҮЛГІЛІК НЫСАНЫ

I. Кіріспе бөлік

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: _____

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: _____

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: _____

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: _____

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау _____

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері _____

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): _____
(болған жағдайда)

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар _____

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар _____

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар _____

3.4. Қосымша: (__ парақ) _____

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) мүшесі

Аты-жөні, тегі Аудит жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы

Аты-жөні, тегі Сапа бақылауына жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы

Аты-жөні, тегі

Құқықтық сүйемелдеуге жауапты құрылымдық
бөлімшенің басшысы _____

Аты-жөні, тегі Аудит тобының жетекшісі _____

Аты-жөні, тегі Аудиторлық іс-шараны өткізген мемлекеттік аудиторлар _____

Аты-жөні, тегі

Ескертпе: Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша Аудиторлық қорытынды (бұдан әрі – Аудиторлық қорытынды) жасау.

I. Аудиторлық қорытындының кіріспе бөлігінде мынадай деректер көрсетіледі:

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы.

Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде көрсетілген аудиторлық іс-шараның атауы көрсетіледі.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты.

Бекітілген Аудит жоспарына сәйкес мемлекеттік аудиттің мақсаты көрсетіледі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері.

Мемлекеттік аудит объектілерінің атауы, соның ішінде үстеме тексеру объектілері көрсетіледі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең көрсетіледі.

II. Аудиторлық қорытындының негізгі (талдамалық) бөлігі мыналарды қамтиды:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.

Аудиттің мәні немесе негізгі аудит объектісі қызметінің мәні болып табылатын саланы жиынтық талдау қысқаша нысанда ұсынылады.

Қаржылық есептілік аудитінің іс-шаралары бойынша қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштеріне жинақталған талдау ұсынылады. Республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері бойынша мемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есептің жай-күйіне қысқаша талдау да ұсынылады.

2.2. Аудиторлық іс-шаралардың негізгі нәтижелері.

Аудит нәтижелері, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілері актілерінің анықталған бұзушылықтарының жалпы сомасы қысқаша нысанда ұсынылады:

- 1) қаржылық бұзушылықтар;
- 2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану;
- 3) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау;
- 4) Рәсімдік бұзушылықтар (олардың саны көрсетіледі).

Қаржылық есептілік аудитінің іс-шаралары бойынша қаржылық есептіліктің белгіленген бұрмалануларының жалпы сомасы көрсетіледі.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау.

Мемлекеттік аудиттің негізгі объектісі қызметінің салаға, өңірге немесе тұтастай елге әсер етуін бағалаудың қысқаша нәтижесі ұсынылады.

Қаржылық есептілік аудитінің іс-шаралары бойынша аталған бөлім толтырылмайды

III. Аудиторлық қорытындының қорытынды бөлігі мынадай бөлімдерді қамтиды:

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.

Бұл бөлімде есептелген (толық есептелген) қаржылық есептіліктің жөнделген қателіктерінің сомасы, салықтар, айыппұлдар, өсімпұлдар туралы, бюджетке түсімдер енгізудің қамтамасыз етілгені және негізсіз пайдаланылған қаражаттың өтелгені, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің шарттық міндеттемелерін орындағаны, мемлекеттік аудит объектісінің бұзушылықтарға жол берген лауазымды адамдарына қолданылған тәртіптік жазалау шаралары туралы, мемлекеттік аудитті жүзеге асыру процесінде және мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша отырыс өткізілгенге дейін мемлекеттік аудит объектісінің бұзушылықтарды жоюына қатысты басқа да ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік аудит материалдарын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға беру туралы мәліметтер мен оларды қараудың нәтижелері (болған жағдайда) көрсетіледі.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар.

Жүргізілген мемлекеттік аудит мәселелері бойынша мемлекеттік аудит объектілері қызметінің нәтижелерін жалпы бағалау және белгіленген бұзушылықтардың сомасы көрсетіледі. Мемлекеттік аудит бағыттарының ерекшеліктерін есепке ала отырып, мемлекеттік аудит типі мен объектісіне, тексеру түріне қарай бюджеттің атқарылуын, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының іске асырылуын, ұлттық жобалардың және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін бағалау, республикалық бюджеттен түсетін түсімдердің сомасын қайтара отырып, республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджет қаражаты мен активтерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекет кепілгерліктерін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың (бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің) қызметін бағалау, акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерін басқару

көрсетіледі. Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептері, сондай-ақ олар әкеп соқтыруы мүмкін салдар.

Қаржылық есептілік аудитінің іс-шаралары бойынша қаржылық есептіліктің түзетілмеген бұрмалануларының жалпы сомасы, сондай-ақ қаржылық есептілік бойынша айтылған пікір көрсетіледі.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар.

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесінің тұжырымдармен негізделген және анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептерін жоюға бағытталған ұсынымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) отырысында аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарау туралы оның пікірі көрсетіледі.

Бөлімде:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, уәкілетті мемлекеттік органдарға, жергілікті атқарушы органдарға, басқа да консультативтік-кеңесші органдарға нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдар;

2) нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша қызметті ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) ұсынымдары;

3) мемлекеттік аудит объектісі басшылығының бюджет және өзге де заңнама талаптарының бұрын жол берген бұзушылықтарының салдарын барынша азайтуға бағытталған, аудиторлық іс-шара барысында және отырыс өткізілгенге дейін жасаған іс-әрекеттерін назарға алу туралы ұсыныстар көрсетіледі.

3.4. Қосымшалар.

Аудиторлық қорытындыға мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, анықталған жүйелік кемшілітер бойынша жиынтық кесте (болған жағдайда) міндетті түрде қоса беріледі.

Жекелеген бұзушылықтарды неғұрлым толығырақ ашу үшін негізгі (талдамалық) бөлік қосымшалармен (кестелер, есептеулер, таратып жазулар) толықтырылады. Қосымшалар Аудиторлық қорытындының негізгі мәтінімен бірге біртұтас бүтінді құрайды.

Тізбеге

32-қосымша

Сыртқы мемлекеттік аудит

және қаржылық бақылау

жүргізу қағидаларына

20-қосымша

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының) НҰСҚАМАСЫ

№ _____

_____ (органның орналасқан жері)

20__ жылғы " __ " _____

Нұсқаманың тақырыбы _____

Айқындаушы бөлік _____

Тапсырмалық тармақтар _____

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) мүшесі

_____ (қолы, аты-жөні, тегі)

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) нұсқамасын (бұдан әрі – Нұсқама) жасау.

Нұсқамада анықталған бұзушылықтардың, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың жойылғаны, сондай-ақ осы бұзушылықтарға жол берген адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылық шараларын қабылдау және Нұсқаманың орындалғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасына (Тексеру комиссиясына) белгіленген мерзімде ұсыну туралы талап көрсетіледі.

Нұсқама мемлекеттік аудит объектісіне (басқа да мүдделі адамдарға):

1) негізсіз пайдаланылған бюджет қаражатын қалпына келтіру не оларды есеп бойынша қалпына келтіру, атаулылық және нысаналы сипат қағидатын бұза отырып пайдаланылған бюджет қаражатын, соның ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару, заңсыз іс-әрекеттер нәтижесінде мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру туралы;

2) бұзушылық фактілері анықталған жағдайда, өнім берушілердің тауарларды жеткізуін (жұмыстарды орындауын және қызметтерді көрсетуін), басқа да шарттық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету туралы, сондай-ақ басқа да шараларды қабылдау туралы;

3) Нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органына онда белгіленген мерзімде ұсыну туралы талаптарды қамтиды.

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Нұсқама жобасын Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) отырысында талқылау үшін Аудиторлық қорытындының жобасымен бірге енгізеді.

Нұсқамаға Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) мүшесі қол қояды және мемлекеттік аудит объектісінің, ұйымдар мен лауазымды адамдардың мекенжайына оған (оларға) қатысты бөлігінде жіберіледі. Әрбір адресатқа жеке-жеке нұсқама жіберіледі.

Нұсқама Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) бланкісінде ресімделеді.

Тізбеге
33-қосымша
Сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
21-қосымша

нысан

**Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы)
пешімдерінің орындалуына тексеру жүргізуге ТАПСЫРМА**

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ___ бабына және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (облыстың, қаланың тексеру комиссиясының) Мемлекеттік аудит объектілерінің 20__ жылға арналған тізбесіне сәйкес

(тексеру жүргізу тапсырылған Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) жұмыскер(-лер)інің аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі және лауазымы көрсетіледі)

(мемлекеттік аудит объектісінің ұйымдық-құқықтық нысаны, толық атауы,

оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі, басшысының аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі көрсетіледі).

№__ Нұсқама тармағында (тармақтарында) көзделген ұсынымның(-дардың) орындалу толықтығы мен анықтығына тексеру жүргізу тапсырылады.

Тексеру жүргізу мерзімдері: _____ - _____ аралығы

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) мүшесі

(қолы, аты-жөні, тегі)

Тізбеге
34-қосымша
Сыртқы мемлекеттік аудит
және қаржылық бақылау
жүргізу қағидаларына
22-қосымша

НЫСАН

**Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы)
шешімдерінің орындалуын тексеру АКТІСІ**

(жасалған орны)
20__жылғы "___"_____
№_____

1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: _____
2. Оларға қатысты орындалуына тексеру жүргізілетін ұсынымдар, шешімдер шығарылған аудиторлық қорытынды, нұсқама

3. Мемлекеттік аудит тобының құрамы: _____
4. Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы (Тексеру комиссиясы) шешімдерінің орындалуына тексеру жүргізуге "___" №_____ тапсырма
5. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы ұсынымдарының атауы

6. Ұсынымдардың орындалуын тексеру нәтижелері _____

Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының (Тексеру комиссиясының) жұмыскер(-лер)і:

(лауазымы, қолы, аты-жөні, тегі)

Тізбеге
35-қосымша

Ескерту. 35-қосымшаның күші жойылды - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 23.08.2023 № 16-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Тізбеге
36-қосымша

Ескерту. 36-қосымшаның күші жойылды - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 23.08.2023 № 16-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Тізбеге
37-қосымша

Ескерту. 37-қосымшаның күші жойылды - ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 23.08.2023 № 16-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК